

Сулейман Демирел атындағы университет

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті

«БЕКІТЕМІН»
СДУ Бірінші проректор –
оқу істері жөніндегі проректоры,
ф.-м.ғ.д., профессор
Әмірғалиева С.Н. _____
« ____ » _____ 2014 ж.

**«Қазақстан Республикасының Экологиялық құқығы»
пәнінің оқу-әдістемелік кешені
«5В030100- құқықтану»**

«ҚР экологиялық құқығы» пәнінің оқу-әдістемелік кешені «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі. Білім беру-кәсіптік бағдарламалары. Негізгі ережелер» атты 5.03.007-2006 ҚР МЖМББС негізінде құрастырылған.

Құрастырған(дар) аға оқытушы, құқық магистрі Адилханова А.Б.

Құқықтану кафедрасы мәжілісінде қарастырылды

«__» _____ 20__ ж., № __ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____

(қолы, аты-жөні)

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті кеңесі мақұлдады

«__» _____ 20__ ж., № __ хаттама

Факультет кеңесі төрағасы (төрайымы) _____

Құқық негіздері пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұны

1.	Пәннің типтік оқу бағдарламасы (егер пән міндетті компонентке кірсе)
2.	Пәннің жұмыс оқу бағдарламасы
3.	Силлабус
4.	Пәнді оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру картасы
5.	Дәрістік кешен
6.	Семинарлық (практикалық) сабақтар жоспары
7.	Студиялық және зертханалық жұмыстарды орындауды басшылық ету
8.	Білім алушының өздік жұмысына арналған материалдар: - СӨЖ тапсырмалары - СОӨЖ тапсырмалары
9.	Білім алушының оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар: - тест тапсырмалары - аралық, ағымдық және қортынды емтихан тапсырмалары
10.	Пәнді оқып білу жөнінде әдістемелік нұсқаулар (ұсыныстар)
11.	Оқытушылардың арнайы оқу-әдістемелік басылымдары.
12.	САПОӘК
13.	Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық сүйемелдеу (пән мазмұнына байланысты)
14.	Әдебиеттер тізімі және интернет ресурстар электронды адресі.

Сүлейман Демирел атындағы университет
Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Құқықтану кафедрасы

БЕКІТЕМІН
Құқық және әлеуметтік-
гуманитарлық ғылымдар
факультет деканының м.а.
аты-жөні _____
«_____» _____ 2014 ж.

«Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы»

ПӘНІ БОЙЫНША

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қаскелең, 2014

«ҚР экологиялық құқығы» пәнінің оқу-әдістемелік кешені «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесі. Білім беру-кәсіптік бағдарламалары. Негізгі ережелер» атты 5.03.007-2006 ҚР МЖМББС негізінде құрастырылған.

Құрастырған аға оқытушы, құқық магистрі Адилханова А.Б.

Құқықтану кафедрасы мәжілісінде қарастырылды

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Кафедра меңгерушісі _____

Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті кеңесі мақұлдады

«_____» _____ 2014 ж., № _____ хаттама

Факультет кеңесі төрағасы аты-жөні _____

КІРІСПЕ

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пәнді оқытудың мақсат: ҚР-да экологиялық құқықтық қалыптасуы, өркендеуі, даму перспективасы мен өркендеуі, экологиялық құқықтық негізгі қайнар-көздерімен танысу, экологиялық қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтың қайнар-көздерін оның нысаны, мазмұны және заңды күші бойынша мінездемелері мен субординацияларының әртүрлі түсініктерін айқындау саласында студенттердің жалпы білім алуы. Сонымен қатар, экологиялық құқықты оқыту кезінде қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды рационалды қолдануды қамтамасыз ететін мемлекеттік-құқықтық механизмге, экология, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғауға байланысты сұрақтар бойынша жаңа бағыттар, даму тенденциясы мен республикалық заңдардың жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударады.

Пәнді оқытудың міндеті: Экологиялық құқықты оқу кезінде студенттер өздеріне жаңа экологиялық құқықтық түсініктер мен терминдері туралы, табиғатты қорғаудағы құқықтық қатынастар туралы қажетті мәліметтерді алады. Аса маңызды тақырыптарды қамтитын бөлінген сағаттар мөлшеріндегі семинар сабақтары барысында студенттер тәжірибеде экологиялық құқықтық нормаларды қолдану туралы туындаған сұрақтарға лайықты жауап бере алуы керек.

Экологиялық құқық курсына билік және басқару органдарының, сот органдарының, табиғатты қорғау прокуратурасының табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің және т.б. тәжірибелерінен мәліметтерді келтіру арқылы табиғаттың барлық кешенді объектілерінің және әрбір табиғи ресурсының жеке дара құқықтық режимін айқындайды.

«Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы» ҚР экологиялық құқығы қазіргі кездегі ұлттық құқық жүйесінің өз алдына бөлек кешенді құқық саласын білдіреді. Экологиялық құқықтың пәні қоғам мен қоршаған ортаның арасындағы қоғамдық қатынастар. Аталған пәннің шеңберінде экологияның ғылым ретіндегі әдістемелік мәні, пәні, түсінігі, әдісі, қағидалары, жүйесі және экологиялық құқықтық қайнар-көздері, табиғи объектілерді пайдалану құқығы және меншік құқығын құқықтық реттеудің жалпы негіздерін, қоршаған ортаны қорғау саласында басқарудың мемлекеттік-құқықтық механизмін, табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық механизмінің құқықтық негізін, қоршаған ортаны қорғау заңдарын бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілігі жөніндегі сұрақтарды қамтиды.

Бұл бағдарлама жоғарғы оқу орындарының юриспруденция мамандығы бойынша оқитын студенттерге арналған және келесі міндеттерді орындауға бағытталған:

1. студенттерге Қазақстан Республикасының экологиялық құқығының барлық өзекті институттары туралы жүйелендірілген білімін қалыптастыру;
2. студенттерді экологиялық құқық ғылымымен дайындалған көзқарастармен, концепциялармен және теориялармен таныстыру, сонымен

қатар, семинар жүргізу барысында осы көзқарастарды, концепцияларды және теорияларды зерттеу мен бағалау дағдыларын студенттерге қалыптастыру.

3. студенттермен семинар сабақтарда есептерді шығарғанда және өзіндік жұмыстарды орындау кезінде экологиялық-құқықтық нормаларды тәжірибеде қолдана білуін жетілдіру.

2.Пән мазмұны

№	Пәннің тақырыптарының аталуы, қысқаша мазмұны	апта	Аудиториялық сабақтар		Тапсырма түрі (сипаттама)		Барлығы (с.)
			Дәрістер (с.)	Тәж./сем./лаб./студ (с.)	СОӨЖ	СӨЖ баяндама, реферат	
1	Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.	1	1	1	2		
2	Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері	2	1	1	2		
3	Табиғат объектілеріне меншік құқығы	3	1	1	2	5	
4	Табиғатты пайдалану құқығы	4	1	1	2	5	
5	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары	5	1	1	2	5	
6	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері	6	1	1	2	5	
7	Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік	7	1	1	2	5	
8	Ерекше бөлім Жердің құқықтық режимі	8	1	1	2		
9	Жер қойнауының құқықтық режимі	9	1	1	2		
10	Судың құқықтық режимі	10	1	1	2		
11	Ормандардың құқықтық режимі	11	1	1	2		
12	Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі	12	1	1	2		
13	Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау	13	1	1	2		
14	Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі	14	1	1	2		
15	Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	15	1	1	2		
Барлығы:			15	15	30	30	90

Мазмұны

тақырыптар	Сабақ мазмұны	Әдебиет Н (негізгі), Қ (қосымша)
Экологиялық құқықтың түсінігі	1.Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні. 2.Экологиялық құқықтың әдістері.	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан

мен пәні.	<p>3.Экологиялық құқықтың қағидалары.</p> <p>4.Экологиялық құқықтың жүйесі.</p> <p>5. Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен байланысы және арақатынасы.</p>	<p>Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері	<p>1. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі.</p> <p>2. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің топтастыру мәселелері.</p> <p>3. ҚР Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде.</p> <p>4. Заңдар және заңға негізделген актілер экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.</p> <p>5. Халықаралық экологиялық құқықтық актілер экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Табиғат объектілеріне меншік құқығы	<p>1. Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы</p> <p>2. Құқықтық қорғау объектілері мен мемлекеттік меншік құқығының арақатынасы</p> <p>3. Табиғи ресурстарға меншік құқығының мазмұны</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p>
Табиғатты пайдалану құқығы	<p>1. Табиғат пайдалану құқығының түсінігі. Табиғат пайдалану құқығының қағидалары және негізгі белгілері.</p> <p>2. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері.</p> <p>3. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану. Табиғат пайдалану құқығының мазмұны.</p> <p>4. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.</p>	<p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p>
Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылы қ-құқықтық нысандары	<p>1. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен нысандары.</p> <p>2. Экология саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі: жалпы құзыретті және арнайы құзыретті мемлекеттік органдар.</p> <p>3. Экологиялық сараптаманың түсінігі мен жүргізу тәртібі.</p> <p>4. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингі.</p> <p>5. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары.</p> <p>6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>

<p>Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі. 2. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері. 3. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру. 4. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру. 5. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу және басқа да экологиялық төлемдер мен салықтар. 6. Экологиялық сақтандырудың құқықтық жағдайы 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
<p>Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің түсінігі. 2. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрамы. 3. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік. 4. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік. 5. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік. 6. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік. 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
<p>Ерекше бөлім Жердің құқықтық режимі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жердің құқықтық қоғау мен қоршаған ортаның объектісі ретінде ұғымы 2. Жер қорғау қағидалары және жер қорғаудың мақсаттары мен міндеттерінің ұғымы 3. Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
<p>Жер қойнауының құқықтық режимі</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жер қойнауы туралы түсінік, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың міндеттері, қағидалары 2. Жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану 3. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар 4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.-</p>

		М., 2001
Судың құқықтық режимі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Суды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар 2. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері 3. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Ормандардың құқықтық режимі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Орманның экологиялық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде ұғымы 2. Орман қатынастарын, қағидаларын реттейтін заңдар 3. Орман құқығы қатынастарының объектілері 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау 2. Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері 3. Жануарлар дүниесін қорғау туралы экологиялық талаптар 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Атмосфералық ауа қоршаған ортаның негізгі құрамы және құқықтық қорғаудың объектісі болып табылады 2. Экологиялық нормалау және қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері 3. Атмосфералық ауаға зиянды әсер ететін шығарындылар көздерінің есебі 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ұғымы мен қағидалары 2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары мен түрлері 3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p>

	күзету мен қорғау 4. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері	ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001
Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	1. Халықаралық экологиялық құқықтың ұғымы және пәні 2. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары 3. Халықаралық экологиялық ұйымдар 4. БҰҰ жүйесінен тыс үкіметаралық өңірлік ұйымдар	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001

Оқытуға арналған әдебиеттер

А) Негізгі

1. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы, 2004.
2. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Оқу құралы. - Қарағанды, 2001.
3. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы, 2003.
4. Стамқұлов Ә.С. Қазақстан Республикасының экология құқығы. -1,2 бөлімі, Тараз - 2003.

Б) Қосымша

1. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении судами земельных споров. - Алматы, 1998.
2. Адильханов Ф.Х. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. Барнаул, 1991.
3. Андрейцев В.И. Правовое обеспечение экологической экспертизы. - Киев, 1990.
4. Байсалов С.Б. Водное право Казахской ССР (некоторые проблемы теории и практики). - Алма-Ата: Наука, 1966.
5. Байсалов С.Б. Комментарий к Лесному кодексу РК. - Вестник Министерства юстиции РК, 1995, №2.
6. Голиченков А.К. Экологический контроль: теория и практика правового обеспечения. - М., 1991.
7. Бринчук М.М. Правовая охрана окружающей среды от загрязнения токсичными веществами. - М., 1990.
8. Еренов А.Е., Мухитдинов Н.Б., Косанов Ж.Х., Хаджиев А.Х. Эффективность природоохранного законодательства. - Алма-Ата: Наука, 1988.
9. Израэль Ю.А. Экология и контроль состояния природной среды. - М., 1984.
10. Колбасов О.С. Возмещение гражданам экологического вреда.-Государство и право, 1994, №10.
11. Мұхитдинов Н.Б., Түкеев А.Ж. Право собственности на воды Республики Казахстан в период перехода к рынку. - Алматы, 1995.
12. Реймерс Н.Ф. Природопользование. Словарь-справочник. - М., 1990.
13. Стамқұлов А.С. Правовая охрана природы в Казахской ССР. -Алма-Ата, 1982.

ҰСЫНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

А) Негізгі

1. 1995ж. 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Жеке басылым. 1995.
2. ҚР-ның 1997 ж. 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы. - Жеке басылым.
3. «Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығы.
4. ҚР-ның "Экологиялық сараптама туралы" 1997 ж. 18 наурыздағы заңы. - Жеке басылым.
5. ҚР-ның "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 ж. 15 шілдедегі Заңы. Каз.правда, 06.08.1997 ж.
6. ҚР-ның 2003 ж. 20 маусымдағы Жер кодексі. - Жеке басылым.
7. ҚР 1996 ж. 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңы. - Жеке басылым.
8. ҚР Президентінің 1995ж. 28 маусымдағы «Мұнай туралы» Жарлығы. - Жеке басылым.
9. ҚР-ның 2003 ж. 8 шілдедегі Орман кодексі. - Жеке басылым.
10. ҚР-ның 2003 ж. 23 шілдедегі Су кодексі. - Жеке басылым.
11. ҚР-ның "Жануарлар дүниесін қорғау, қайта өсіру және пайдалану туралы" 2004 ж. 9 шілдедегі Заңы. - Жеке басылым.
12. ҚР-ның 2002 ж. 11 наурыздағы "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заңы. - Жеке басылым.

Б) Қосымша

1. Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан № 89-11
2. Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан № 94-11
3. "1990 жылғы 27-29 маусым, Лондон, Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына түзетуге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 қаңтар № 105
4. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қыркүйек № 989
5. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 тамыз № 944
6. Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 қыркүйек № 1449
7. Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 қараша № 1692
8. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы № 610 қаулысы

9. Интернет көздері

- 1 www.google.ru
- 2 www.google.kz

Сулейман Демирел атындағы университет
Құқық және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Құқықтану кафедрасы

«БЕКІТЕМІН»
Факультет деканы

«_____» _____ 2014ж.

СИЛЛАБУС

Пән: Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы

Кредит: 2

Семестр: 5

Оқытушының аты-жөні: аға оқытушы, Адилханова А.Б.

Оқытушы туралы мәлімет (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, офісі т.б.)	Өткізу уақыты және орны		Байланыс ақпараты	
	ҚҰҚЫҚ магистрі, аға оқытушы, Адилханова Айжан Бакытбековна,	Аудиториялық сабақ (лек., прак./семин.,лаб./студ.)	офис-сағаттары ОСӨЖ (ауд.)	тел. ұ.т.:8-707-260-00-53

1.1 Курс мақсаты – Жер құқығы Қазақстан Республикасының дербес құқық саласы ретінде жерді табиғи ресурс ретінде пайдалану мен қорғау, жерді ұтымды пайдалануды ұйымдастыру мақсатынан өндіріс құралы және шарты, сонымен бірге құнарлы топырақты жақсарту және ұтымды пайдалануды оқытады.

1.2 Курстың міндеті - студенттердің болашақ мамандығы үшін қажет білімді беруге бағытталған жаңа өзіндік міндеттері бар. Жер құқығы Қазақстан Республикасының конституциялық, әкімшілік, азаматтық, отбасы, қаржы, салық және аграрлық құқықтарымен тығыз байланысты. Студенттер аталған пәнді оқу барысында өзінің осы құқық саласы жөніндегі танымдарын кеңейте түседі.

1.3 Курсты оқу барысында студенттер мыналарды білу қажет:

1.4 Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Азаматтық құқық, Әкімшілік құқық.

1.5 Постреквизиттер: Орман және су құқығы, экологиялық құқық, аграрлық құқық.

2. Ұсынылатын әдебиеттер

2.1. Негізгі

5. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы, 2004.
6. Бекишева С.Д. Экологическое право Республики Казахстан. Оқу құралы. - Қарағанды, 2001.
7. Культелеев С.Т. Экологическое право Республики Казахстан. - Алматы, 2003.
8. Стамқұлов Ә.С. Қазақстан Республикасының экология құқығы. -1,2 бөлімі, Тараз - 2003.

2.2. Қосымша

14. Абдраимов Б.Ж. Актуальные вопросы правоприменения при разрешении судами земельных споров. - Алматы, 1998.
15. Адильханов Ф.Х. Юридическая ответственность за экологические правонарушения. Барнаул, 1991.
16. Андрейцев В.И. Правовое обеспечение экологической экспертизы. - Киев, 1990.
17. Байсалов С.Б. Водное право Казахской ССР (некоторые проблемы теории и практики). - Алма-Ата: Наука, 1966.
18. Байсалов С.Б. Комментарий к Лесному кодексу РК. - Вестник Министерства юстиции РК, 1995, №2.
19. Голиченков А.К. Экологический контроль: теория и практика правового обеспечения. - М., 1991.
20. Бринчук М.М. Правовая охрана окружающей среды от загрязнения токсичными веществами. - М., 1990.
21. Еренов А.Е., Мухитдинов Н.Б., Косанов Ж.Х., Хаджиев А.Х. Эффективность природоохранного законодательства. - Алма-Ата: Наука, 1988.
22. Израэль Ю.А. Экология и контроль состояния природной среды. - М., 1984.
23. Колбасов О.С. Возмещение гражданам экологического вреда.- Государство и право, 1994, №10.
24. Мұхитдинов Н.Б., Түкеев А.Ж. Право собственности на воды Республики Казахстан в период перехода к рынку. - Алматы, 1995.
25. Реймерс Н.Ф. Природопользование. Словарь-справочник. - М., 1990.
26. Стамқұлов А.С. Правовая охрана природы в Казахской ССР. - Алма-Ата, 1982.

2.3. ҰСЫНЫЛАТЫН НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ:

1995ж. 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы. Жеке басылым. 1995.

- 13.ҚР-ның 1997 ж. 15 шілдедегі "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Заңы. - Жеке басылым.
- 14.«Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасы туралы» ҚР Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығы.
- 15.ҚР-ның "Экологиялық сараптама туралы" 1997 ж. 18 наурыздағы заңы. - Жеке басылым.
- 16.ҚР-ның "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 ж. 15 шілдедегі Заңы. Каз.правда, 06.08.1997 ж.
- 17.ҚР-ның 2003 ж. 20 маусымдағы Жер кодексі. - Жеке басылым.
- 18.ҚР 1996 ж. 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңы. - Жеке басылым.
- 19.ҚР Президентінің 1995ж. 28 маусымдағы «Мұнай туралы» Жарлығы. - Жеке басылым.
- 20.ҚР-ның 2003 ж. 8 шілдедегі Орман кодексі. - Жеке басылым.
- 21.ҚР-ның 2003 ж. 23 шілдедегі Су кодексі. - Жеке басылым.
- 22.ҚР-ның "Жануарлар дүниесін қорғау, қайта өсіру және пайдалану туралы" 2004 ж. 9 шілдедегі Заңы. - Жеке басылым.
- 23.ҚР-ның 2002 ж. 11 наурыздағы "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" Заңы. - Жеке басылым.
- 10.Қазақстан Республикасының Ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануы туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан № 89-11
- 11.Қазақстан Республикасының Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан № 94-11
- 12."1990 жылғы 27-29 маусым, Лондон, Озон қабатын бүлдіретін заттар жөніндегі Монреаль хаттамасына түзетуге Қазақстан Республикасының қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 23 қаңтар № 105
- 13.Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 10 қыркүйек № 989
- 14.Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының мемлекетаралық гидрометеорологиялық жүйесі туралы келісімді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 23 тамыз № 944
- 15.Сандық геоақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасы табиғи объектілерінің бірыңғай мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру

туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 кыркүйек № 1449

16. Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарын 2030 жылға дейін дамытудың және орналастырудың тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 10 қараша № 1692

17. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 маусымдағы № 610 қаулысы

2.4. Интернет көздері

1 www.google.ru

2 www.google.kz

3 www.zakon.kz.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Апта	Аудиториялық сабақтар				Тапсырма түрі (сипаттама)	
	Тақырып аталуы	Дәріс	Прак/ Лабор*	Оқуға арналған тараулар	СӨЖ	СӨЖ баяндама, реферат
		сағат	сағат			
1	Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.	1	1		2	
2	Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері	1	1		2	
3	Табиғат объектілеріне меншік құқығы	1	1		2	5
4	Табиғатты пайдалану құқығы	1	1		2	5
5	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары	1	1		2	5
6	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері	1	1		2	5
7	Экологиялық заңдарды бұзғаны	1	1		2	5

	үшін құқықтық жауапкершілік					
7	Аралық емтихан					
8	Ерекше бөлім Жердің құқықтық режимі	1	1		2	
9	Жер қойнауының құқықтық режимі	1	1		2	
10	Судың құқықтық режимі	1	1		2	
11	Ормандардың құқықтық режимі	1	1		2	
12	Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі	1	1		2	
13	Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау	1	1		2	
14	Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі	1	1		2	
15	Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	1	1		2	
16	Қорытынды емтихан	15	15		30	30

Білім бағалау критерийлері

Жұмыс түрлері	Ұпайлар (пайыз)
Сабаққа қатысу және ағымдағы ауызша жауап	10+10
СӨӨЖ тапсырмаларын орындау	10
СӨЖ тапсырмаларын орындау	10
Аралық бақылау	10+10
Қорытынды емтихан	40
Барлығы	100

Келтірілген білім бағалау туралы ақпарат кестесі және жұмыс орындау мен тапсыру графигі тек қана мысал болып табылады. Әр оқытушы өз пәні ерекшелігіне байланысты дербес түрде жұмыс түрлерін және білім бағалау мәндерін анықтайды.

Жұмыс орындау және тапсыру графигінің формасы

Баға критерии:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Ұпайлар	%	Дәстүрлік жүйе бойынша бағалау
A	4.0	100	өте жақсы
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	

C+	2.33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2.0	65-69	
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Емтихандық бағаларды қою саясаты:

- ойлау жүйелілігі
- құқықтық нормаларды білу
- қарастырылған сұрақ бойынша ғылыми көзқарастарды білу
- қарастырылған сұрақ бойынша сот тәжірибесін білу
- талдай білу

Пән бойынша қорытынды баға пайызын төмендегідей тәсілмен анықтау:

Р 1 + Р 2

$$И \% = \frac{\text{-----}}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4$$

Р 1 – 1-ші рейтингтің баға мазмұнының пайызы

Р 2 – 2-ші рейтингтің баға мазмұнының пайызы

Э – емтихан бағасы мазмұнының пайызы

Жұмыс орындау және тапсыру графигі

№	Бақылау түрі	Апталар																Қорыт. балл	
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16-17		
1	Сабаққа қатысу және белсенділік	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*	*		10
3	СӨЖ: Үй тапсырмалары			*			*			*			*			*			10+10
4	Топтық жоба және презентация		*		*		*		*		*		*		*				10
5	Аралық емтихан								*							*			10+10
6	Қорытынды емтихан																*		40
	Барлығы																		100

Оқытушы талабы

- Студенттердің міндеті: сабақтарға қатысу, топтың СӨЖ тапсыруына белсене қатысу. СӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын мерзімінде тапсыру, қосымша әдебиеттермен жұмыс істеу.
- Сабақтың барлық түріне қатысу арнайы журналда есепке алынады. Себепті жағдайды және ауырған кезде ғана сабақтан босатылады. Кешіккен студенттер сабаққа жіберілмейді, сондықтан сабаққа кешікпеуге тиіс.
- Сабақ кезінде ұялы телефондарды көшіріп қою қажет.
- СӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын мерзімінен орындағаны үшін көтермелеу шаралары қолданылады.

Пән бойынша жалпы баға .

Курстың максималды балы =100% арнайы формуламен келесідей жолмен есептелінеді:

$$И\% = \frac{P1+P2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4,$$

P1 – 1 аралық бақылаудың нәтижесі;

P2 – 2 аралық бақылаудың нәтижесі

Э – емтихан бағасының пайыздық көрсеткіші (тест-емтихан).

«ҚР экологиялық құқығы»

пәнінің оқу-әдістемелік қамтамасыз ету картасы

Пәннің аталуы	Студент саны		Оқулықтар мен оқу құралдары	Саны		Практикумдар, дәріс конспектілері, лабораториялық, тәжірибелік сабақтарды және, СӨЖ-ын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар	Кітап саны	
	7сем	-		Кітап-ханада	Кафед-рада		Кітап-ханада	Кафед-рада
ҚР экологиялық құқығы			Культелеев С.Т., Практикум по экологическому праву РК, А., 2011	2		Адилханова А.Б., Дәріс конспектілері		1

Дайындаған:

Пән оқытушысы

Адилханова А.Б.

Кафедра меңгерушісі

Адилова К.А.

Қазақстан Республикасының Экологиялық құқық пәнінен дәріс тезісі.

Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.

Мемлекеттің экологиялық функциясы. Қоршаған табиғи орта құқық объектісі ретінде. Экологиялық құқықтың түсінігі. Экологиялық құқықтың әдістері. Экологиялық құқықтың жалпы және арнайы қағидалары. Экологиялық құқықтың жүйесі: жалпы және арнайы бөлімдері. Экология-құқықтық институттар. Қазақстан Республикасының қазіргі құқық жүйесіндегі экологиялық құқықтың орны. Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен ара қатынасы.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.
2. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.
3. С.Т.Күлтелеев, Е.Ш.Рахметов ҚР экологиялық құқығы. Алматы, 2008.

Мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың дағдарысы -қоғамның экологиялық қауіпсіздігі бойынша тиімді шаралар жүргізуді қамтамасыз етуге қабілетсіздік. Қоршаған ортаның тозуын тоқтату, жағдайды тұрақтандыру және қоршаған табиғи ортаны сауықтыру. Табиғи қоршаған ортаны қорғау бойынша арнайы органдардың тиімді жұмыстардың жеткіліксіздігі. Экологиялық дағдарыс қоршаған ортаны қорғау туралы заңдардың орындалуын құқық қорғау органдарының сенімді бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігінен пайда болады. Экологиялық дағдарыс өзінің әлеуметтік аспектілерінде жаппай экологиялық-құқықтық нигилизм жағдайында, яғни экологиялық-құқықтық талаптарға жаппай сыйламаушылық таныту және бұзу немесе орындамаудан пайда болады.

Экологиялық құқықтың пәні, әдісі, қағидалары, жүйесі

Экологиялық құқық объектісі дәстүрлі көзқарас тұрғысынан алып қарағанда қоғам мен табиғат саласында қалыптасқан өзара әрекеттерінің қоғамдық қатынастары болып табылады. В.В.Петровтың пайымдауынша - Экологиялық құқық объектісі қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттері саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады, олар табиғи объектілерді қорғау мен табиғи ортаны түгелдей қорғауға қатысты пайда болады және дамиды.

Экологиялық құқықта экологияландыру әдісі басты болып табылады.

Экологияландыру әдісі экологиялық құқық объектілерінің өзгешіліктерінен туындаған. Бұл өзгешіліктер экологиялық құқық қатынастарын құқықтық реттеу аясында табиғат заңдары ескерілуі қажет дегенге әкеледі. Экологиялық қоғамдық қатынастарға басқа да әдістердің әсерлерін, мысалы «экономикалық» және басқаларды көрсетуге болатынын естен шығармауымыз қажет.

Экологиялық құқықтың қағидалары.

Экологиялық құқықтар қағидалары (принциптері) яки тікелей құқықтық нормаларда қалыптасқан, яки қолданыстағы заңдардың мағынасынан шығады. Құқықтың осы саласын қалыптастыруда, жалпы құқықтық және салааралық қағидалар сөзсіз қатысады. Сонымен бірге, экологиялық құқық саласының ерекшеліктері осы салаға өзіндік сипаттағы немесе осы салаға тән құқықтық рет-теулер қағидалары арқылы барынша бедерлі айқындалады.

ҚР-ның Экологиялық кодексінің 5-бабында Қазақстан Респуб-ликасының экологиялық заңнамасының негізгі қағидалары болып табылатындар деп төмендегілер көрсетілген:

Қазақстан Республикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;

экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көз-қарас;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеу және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;

табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы басқару;

табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде неғұрлым экологиялық таза және ресурс үнемдеуші тех-нологияларды қолдану;
қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мемлекеттік органдар қыз-метінің өзара әрекеттестігі, үйлесімділігі мен жариялылығы;
табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды бол-дырмауға, азайтуға және жоюға, қалдықтарды кемітуге ынталандыру;
экологиялық ақпараттың қолжетімділігі;
табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының халықа-ралық құқық принциптерімен және нормаларымен үйлесуі;

Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызметтің^ экологиялық қауіптілігі презумпциясы және оны жүзеге асыру туралы шешімдер қабылдаған кезде қоршаған ортаға және ха-лықтың денсаулығына әсерін бағалау міндеттілігі болып табылады.

Экологиялық қағидалар - экологиялық қатынастарды ретейтін, осы құқық саласының мазмұнында анықталатын, экологиялық құқықта нысаны және әдісі жөнінен құқықтық реттеудің норма-ларын біріктірген құқықтық нормалардың жинақталған, біртұтас-тық беретін нормативтік-басқару идеяларының, ережелерінің құқықтық нормаларында көрініс табуымен түсіндіріледі.

Экологиялық-құқықтық нормалар реттелетін қатынастар шеңберіне қатысты институттарға біріктірілген (субинституттарға), олар өз кезегінде құқықтың оқылатын саласына біріктірілген.

Экологиялық институт дегеніміз ұқсас қоғамдық қатынастар-дың санаулы түрлерінің құқықтық нормаларының жиынтығы.

Маңыздылығына байланысты институттар экологиялық құқықта бөрінен бұрын, Жалпы және Ерекше бөлімдерде біріктірілген, Экологиялық құқықтың Жалпы бөлімінің институттарына осы саланың барлық жүйесіне барынша маңызды ережелер бар институттар енген. Осы құқықтық институттар Ерекше бөлімнің институттарының құрамы мен мазмұнын қалып-тастыруға шешуші ықпал жасайды.

ҚР Экологиялық құқықтарының оқыту курсына мынадай негізгі институттар енгізілген: Қоғам мен табиғаттың өзара әре-кеттері - қоршаған ортаны қорғаудың өзекті мәселесі; Экология-лық құқық түсінігі, объектісі, әдісі, қағидалары; Табиғи ресурс-тарға меншік құқығы; Табиғатты пайдалану құқығы; Экология-лық құқық көздері; Экологиялық пайдаланым мен қоршаған та-биғи ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен рет-теу; Экологиялық бақылаудың ұйымдастыру-құқықтық формалары; Қоршаған табиғи ортаға әсерді бағалау мен экологиялық сараптама; мемлекеттік экологиялық мониторинг және табиғи-ре-сурстық кадастрлар; Табиғатты пайдалану және қоршаған орта-ны қорғау саласындағы экономикалық реттеу; Шаруашылық және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талап-тар. Экологиялық заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік.

Ерекше бөлімде келесі институттар бар: Жердің, жер қойнауының, жер үсті және жер асты сулары, ормандарды қорғау және пайдалану саласындағы экологиялық-құқықтық режим; Атмосфе-ралық ауаны қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі; Жануарлар дүниесін молықтыру мен пайдаланудағы экологиялық-құқықтық режим; Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың эко-логиялық-құқықтық режимі; Атом энергиясы мен радиацияның қоршаған ортаға әсерін құқықтық реттеу; Қоршаған табиғи ортаны халықаралық-құқықтық қорғау.

Экологиялық құқық үш аспектіде зерттеледі - ғылым ретінде, құқықтың бір саласы және оқу пәні ретінде.

Экологиялық құқық толығымен қазақстандық құқық жүйесін құрайтын құқықтардың барлық саласымен өзара әрекеттеседі.

Бәрінен бұрын, экологиялық құқықтың рухани жүйеде басты рөлді атқаратын конституциялық құқықпен ерекше байланыста екендігін атап көрсеткен жөн.

ҚР Конституциясы қоршаған орта-ны қорғау туралы заңнаманың және экологиялық құқық ғылымының дамуының негізі болып табылады.

Экологиялық құқық *әкімшілік құқығымен тығыз байланыста*. Әкімшілік құқықтың институттары - басқару, бақылау, әкімшілік жауапкершілік - қоршаған табиғи ортаны қорғаудың экологиялық-құқықтық механизмінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Экологиялық құқықтық азаматтық құқықпен байланысы. Бұл мәселені қарастыру азаматтық құқықпен реттелетін мүліктік қатынастар мен экологиялық құқықпен реттелетін экологиялық қатынастардың арасындағы өзара байланыстың айқындалуына байланысты. Экологиялық және мүліктік қатынастар қатынастардың әртүрлі салаларына жатады және әдетте заңның әртүрлі салаларының нормативтік актілерімен реттеледі.

Азаматтық құқық экологиялық құқыққа қарағанда қорғайтын және өндіретін қызметтерді орындайды. Сондықтан экологиялық құқық қатынастары үшін келтірілген зиянды өтеу институттарының маңызы басты болып табылады. Экологиялық қатынастарды жетілдіруге қарай нарықтық экономиканың базасында, табиғатты ұтымды пайдалануда және қоршаған ортаны қорғаудың тиімді түрі ретінде енгізуді талап ететін азаматтық-құқықтық шарттың нормаларының маңызды болашағы бар. Әкімшілік, азаматтық қорғайтын қызметтермен бірге экологиялық құқыққа қатысты қорғау қызметін қылмыстық құқық орындайды. Оның нормалары экологиялық қылмыстарды қоршаған табиғи ортаға зиян келтіретін, қоғамға қауіпті әрекеттердің құрамын бекітеді.

Экологиялық құқық жер құқықтарымен тығыз байланысты, бұл табиғаттың біртұтастығымен, жердің қоршаған ортадағы маңызды құрауыштарының бірі екендігімен шарттасқан.

Кез келген табиғи нысандарды пайдалануда жерді пайдаланбау мүмкін емес екендігін атап көрсеткен жөн. Жер - бұл барлық табиғи нысандарды пайдалану үшін негіз болып табылады. Экологиялық құқық көптеген басқа құқық салаларымен тығыз байланыста.

Жоғары заң оқу орындарында экологиялық-құқықтық пәндерді оқыту тарихында негізгі сегіз кезеңге бөлуге болады. Бұл экологиялық қатынастар мен қоғамның түйсіну дәрежесінің біртіндеп өсуімен байланысты. Төрт кезең Кеңес дәуірімен байланысты. 1917 жылдар мен 1968 жылдарды қамтитын экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының бірінші кезеңінде қоғам мен табиғаттың өзара әрекеттерінің тұтынушылық нысаны билік етті, құқықтық нормалар жүйесі жер және басқа табиғи байлықтарды қоғамның шаруашылық мұқтаждықтарын қанағаттандыруға пайдалануға реттеуге бағытталды. Жерді және басқа табиғи байлықтарды ұлттандыруда, бұл табиғи ресурстарды пайдалануды реттеуді Жер құқықтары атқарды. Табиғатты пайдаланудың көлемінің кеңеюі табиғи ресурстардың жеке түрлерінің құқықтық реттелуінің оқшаулануын талап етті. Жер құқықтары пәнінің жер, тау, су, орман құқықтарына «ыдырау» процесі басталды. 60 жылдардың аяғында заңгер-ғалымдар «Жер құқықтары мен табиғатты құқықтық қорғау» оқу курсы енгізуге ұсыныс жасады. Шаруашылық қызметтердің табиғи ресурстарға кері әсерлерінің үдеуі 70 жылдардың басында оқу пәнін Жер құқықтары мен Табиғатты құқықтық қорғау деп аталатын екі дербес пәнге бөлінуіне ықпал етті. 1968- 1972 жылдарда экологиялық-құқықтық пәндердің дамуының екінші кезеңі аяқталды.

1972 жылдан бастап Жер құқықтарымен бірге Табиғатты құқықтық қорғау өз бетінше курсы оқылады.

Табиғатты қорғау мәселелерін адамды қоршаған ортаны қорғау жағына қарай ауысуы экологиялық-құқықтық пәндерді одан әрі жетілдіру қажеттілігін туғызды. 1984 жылы Мәскеу қаласында өткен 1-Бүкілодақтық жоғары оқу орындары арасындағы ғылыми-әдістемелік конференцияда «**Табиғи ресурстық құқық пен қоршаған ортаны құқықтық қорғау**» - деп аталатын жаңа пәнді енгізу туралы шешім қабылданды. Демек,

1972 жылы басталған экологиялық-құқық пәнінің дамуының үшінші кезеңі 1988 жылы аяқталды. Осы сәттен төртінші кезең басталды.

Дегенмен, әлемде экологиялық жағдайдың ушығуы нәтижесінде, қоршаған табиғи ортаны қорғау бұрынғыдан едәуір кең ауқымды адамды қоршаған табиғи ортаның экологиялық қауіпсіздігі мәселелерге өсті.

Қазақстан Экологиялық құқықты оқыту, сонымен қатар бұрынғы Одақтың басқа республикаларында тек 1990 жылдан бастап ден қойылды. Экологиялық құқықтың осы даму кезеңінде Қазақ КСР-інде Жер кодексі (1990), Қоршаған табиғи ортаны қорғау туралы Заң (1991) және басқа да актілер қабылданды. Сонымен, 1988 жылы басталған аталған пәннің даму кезеңі 1990 жылы аяқталды.

КСРО-ның (1991) ыдырауы және Қазақстан Республикасының құрылуы Экологиялық құқықтың Қазақстан Республикасының дербес құқықтары ретінде даму кезеңінің бесінші кезеңі басталды. Республикада (1993) ҚР Конституциясы, (1993) «Жер қойнауын және минералды шикізаттарды қайта өңдеу туралы» кодекстері, (1993) Су, (1993) Орман, (1993) жануарлар дүниесін пайдалану және қорғау туралы ҚР заңдары қабылданды.

1995 жылы ҚР жаңа Конституциясын қабылдау Экологиялық құқықтың даму кезеңінің бесінші кезеңінің аяқталып, алтыншы кезеңге аяқ басуы кезеңі болды. ҚР Конституциясын орындау үшін ҚР Қауіпсіздік кеңесімен 1996 жылы 21 наурызда ҚР Экологиялық қауіпсіздігі Концепциясы және бірқатар жаңа кодекстер мен маңызды заңдар қабылданды.

ҚР Экологиялық құқықтың даму кезеңінің жетінші кезеңі, өзінің басталу көрсеткішін 2003 жер кодексін, Орман кодексін, Су кодексін, 2004 жылы жануарлар дүниесін қорғау және молықтыру туралы ҚР Заңын, 2006 жылы «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңын, 2007 жылы ҚР Экологиялық кодексін және басқа да нормативтік актілерді, сондай-ақ ҚР Президенті мақұлдаған Экологиялық қауіпсіздік Концепциясы және 2007-2024 жылдарға Қазақстан Республикасының орнықты дамуға өту Концепциясымен аяқталады.

2007 жылы ҚР-ның Экологиялық кодексі және басқа да нормативтік актілер қабылданғаннан кейін экологиялық құқықтың сегізінші кезеңі басталды.

Экологиялық құқықтың көздері ұғымы туралы мәселе ғылымның құқық теориясы әзірлеген құқық көздері туралы жалпы ілімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

«Құқық көздері» терминін тиісті құқықтық нормалардың мазмұнын ашып айтатын әдіс немесе түрі ретінде қолданылады, басқаша айтқанда құқықты көрсету нысаны. Құқық теориясында, заң көздері немесе құқық нысандары қолданыстағы құқықтық нормаларды ресми көрсету және бекіту және тиісті өзгертулер мен күшін жоюы деп түсініледі.

С.С.Алексеевтің дұрыс есептеуінше «Құқық көздері - бұл мемлекеттен шығатын немесе олардың құқық нормаларын көрсету және бекітудің мойындаған, оларға заңдық және жалпы міндеттегі маңыз беретін ресми-құжаттық нысандары».

Экологиялық қатынастарды реттейтін көптеген нормалар -табиғи ресурстық, табиғатты қорғау қатынастарды реттейтін нор-мативтік актілерге, яғни табиғат объектілерін қорғау және пайда-лану бойынша реттейтін қатынастар. Бұл нормалардың жиынтығы Экологиялық заңнаманы құрайды. Сонымен қатар, экологиялық қатынастарды реттейтін нормалардың біразы құқықтың басқа салаларының заңнамаларында конституциялық, азаматтық, әкімшілік, қаржылық, қылмыстық және басқа заңнамалардың құрамында бар. Олардың жиынтығы табиғи ресурстық, табиғатты қорғау нормаларының көзі экологиялық құқықтың көзін құрайды.

Экологиялық құқықтың көздері - қоршаған ортаны қорғау саласындағы қатынастарды, яғни экологиялық қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер болып табылады.

Экологиялық құқықтардың көздерін анықтау біршама қиындықтар туғызады, өйткені әртүрлі деңгейдегі нормативтік актілердің орасан зор саны шығарылады. Осы

қиындықтарды жеңу үшін олардың топтастырылуы қызмет көрсетеді. Бұл топтастыру бірқатар негіздер бойынша жүргізіледі. *Заң күші бойынша* — заңдарға және заңға тәуелді актілерге.

Нормативтік құқықтық актілер негізгі және туынды актілер болып бөлінеді.

Нормативтік құқықтың негізгі түрлеріне жататындар:

1) Конституция, конституциялық заңдар, кодекстер, заңдар;
2) Қазақстан Республикасы Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлықтары; Қазақстан Республикасының Президентінің заң күші бар Жарлықтары; Қазақстан Республикасы Президентінің өзге де нормативтік құқықтық Жарлықтары. Мысалы: ҚР Президентінің «Қазақстан - 2030 жылға» даму стратегиясын жүзеге асыру бойынша Жарлығы, ҚР Президентінің 2003-2015 жыл-дарға индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы туралы Жарлығы.

3) Қазақстан Республикасы Парламентінің және оның палатасының нормативтік қаулылары;

4) Қазақстан Республикасының нормативтік қаулылары;

5) Конституциялық соттың және өзге де мемлекеттік Конституциялық Кеңестің, Қазақстан Республикасының нормативтік қаулыларымен.

6) Қазақстан Республикасының министрлері мен өзге орталық мемлекеттік басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтары. Бұл актілердің басты арнауы - жоғарыда тұрған органның осы нормалардағы жалпы ережелерді егжей-тегжейлі дұрыс және біртұтас түрде қолданысқа түсуіне ықпал етуі.

7) мемлекеттік комитеттердің, өзге орталық мемлекеттік органдардың нормативтік қаулылары;

8) мәслихаттар мен әкімдердің нормативтік құқықтық ше-шімдері, мысалы: Шығыс Қазақстан облысының әкімінің «Облыс ормандары мен елді мекендерді өрттен қорғау қорғанысын күшейту шаралары туралы» 2000 жылғы 6 сәуірдегі № 837 шешімі

Реттеу объектісі бойынша — жалпы және арнаулы болып бөлінеді. Жалпы нормативтік құқықтық актілердің реттеу объектісі кең ауқымда болғанымен сипатталады және ол экологиялық және сонымен қатар өзге де қоғамдық қатынастарды қамтиды. Мұндай актілерге, жекелей алғанда ҚР Конституциясы жатады.

Арнаулы актілер, толығымен қоршаған ортаға немесе оның элементтерінің мәселелеріне арналған актілер (ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Жер кодексі, ҚР Орман кодексі, «Жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы» ҚР Заңы және т.б.).

Заңнамалар саласы бойынша жер, су, орман, жер қойнауы туралы заңнама, әкімшілік, азаматтық, қылмыстық және заңнаманың басқа да салалары (бәрінен бұрын құқықтық көрсетілген салалары).

Құқықтық реттеу сипаты бойынша - материалдық және іс жүргізу (процессуалдық) реттеулерге бөлінеді.

Мазмұны бойынша - кешенді, табиғат қорғау, табиғат ре-сурстық, ортаны қорғауға бөлінеді.

Нормативтік-құқықтық актілері, әдетте техникалық заң сипатында болады және қандай да бір нормативтік актіні реттелетін қатынасқа дұрыс қолдануға мүмкіндік береді. Құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша белгілі бір қосалқы рөлді стандарттар атқарады, мысалы, «Табиғатты қорғау» МЕСТ 17.5.1701-7К. Бұл нормативтік-құқықтық актілер экологиялық құқық қатынастарының субъектілеріне қандай да бір міндеттерді белгілемейді және табиғаттың жеке нысандарына қатысты қандай да бір құқықты бермейді, дегенмен, бұу стандарттар заңның мазмұнын «шешімін» қамтамасыз етеді, сонымен қатар құқық қолдану тәжірибесінде ықтимал қателер жіберіп алудан сақтандырады. Қосымша нормативтік-құқықтық актілердің болмауы негізгі нормативтік-құқықтық актілерді қолдануды қиындата-ды, құқық қолдану тәжірибесінде үлкен қиындықтар туғызады.

Қосымша нормативтік-құқықтық актілер тобына Республиканың Конституциялық Кеңесі мен Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары жатады, бұл ҚР Конституциясының 4-бабында көзделген. Қосымша актілер экологиялық заңнамалар саласындағы кем-шіліктерді жояды.

Экономикалық құқық көздерінің ішінде халықаралық-құқықтық келісімдер, конвенциялар, шарттарда болатын құқық көздері маңызды орынды иеленеді, мысалы: 29.07.1994 жылы күшіне енген Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұраны қорғау жөніндегі Конвенция, 14.10.1994 жылы қабылданған Шөлейттенуге және құрғақшылыққа қарсы күрес жөніндегі Конвенция, Конвенция 07.07.1997 жылы бекітілді. Мұнаймен ластаудан келтірілген зиян үшін азаматтық жауапкершілік туралы 1968 жылғы (күшіне 05.06.1994жылы енді), БҰҰ климаттың өзгеруі туралы Рамалық Конвенциясы (1995 жылы бекітілді).

Табиғи объектілер мен табиғи ресурстарға меншік құқығы.

Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы.

Мемлекет – табиғат объектілеріне меншік құқығының субъектісі.

Қазақстан Республикасының Парламенті, жергілікті өкілді және атқарушы органдары мен олардың табиғат объектілеріне меншік құқығын іске асыру жөніндегі өкілеттігі.

Табиғат объектілеріне меншік құқығының мазмұны және қорғалуы.

Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы.

Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының объектілері мен субъектілері.

Табиғи ресурстарға жеке меншік құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР заңы. 2004 ж. 9 шілде. (толықтырулар мен өзгерістер 31.01.2006ж.)

2. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.

3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20.06.2003ж. (07.07.2006 ж. өзгерістер мен толықтыруламен)

4. ҚР Су кодексі. 2003 ж. 9 шілде.

5. ҚР Орман кодексі. 2003 ж. 8 шілде.

6. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.

7. С.Т.Күлтелеев, Е.Ш.Рахметов ҚР экологиялық құқығы. Алматы, 2008.

Т

абиғи ресурстарға меншік - бұл жер, су ресурстарына, өсімдік және жануарлар дүниесіне және басқа табиғи байлықтар жөніндегі қоғамдық қатынастар нысаны. Меншік ұғымының экономикалық және құқықтық екі аспектісі бар. *Біріншісі* меншіктің экономикалық мазмұнын өндірістік қатынастар арқылы ашады. *Екіншісі* осы мазмұндағы құқықтық нысанда айқындалады. Демек, меншік - экономикалық-құқықтық санат.

Меншіктің экономикалық қатынастарын өндіріс қатысушыларының өндіріс нысандарына (аспап, саймандарына, құралдарына, өндіріс азық-түліктеріне) қатынасы арқылы анықтайды. Экономикалық қатынастарды құқықтық нормаларда бекіту нәтижесінде құқық меншігі заңды категориясы ретінде пайда болады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы заң аспектісінде екі қасиеті бойынша: құқық институты және меншік иесінің заңды құқықтарының жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

Табиғи ресурстарға меншік құқығы, табиғи ресурстарға меншік қатынастарын реттейтін құқықтық институт ретінде құқықтық нормалардың жиынтығын ұсынады, міне осы, объективті мағынада меншік құқығын құрайды.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының негізі ҚР Конституциясымен белгіленген, онда былай көрсетілген: Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік тең түрде танылады және қорғалады. Жер және жер қойнауы, сулар, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады. Жер, сондай-ақ заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. (6-бап). Негізгі заңның Ережелері ҚР Азаматтық кодексінде дамыды, 188-бапқа сәйкес Меншік құқықтарында заң актілерімен танылған және қорғалатын өз қалауы бойынша өзінің иелігіндегі мүлігіне билік етуге және пайдалануға субъектінің құқықтары бар. 20.06. 2003 жылғы ҚР Жер кодексінде Қазақстан Республикасында Жер мемлекеттік меншікте екендігі нақтыланған. Жер телімдері осы Кодекстің (3-бабы) белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін. 8.07.2003 жылы бекітілген ҚР-ның Орман кодексінде былай деп көрсетілген: Қазақстан Республикасы аумағындағы барлық ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктерімен қамтылмаған, бірақ орман шаруашылығы

қажеттілігіне арналған орман қорының жерлері ҚР орман қорын құрайды. Орман қоры мемлекеттік және жеке орман қорынан тұрады (6-бап).

09.07.2003 жылы ҚР-ның Су кодекстерінде суларға: су нысандарында топталған, құрлық қыртысының үстіндегі және жер қойнауындағы барлық сулардың шегі бар жиынтығы, көлемі мен су режимі жатады. Жекелей алғанда оларға: теңіздер, өзендер, оларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа жер бетіндегі су нысандары, жерасты суларындағы жер қойнауының бөліктері (5-бап) жатады. Сонымен қатар, мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілетін Қазақстан Республикасының аумағының шегіндегі барлық сулардың жиынтығы, Қазақстан Республикасының Су қорын құрайды (4-бап). Қазақстан Республикасының Су қоры мемлекеттік меншік иелігінде.

Осылайша, ҚР Конституциясы мен ЖК табиғи ресурстарға және өзге мүлікке меншік нысаны мен жалпы мазмұнын белгілейді. Экологиялық заңнамада нақты табиғи ресурстарға меншік нысанының ерекше белгілері, сондай-ақ жерге, суға, жер қойнауына, орман және т.б. меншік иесінің заңды құқығын жүзеге асырудың тетіктерінің өзгешіліктері бекітіледі. Дәл осы, табиғи ресурстарға меншік қатынастарының экологиялық құқық институты болып табылатындығына негіз болып табылады.

Табиғи ресурстарға меншіктік құқық субъективті мағынада меншік иесінің жер мен оның қойнауын, суларды, өсімдік және жануарлар дүниесін және меншіктің басқа объектілерін пайдалануға және иелік етуге заңды құқықтарының жиынтығымен түсіндіріледі.

Сонымен бірге, бірде-бір мемлекетте табиғи ресурстар мен табиғат объектілеріне абсолютті құқықтың жоқ екендігін атап өткен жөн. Мемлекет, қоғам, меншік иесі мүддесінде (экологиялық, санитарлық, экономикалық және т.б.) меншік иесінің табиғи ресурстар мен табиғат нысандарын пайдалануға құқығы шектелуі мүмкін.

ҚР ЖК 2-тарауынан алынған, Азаматтардың, мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жеке меншіктің құқық объектісі, жер телімі болып табылады. 23-бапқа сәйкес, ҚР азаматтарының жеке меншігінде: шаруашылық (фермерлік) қожалықтар, жеке қосалқы шаруашылық ісін жүргізуге, орман өсіру, бау өсіру, жеке тұрғын және саяжай құрылысына, сонымен қатар тұрғын үйлер мен ғимараттар (құрылыстар мен жайларды) және олардың кешенін, ғимараттарға арнауына сәйкес қызмет көрсетуге (құрылыстар салынуға) арналған жерлерді қоса алғандағы жер телімдері болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғаларының жеке меншігінде: тауарлы ауылшаруашылық өндіріс, орман өсіруге, өндірістік және өндірістік емес құрылыс салынған немесе салуға, соның ішінде тұрғын үйлер мен ғимараттар (жайлар мен құрылыстар) және олардың кешендерін, ғимараттарға арнауына сәйкес қызмет көрсетуге (құрылыстар салынуға) арналған жерлерді қоса алғандағы жер телімдері болуы мүмкін. Осы мақсаттарда тауарлы ауылшаруашылық өндірісті жүргізуге, орман өсіруге арналған жерлерді қоспағанда шетел азаматтары, азаматтығы жоқ тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалардың жер телімдері жеке меншігінде болуы мүмкін.

Мемлекеттік меншік құқығы объектісі болып Қазақстан Республикасы су қорын құрайтын, су қорына енетін: Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы шегіндегі Каспий мен Арал

теңіздерінің сулары; өзендер, көлдер, су қоймалары, басқа каналдар мен магистралды арналар; жерасты сулары; мұздықтар жатады (ҚР СК 4-8-баптары).

Меншік құқығы жалпы табиғаттағы бар суларға ғана емес, ол тек жекешелендіруге болатын, яғни су объектілеріне ғана тарайды.

Көптеген уақыт заңнамада жер қойнауы деген түсінік белгіленбеді, бұл әртүрлі ілімге әкелетін және осыған орай мемлекеттің жер қойнауына құқықтарының аумағын өте кеңейтіп немесе тарылтатын. («Жер қойнауы туралы» ҚР Заңының) 5-бабына сәйкес минералды шикізат, егер Келісім-шартпен өзгеше көзделмесе Жер қойнауын

пайдаланушының (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына - шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында) иелігіне меншік құқығына жатады.

Техногендік минералдық жыныстар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады, егер Келісім-шартта өзгеше көзделмесе.

Мемлекеттік меншік иелігіндегі техногендік минералдық жыныстардан алынатын пайдалы қазбаларға (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы) келісімшартпен анықталады.

Минералдық шикізаттарға, техногендік минералды жыныстарға немесе пайдалы қазбаларға (шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығы) меншік құқығында иелік ететін жер қой-науын пайдаланушы, оларға қатысты заңнамалармен тыйым салынбаған кез келген мәмілелер жасауға құқылы.

ҚР Конституциясында меншік құқығы объектілерінде өсімдік дүниесі және басқа табиғи ресурстар көрсетілген. Өсімдіктер дүниесіне орманнан өзге өсімдіктер де жататынын, ал орман да өзге де өсімдіктер әлемі жермен органикалық байланысты екенін ескерсек, онда осы жерлерді меншік құқығы объектісі ретінде қарастыруымызға негіз бар. Өсімдік дүниесінің меншік иесі ретінде бұл жерде жерді иеленуші болады. ҚР Орман кодексінің 5-бабында былай делінген: Орман қоры жерлерін, орман ресурстары мен орманның пайдалы қасиеттерін қамтитын Қазақстан Республикасының орман қоры орман құқығы қатынастарының объектісі болып табылады. Бұрынырақ біз орман қорының мемлекеттік және жеке қордан тұратынын айтып өткен едік, ал 7-бапқа сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік орман қоры мемлекеттік меншік объектілеріне жатады және республикалық меншікте болады.

Жекеше орман қоры учаскелерін иеленуді, пайдалану мен оған билік етуді, осы Қазақстан Республикасының Орман кодексі және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілеріне сәйкес, жеке орман иеленушілер жүзеге асырады.

Атмосфералық ауаға келетін болсақ физикалық қасиеттеріне байланысты оны меншік құқығы пайда болудың міндетті шарты болатын бір мемлекеттің аясында оқшаулауға немесе жекешелендіруге мүмкін емес. Сондықтан бұл табиғи объект бүкіләлемдік байлық болып табылады. Мемлекет ауаға қатысты меншік иесі ретінде заңды құқықты жүзеге асыруға, жекелей алғанда иелік ету және билік жасауға құқығы жоқ.

ҚР Жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және молықтыру туралы 2004 жылғы Заңына сәйкес жануарлар дүниесі мемлекеттік меншік иелігінде.

Табиғи ресурстарға меншік құқығының субъектілері.

1991 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіз егеменді мемлекетінің құрылуымен байланысты және 1993 жылы тамыз айында қабылданған ҚР Конституциясында, Республиканың табиғи ресурстарының ерекше жалғыз меншік иесі болып мемлекет жарияланған, ал 1995 жылы қабылданған ҚР Конституциясында мемлекеттік ерекше иелік етуі күшін жойып, жерге заңда белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін екендігі белгіленді.

Жерге, Республика аумағында - Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншік құқығының субъектісі болып, Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде сонымен қатар азаматтар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалар болуы мүмкін. Бұл жерде сонымен бірге, азаматтар деп Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалар (мұндай құқықтарға шетелдіктер өндірістік объектілер, тұрғын үй кешендерін және жеке құрылыстар салуға жер учаскесін қайтарылу негізінде, егер олар тұрақты тұру құқығын сатып алған жағдайларда).

Табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік иелігін пайдаланатын субъектіге келетін болсақ, мемлекет атынан кім, меншік иелігінің заңды құқықтарын жүзеге асырады деген сұрақ туындайды? Мемлекет атынан табиғи ресурстарға меншік құқығын ҚР Үкіметі, жергілікті атқарушы органдар және арнайы өкілеттенген мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Табиғатты пайдалану құқығы

Табиғат пайдалану құқығының түсінігі.

Табиғат пайдалану құқығының қағидалары және негізгі белгілері.

Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері.

Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану.

Табиғат пайдаланушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері.

Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы ҚР заңы. 2004 ж. 9 шілде. (толықтырулар мен өзгерістер 31.01.2006ж.)
2. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 20.06.2003ж. (07.07.2006 ж. өзгерістер мен толықтыруламен)
4. ҚР Су кодексі. 2003 ж. 9 шілде.
5. ҚР Орман кодексі. 2003 ж. 8 шілде.
6. Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.
7. С.Т.Күлтелеев, Е.Ш.Рахметов ҚР экологиялық құқығы. Алматы, 2008.

Экологияны пайдалану құқығы қолайлы қоршаған ортаға құқық - бұл 1948 жылы БҰҰ Декларациясында бекітілген бүкіл адамзатпен мойындалған адам құқығының бір бөлігі. Біз оны Қазақстан Республикасы құрылған сәттен мойындадық. Қолайлы қоршаған ортаға құқықты барлығы мойындайды (министрліктер мен ведомствалар), ол ҚР Конституциясында бекітілген және дәл осы Конституция арқылы, бұл құқық біздің денсаулығымызға құқығымыз жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, ҚР Экологиялық кодексінің 10-12-баптары және ҚР Экологиялық кодексінің 8-тарауында «Шаруашылық және өзге қызметтерді жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар» экологиялық құқыққа арналған.

Экология пайдалану табиғат пайдалануға қарағанда, алдымен табиғат пайдалануда экономикалық, шаруашылық мүдделер басым болса, ал экология пайдалану қоршаған ортаны барынша сақтаудың, экожүйедегі экологиялық байланыстың сақталуы мен оның бүтіндігін қамтамасыз ету мүддесінің басымдығымен ерекшеленеді.

Сонымен қатар, экология пайдалануда табиғат пайдаланудағыдан кем емес маңызды экономикалық және шаруашылық мақсаттар қарастырылған, бірақ, адам қоғамы мен табиғи ортаның өзара байланысының өндірістік қатынастары объективті экологиялық заңдармен толық үйлесімді болса, қатынастардың екінші түрінде бұл объективті заңдар сирек назарға алынады десек те болады.

Егер, табиғат пайдалану құқығы азаматтар мен халық шаруашылығының мұқтаждарын қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды пайдаланудың заңмен белгіленген тәртібі ретінде айқын-далған болса, ал экология пайдалану құқығын экология пайдаланушылардың меншіктік құқық қатынастары арқылы экологиялық өзара байланысты ескере отырып, табиғи объектілердің жағдай мен түріне байланысты заңды құқықтарын реттейтін экологиялық құқықтың институты ретінде айқындаған жөн.

Экология пайдалану құқығы экологиялық құқық институты ретінде әртүрлі деңгейдегі нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген нормалардың жиынтығын құрайды. Экология пайдалану құқығы - экология пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығынан тұрады, және соңғысынан тәуелді. Сонымен, егер, экология пайдалану объективті мәнде экология пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын көрсету нысанын құраса, онда субъективті мәнде - міндеттер мен құқықтарының деректерінің мазмұнын көрсетеді.

Субъективті құқық мазмұнына, пайдалануға ұсынылған табиғи объектіге иелік ету, пайдалану және билік ету заңды құқығы енеді. Табиғи объектімен пайдаланудың субъективті құқығын мұндай объектіні белгілі бір байлық алу мақсатында тікелей пайдаланудың мүмкіндігін заңмен қамтамасыз етілуі деп түсіну керек.

1) табиғи ресурстарға мемлекеттің және өзге де меншік иелерінің заңды құқықтарын экология пайдалану арқылы жүзеге асыруы.

2) табиғи байлықтарды дұрыс шарушылық пайдалану міндеттеріне қол жеткізу.

3) экологиялық құқық қатынастарының барлық субъектілерінің басқа субъектілерге қатысты заңды құқықтарын жүзеге асыру.

Экологиялық пайдалану құқықтарының түрлері

Экологиялық пайдалану құқықтарының түрлерін үш негізгі топқа бөлуге болады: объектіге, субъект және пайдаланатын табиғи объектіге байланысты.

Табиғат пайдалану (экология пайдалану) жалпы және арнайы болып бөлінеді.

Жалпы табиғат пайдалану тұрақты болып табылады және халықтың өмірлік қажетті сұраныстарын қанағаттандыру үшін және табиғи ресурстар пайдалануға берілмей, тегін жүзеге асырылады. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделсе, табиғатты жалпы пайдалануды шектеуге жол беріледі. Арнайы табиғат пайдалану – Экологиялық Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды ақылы негізде пайдалануды және қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаның қызметі.

Табиғат пайдалану түрлеріне:

Жерді пайдалану; суды пайдалану; орманды пайдалану; жер қойнауын пайдалану; жануарлар дүниесін пайдалану; өсімдіктер дүниесін пайдалану; қоршаған ортаға эмиссиялар; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де табиғат пайдалану түрлері жатады. Табиғат пайдалану түрлері бойынша арнайы табиғат пайдалану құқығының туындау ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалады.

Арнайы табиғат пайдалану табиғат пайдаланудың бір түрін не олардың бірнеше түрінің жиынтығын қамтуы мүмкін. (осы Кодекстің 10-бабы).

Экология пайдалану субъектілеріне байланысты мекеменің экология пайдалану құқығы мен азаматтардың экология пайдалану құқығына бөлінуі мүмкін.

Көрсетілген табиғат пайдалану түрлері өз кезегінде пайдалану құқығы объектісіне және олардың мақсатты арнауы мен пайдалану түрлеріне бөлінеді.

ҚР Экологиялық кодекстегі табиғат пайдаланудың негізгі қағидалары:

- экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- экологиялық қатынастарды реттеу кезіндегі экожүйелі көз-қарас;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын бұзға-ны үшін жауапкершіліктер бұлтартпау;
- қоршаған ортаға келтірілген залалды өтеу міндеттілігі;
- қоршаған ортаға әсер етудің ақылы болуы және оған рұқсат алу тәртібі; табиғат пайдаланушыларды қоршаған ортаны ластауды болдырмауға, азайтуға және жоюға, қалдықтарын кемітуге ынталандыру;
- табиғи ресурстарды пайдалану мен қоршаған ортаға әсер ету кезінде ұлттық мүдделерді қамтамасыз ету.

М.М.Бринчук мұндай қағидаларға мыналарды жатқызады:

- табиғи ресурстарды пайдаланудың меншіктік құқығыннан пайдалану құқығының туындауы;
- табиғат пайдалануды ұтымды пайдалану;
- экологиялық қатынастарды реттеуге экожүйелі көзқарас;
- табиғи ресурстарды пайдаланудың мақсатты сипаты;
- табиғи ресурстарды пайдаланудың орнықты құқығы;
- арнайы табиғат пайдаланудың ақылы екендігі.

Экологияны пайдалану құқығының мазмұны

Қоршаған орта объектілеріне табиғи объектілердің жиынтығы жерді, жер қойнауын, суды, атмосфералық ауаны, ормандарды және өзге де өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи экологиялық жүйелер, сондай-ақ олардың өзара әрекеттерінің климаты жатады.

Табиғи объект оның шығу тегі табиғи болған жағдайда ғана экология пайдаланудың құқықтық объектісі бола алады. Экология пайдаланудың мәні, ол тек қоршаған табиғи ортамен экологиялық байланыстағы объектілерге ғана таратылады.

Экология пайдаланудың мазмұнына қазіргі кезде бар бірнеше заңды құқықтар енеді, олар: пайдалануға, иелік етуге, жеке меншікке немесе жалға беруге ұсынылған меншік құқығы, иелік ету құқығы; пайдалану құқығы мен табиғи объектіні ішкі шаруашылық басқару құқығы.

Пайдалану шектері заңнамада айқындалған, сондай-ақ табиғи объектілерді пайдалануға ұсынған әр нақты жағдайда айқындалады.

Нақты экология пайдалану ерекшеліктері тиісті өкілеттіктер мен міндеттемелер ұсынылған субъектіден де біршама тәуелді.

Сондықтан экология пайдалануды топтастыру оның объектілері мен субъектілері бойынша бір уақытта жүзеге асырылады. Табиғат пайдаланушы - мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдіктер болуы мүмкін.

Бастапқы табиғат пайдаланушы субъектісі табиғи объектіні пайдалану бойынша заңды құқығы, тікелей осы объектіге меншік құқығынан шығатын тұлға болып табылады. Кейінгі табиғат пайдаланушыға, бастапқы пайдалануда болған табиғи объектінің бөлігі әдетте арнаулы бағыттағы, бірақ бастапқы пайдалану мақсаттағы белгіленгендей ұсынылады.

Кейінгі табиғат пайдаланушы оқшауланған немесе бірлескен болуы мүмкін.

- Экология пайдаланушылардың құқықтық мәртебесі негіздері ҚР Конституциясында былайша бекітілген: барлық тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері, соның ішінде экология пайдаланушылардың құқықтары, әр адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғау құқықтары деп жазылған мәтіндегідей қарастырылуы тиіс.

(31-бап). Сонымен қатар олардың құқықтық мәртебесі ҚР Экологиялық кодексі, ҚР Жер кодексі, ҚР Су кодексі, ҚР Орман кодексі, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы», «Жануарлар дүниесін пайдалану және молықтыруды қорғау туралы» заңдармен және басқа актілермен белгіленген. Табиғат пайдаланушылардың құқықтары заңмен қорғалады.

Табиғат пайдалану құқығынан, заңда көрсетілген негіздерден басқа реттерде ешкімді де айыру мүмкін емес.

Экология пайдалану құқықтарының туындау және тоқтатылуы негіздері

Экология пайдалану құқығының туындау негіздері күрделі заңды құрамнан тұрады. ҚР Экологиялық кодексінің 12-бабында Арнайы табиғат пайдалану құқығы келесі негіздерде туындайды:

Табиғи ресурстарды пайдалану мен алуға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға лицензиялар және (немесе) рұқсаттар;

Табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдардың шешімдері;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен жасалатын табиғат пайдалануға арналған шарттар (келісімшарттар) негізінде туындайды.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен, осы баптың 1-тармағында көрсетілген бір, екі не барлық актілер негізінде туындауы мүмкін. Қоршаған ортаға эмиссияларды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушылардың арнайы табиғат пайдалану құқығын жүзеге асыруына экологиялық рұқсаттар болған кезде жол беріледі.

Арнайы табиғат пайдалану құқығы мемлекет қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шектелуі немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

Экология пайдалану құқықтарының туындау ерекшеліктері салалық заңнамалармен реттеледі.

Жер учаскесіне құқық белгілейтін, заңды фактілердің келуін растайтын құжаттардың негізінде жер теліміне құқық өзгереді немесе тоқтатылады. Жер учаскесіне құқықты куәландыратын құжат болып табылатындар:

Сәйкестендірме құжат (жеке меншікке жерді пайдалануға құқық беретін акт), шарт, соттың шешімі, атқарушы органның құқықтық акті, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, беру акті, бөлу балансы.

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия немесе рұқсат беруді, оларды күшін тоқтата тұруды жүзеге асырады (ҚР Су кодексінің 37-бабы). Жергілікті атқарушы органдар:

Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су объектілерін оқшаулау және бірлесіп пайдалануға береді (39-бап).

Бассейндік су шаруашылығы басқармалары - Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнайы су пайдалану жөніндегі қызметтің түрлеріне лицензия немесе рұқсат беруді, оларды күшін тоқтата тұруды жүзеге асырады (40-бап). Су қорын пайдалану және қорғау саласындағы мемлекеттік орган табиғатты қорғау органдарымен келісіп су ресурстарын басқару бойынша рұқсаттар береді.

ҚР Орман кодексінің 36-бабына сәйкес Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асыруға рұқсаттама құжаттары: ағаш кесу билеті мен орман билеті негізінде ғана жол беріледі.

«ҚР Жануарлар дүниесін молықтыруды, қорғау және пайдалану туралы» Заңына сәйкес, арнайы жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаратын уәкілетті орган (ҚР Ауыл шаруашылық ми-нистрлігінің аңшылық шаруашылығы мен орман комитеті) жануарлар дүниесін пайдалануға бекітілген лимиттер мен квоталарға сәйкес, жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген шарттарын сақтай отырып рұқсаттар береді (16-бап). Жануарлар дүниесін жалпы табиғат пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын пайдалану қандай да бір рұқсатты талап етпейді.

Жануарлар дүниесін арнайы табиғат пайдалану тәртібінде жүзеге асырылатын пайдалану, тиісті рұқсат пен шарттың негізінде жүргізіледі. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, тек бюджетке жануарлар дүниесін пайдалану үшін толығымен төлемдер енгізгенін растайтын құжаты бар кезде беріледі. (33-бап)

Қазақстан Республикасының барлық азаматтары, сондай-ақ мемлекеттік баж салығын төлеген және аңшылық минимумды тапсырған, оның аумағынан да тұатын және келген басқа да тұлғалар аңшылық құқығына ие. Жануарлар дүниесін молықтыру және пайдалануды, қорғау саласының мемлекеттік бақылау органдарының берген рұқсаты - аңшылық құқығын куәландыратын құжат болып табылады. (40-бап).

Заңды фактілердің барлығы үшін жалпы іс-қимылдардың жиынтығы негізінде туындайтын экология пайдалану құқығы мемлекеттік-құқықтық шешуші жүйелер болып табылады.

Экология пайдалану құқығын тоқтату негіздері тізімінде (және тәртібінде) табиғи нысандар мен құқық пайдаланушы субъектінің заңды тұлға немесе азамат болып табылатындығына байланысты белгілі бір ерекшеліктер бар.

Пайдалану құқығын тоқтатудың арнайы негіздері бар.

Сонымен жерді пайдалану құқығы тоқтатылатын жағдайлар:

а) бір жыл өткеннен кейін жер телімін иесіз мүлік ретінде соттың мойынуы; б) ауыл шаруашылығы өндірісіне не тұрғын үй құрылысына немесе өзге де құрылысқа арналған жер телімі бір жыл ішінде тиісті мақсатында пайдаланылмаған жағдайда, егер одан көп

мерзім көзделмеген болса; в) жер пайдаланушыға қызметтік жер телімін берумен байланысты туындаған еңбек қатынастарының тоқтатылуы. г) жерді рационалды пайдаланудың ережелерін өрескел бұзған жағдайға байланысты; д) егер, жер телімін пайдалану ауылшаруашылық жерлердің құнарлылығын төмендетуге немесе экологиялық жағдайды едәуір нашарлатса; е) жер телімін тәркілегенде (Жер кодексінің 81-96-баптары).

Орман қорын пайдалану құқығы келесі жағдайларда тоқтатылады:

а) орман пайдаланушы орман пайдаланудың белгіленген ережелерін немесе ұзақ мерзімді орман пайдалану шартында, ағаш кесу билетінде, орман билетінде көзделген талаптарды үнемі (екі және одан көп рет) бұзған; б) мемлекеттік орман қорында орман пайдалануды жүзеге асыруға кедергі келтіретін өзгерістерге әкеп соқтырған табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар басталғанда; в) орман пайдалану төлемақысын енгізудің белгіленген мерзімін үнемі (екі және одан көп рет) бұзған немесе орман пайдаланудың төлемақысын белгіленген мерзімнен кейінгі үш айда енгізбеген; г) мемлекеттік орман қоры жері мемлекет қажеттіктері үшін алып қойылған, мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды шектеудің неғұрлым қатал режимі белгіленген жағдайларда тоқтатылады. (Орман кодексінің 40-бабы).

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен қызметі.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқаратын жалпы және арнайы органдар.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлау, бағдарламалау және стандарттау мәселелері.

Экологиялық нормалары және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері.

Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі.

Экологиялық сараптама: мақсаттары, міндеттері, түрлері.

Шаруашылық және өзге қызметке қойылатын экологиялық талаптар.

Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары.

Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері.

Ұсынылатын әдебиеттер:

1.С.Т.Күлтелеев, Е.Ш.Рахметов ҚР экологиялық құқығы. Алматы, 2008.

Мақсатты арнауы жағынан мемлекеттік басқару мен мемлекеттік реттеудің принциптік айырмашылықтар жоқ. Іс жүзінде мемлекеттік экономикалық немесе өзге де процестердегі әртүрлі қатысуының өлшем бірлігі (көп немесе аз) туралы әңгіме болуы мүмкін.

ҚР Экологиялық кодексінде Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеудің және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі ережелері - деп аталатын 6-бабы бар. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік реттеулерге жататындар:

қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметті лицензиялау;

экологиялық нормалау;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық реттеу;

мемлекеттік экологиялық сараптама;

экологиялық рұқсаттар беру;
мемлекеттік экологиялық бақылау;
қоршаған ортаны қорғауды экономикалық реттеу жүйесін, неғұрлым экологиялық таза технологияларды енгізуді ынталандыру, табиғат іс-шараларын қаржыландыру жүйесі;
мемлекеттік экологиялық мониторинг;
табиғат пайдаланушыларды, қоршаған ортаны ластау көздері мен учаскелерін мемлекеттік есепке алуды;
экологиялық білім беру мен ағарту істерін қамтиды.
табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;
табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлау;
табиғи ресурстарды қорғауға, пайдалануға және молықтыруға мемлекеттік бақылау жасау;
табиғи ресурстарды пайдалану құқығына лицензиялар, рұқсаттар беруді және шарттар (келісімшарттар) жасау;
табиғи ресурстарды қалпына келтіру мен молықтыруды, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуді ұйымдастыру;
табиғи ресурстардың мониторингі мен кадастрларын жүргізу;
табиғи ресурстарды пайдалануға лимиттер белгілеу мен квоталар бөлу;
табиғи ресурстарды пайдалануды, қалпына келтіру мен молықтыруды жүзеге асыратын мемлекеттік заңды тұлғаларды басқару;
табиғи ресурстарды қорғауды ұйымдастыруды қамтиды.

Экологиялық жүйені реттеу экология пайдалануды басқару арқылы жүргізіледі, ол қоршаған ортаны қорғаумен тығыз байланыста. Ғылыми әдебиеттерде мемлекеттік басқару түсінігі мәселесі бойынша ғалымдардың әртүрлі көзқарастары жазылған. Алайда, Д.Л.Байделдинов өз анықтамасында: - «экология саласындағы мемлекеттік басқару - бұл мемлекеттік органдардың - қоғамның қоршаған ортамен өзара іс-әрекеті кезінде экологиялық тәртіпті қамтамасыз ететін, мемлекет субъектілерінің экологиялық міндеттерін және құқықтарын жүзеге асыратын орындаушылық-билік етушілік іс-әрекеттері» - деп есептейді. Мемлекеттік басқарудың қағидаларының арасынан бір ғалымдар келесілерді айқындайды:

- адам денсаулығы мен өмірін қорғаудың басымдығы, халықтың қолайлы өмір сүруі үшін қоршаған ортаны және қайта қалпына келтіру мен сақтау;
- табиғи ресурстарға мемлекеттік меншік, мемлекетпен жерге жеке меншікті бақылау;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық міндеттерін шешу кезінде қоғамның экологиялық міндеттерін үйлесімді шешу;
- экономикалық әдістерді қолдану экологиялық тәртіпті қамтамасыз ету үшін экономикалық ынталандыруды енгізу арқылы басқарылады;
- азаматтардың белсенді қатысуын, халықтың, қоғамдық бірлестіктердің және жергілікті басқару органдарын экологиялық мәселелерді шешуде кеңінен тарту. (Д.Л.Байдельдинов).

Басқару қызметін жүзеге асыру әдістері заң әдебиеттерінде жалпы қабылданған басқарудың нысандары мен әдістерін айқындайды.

Мемлекеттік басқару нысаны негізгі үш түрде айқындалады:

- 1) **құқық шығарушы** - басқару қатынастарын реттеуге бағытталған және мемлекеттік органдармен қабылданған нормативтік актілерді қабылдайды және әзірлейді;
- 2) **құқық қолданушы** - мемлекеттің бұл қызметі нормативтік актілерді қабылдау арқылы және нақты әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталған;
- 3) **құқық қорғау** - мемлекеттің бұл қызметі мемлекеттік нормативтік актілермен көзделген талаптарды бұзған немесе орындамаған тұлғаларға жаза қолдану бойынша.

Мемлекеттік басқару органдары императивті әдісті қолданады (міндетті ескерту талаптарды жазу әдісі) одан қандай да бір ауытқулар жасамай басқару шешімдерін бұлжытпай орындау және **кеңестер беру әдісі** (бұл әдісте мемлекеттік шешімдерді бірнеше нұсқауда орындау мүмкіндігі, сонымен қатар қандай да бір шарттарын ескере отырып, мысалы жергілікті жағдай мен ерекшеліктерді). Экологиялық тәжірибеде

мемлекеттік санкциялау әдісі кеңінен тараған, бұл әдісте мемлекеттік органның шешімі оны мемлекеттік орган бекіткеннен кейін заңды күшіне кіреді. **Шешу әдісі** (құқықтарды толығымен тапсыру) мемлекеттік орган өзінің «ішкі» субъектілері үшін міндетті шешімдерді өз бетінше қабылдауы.

Экология пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды мемлекеттік реттеу әдістері мен нысандары басқару қызметі арқылы жүзеге асырылады, ол осы органдарға берілген. Ғалымдардың көпшілігі мемлекеттік басқару қызметтерінің келесі түрлерін айқындайды: табиғи ресурстар мен басқа да табиғи объектілерді есепке алу; табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік жоспарлауды; экологиялық нормалауды; мемлекеттік экологиялық сараптаманы; қоршаған ортаның жай-күйін бақылау (экологиялық мониторингті жүзеге асыру); экологиялық сертификаттау; экологиялық бақылауды ұйымдастыру; табиғат пайдалану саласындағы құқық туралы дауларды шешу; табиғи объектілерді тарату немесе қайта тарату; табиғи объектілердің кеңістіктік-аймақтық жабдықтары.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы реттеудегі мемлекеттік органдардың құзыреті мен жүйесі.

Республикада экология мәселелерінің мемлекеттік органдардың кең шеңбері аясында белгілі болғаны, олар әралуан құзыреттермен өкілеттенген және әр түрлі деңгейде қызмет етеді. Оларды төрт топқа бөлуге болады: жалпы құзыретті органдар, арнайы құзыретті органдар, саларалық құзыреттегі, қызмет етуші органдар. Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың жалпы құзыреттегі органдарының ерекшелігі сонда, олар осы қызметті олардың құзыреттеріне жататын басқа да міндеттерді шешумен қатар жүзеге асырады, - экономиканы дамыту, әлеуметтік саланы дамытуды басқару (денсаулық сақтау, білім беру және т.б.), мәдениет, қорғаныс, және т.б.

Жалпы құзыреттегі табиғи ресурстарды қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды және реттеуді жүзеге асыратындарға жататындар: ҚР Парламенті; Жергілікті уәкілетті органдар; ҚР Президенті; ҚР Үкіметі; Жергілікті атқарушы органдар.

Органдар жүйесіндегі орталық орында Қазақстан Республикасының Үкіметі тұр. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті Қазақстан Республикасының Конституциясында, Үкімет туралы Конституциялық Заңда, ҚР Экологиялық кодексінің 16-бабында анықталған. Қазақстан Республикасы Үкіметі қошаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласында:

- қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, оларды жүзеге асыру жөніндегі стратегиялық шараларды әзірлейді;
- мемлекеттік экологиялық бағдарламаларды және табиғат пайдаланудың түрлі бағыттары бойынша, сондай-ақ климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлейді;
- табиғат пайдаланудың әр алуан түрлері бойынша тұжырымдамаларды мақұлдайды;
- табиғи ресурстарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғат пайдалануға беру туралы шешімдер қабылдайды;
- республикалық деңгейде және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламаларды бекітеді.
- Табиғи ресурстардың әрбір түрінің мемлекеттік есебін, мемлекеттік кадастрлары мен мемлекеттік мониторингін жүргізу тәртібін айқындайды;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы техникалық регламенттерді;
- ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін;
- эмиссиялар нормативтері белгіленетін және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы алынатын ластаушы заттар мен қалдық түрлерінің тізбесін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын біліктілік талаптарын;

- қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелерді сату тәртібін;
- ластану учаскелерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін;
- қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақының базалық және шекті ставкаларын;
- қоршаған ортаны ластаудан келтірілген залалды экономикалық бағалау ережелерін бекітеді.
- шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесін;
- айрықша экологиялық, ғылыми және мәдени маңызы бар қоршаған ортаны қорғау объектілерінің тізбесін;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстарын өткізу тәртібін; сот шешімімен республикалық меншікке түсті деп танылған иесіз қауіпті қалдықтарды басқару тәртібін;
- қалдықтарды орналастыру полигондарын жою қорларын қалыптастыру тәртібін айқындайды.
- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін айқындау тәртібін;
- **кешенді экологиялық рұқсаттар беру тәртібін және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттардың орнына кешенді экологиялық рұқсаттар алу мүмкін болатын өнеркәсіп үлгілерінің тізбесі;**
- парниктік газдарды атмосфераға шығаруды шектеудің, тоқтата тұрудың немесе азайтудың тәртібін;
- озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, жинақтауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру тәртібін;
- парниктік газдарды атмосфераға шығаруды және озон қабатын бұзатын заттарды тұтыну көздерін мемлекеттік есепке алу тәртібін;
- аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлерін;
- жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін;
- Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағының шекарасын;
- қалдықтарды әкелу, әкету және транзиттеу тәртібін белгілейді;
- халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- аумақты төтенше экологиялық жағдай аймағы деп жариялайды және төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық режимінің қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдайды (ҚР Экологиялық кодекстің 16-бабы).

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның құзіреті (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар):

- тиісті аумақтардағы қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалардың орындалуын, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау мен сауықтыруға шығатын шығындарды бекітеді;
- өз құзыреті шегінде қоқыстарды басқару жөніндегі бағдарламаларды бекітеді;
- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бағдарламаларын әзірлейді;
- жергілікті атқарушы органдар басшылары мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдаланудың жай күйі туралы есептерін тыңдайды;
- өз құзыреті шегінде табиғат пайдалану ережелерін қабылдайды, оны бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік көзделеді;
- қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын белгілейді т.б. (ҚР Экологиялық кодекстің 17-бабы).

Қоршаған ортаны қорғау саласында ҚР Экологиялық кодекстің 20-бабына сәйкес, атқарушы билік органдарының жүйесінде ерекше орында облыстардың атқарушы органдары тұр (республикалық маңызы бар қаланың, астананың):

- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану жөніндегі іс-шаралар және олардың тиісті аумақтарда іске асырылуы көзделетін бағдарламалар мен өзге де құжаттар әзірлеуді ұйымдастырады;
- мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың қорытындылары негізінде өз құзыреті шегінде кәсіпорындарды, құрылыстар мен өзге де объектілерді салуға немесе реконструкциялауға тыйым салады немесе рұқсат береді;
- өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;
- мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық талдау ұйымдастырады; қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиясы бар штаттан тыс сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады;
- өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;
- қалдықтарды басқару жөнінде бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- өндіріс пен тұтыну қалдықтарын орналастыру жөніндегі объектілерді салуға жер учаскелерін бөледі;
- қалдықтарды жою және орналастыру объектілерді салуды қамтамасыз етеді;
- коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;
- қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдалану деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлейді;
- Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру туралы шешім қабылдайды;
- тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;
- қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асырады;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға табыс етеді.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың арнаулы органдары.

ҚР Экологиялық кодексі қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органды анықтады, ол - *ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі*. Экологиялық заңнамалық іс-шараларды жүзеге асыру үшін Министрлікке жеткілікті кең ауқымдағы өкілеттіктер берілген, олар ҚР Экологиялық кодекстің 17-бабында айқындалған, олардың кейбірін атап өтейік:

- біртұтас мемлекеттік экологиялық саясатты жүргізеді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады; - өз құзыреті шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғауды жүзеге асыру бөлігіндегі қызметін үйлестіреді;
- климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады;
- өз құзыреті шегінде шаруашылық және өзге де қызмет бойынша экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптарды бекітеді немесе келіседі;
- қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштері бағдарламаларын әзірлейді;
- қоршаған ортаны қорғау жөніндегі өңірлік бағдарламалар мен іс-шаралар жоспарларын келіседі;

- экологиялық рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға арналған эмиссияларға лимиттер белгілейді;
- мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асырады;
- қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензиялар беруді жүзеге асырады;
- табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы лицензияларды, рұқсаттарды, шарттарды (келісімшарттарды) өз құзіреті шегінде келіседі; өз құзіреті шегінде мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында экологиялық сараптаманы жүзеге асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді және оған әдістемелік басшылықты жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы бұзылған жағдайда мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын кері қайтарып алу және оны жою құқығымен, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалардың мемлекеттік экологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қызметіне бақылауды жүзеге асырады;
- міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы шешім қабылдайды және міндетті экологиялық аудит жүргізу туралы қорытындысының объектісін бекітеді;
- қоршаған орта жай-күйінің мемлекеттік мониторингін және мониторингтің жекелеген арнайы түрлерін жүргізуді ұйымдастырады сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін жүргізуді үйлестіреді;
- табиғи ресурстар кадастрларының бірыңғай жүйесін жүргізеді;
- өндіріс және тұтыну қалдықтарының мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;
- зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көмудің және сарқынды суларды жер қойнауына жіберудің мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады және оны жүргізу жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды бекітеді;
- қоршаған ортаның ластану учаскелерін мемлекеттік есепке алуды ұйымдастырады;
- парниктік газдардың мемлекеттік кадастрын және Озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мемлекеттік кадастрын жүргізуді ұйымдастырады;
- озон қабатын бұзатын және құрамында солардың өнімдері бар заттарды импорттауға, экспорттауға, озон қабатын бұзатын заттарды пайдалана отырып жұмыстар жүргізуге, құрамында озон қабатын бұзатын заттар бар жабдықтарды жөндеуге, монтаждауға, оларға қызмет көрсетуге рұқсат береді;
- табиғат пайдаланушылардың және қоршаған ортаны ластау көздерінің мемлекеттік тізілімін жүргізеді және оларды есепке алу тәртібін белгілейді;
- экологиялық ақпараттың мемлекеттік қорын жүргізуді ұйымдастырады, қоршаған ортаға әсерді бағалау рәсіміне және белгіленіп отырған шаруашылық және өзге де қызмет бойынша шешімдер қабылдау процесіне қатысты экологиялық ақпаратқа қол жеткізу мерзімдері мен тәртібін белгілейді;
- ең озық қолжетімді технологиялар тізбесін әзірлейді және олардың тізілімін жүргізуді ұйымдастырады;
- әр түрлі дәрежедегі полигондарда орналастыру үшін қалдықтар тізбесін айқындайды;
- қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін айқындау әдістемесін;
- қалдықтар сынаптамасын;
- қауіпті қалдықтар бойынша есеп беру нысанын;
- жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының экологиялық сараптама саласындағы қызметіне бақылауды жүзеге асыру ережесін;
- мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нысанын;
- топырақтағы химиялық заттардың жол берілетін шекті шоғырлануын белгілейді.
- қоғамдық тыңдау тәртібін;
- парниктік газдар шығарудың және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың шекті нормативтерін әзірлеу мен бекіту тәртібін;
- парниктік газдар шығындыларын және озон қабатын бұзатын заттарды түгендеу тәртібін;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;
- ұлттық экологиялық атласты әзірлеуді және жариялауды ұйымдастырады;
- Мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен нормативтік құқықтық актілер жобаларының тізілімін жүргізеді.

Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жүйесінде табиғат қорғау саласын бақылау комитеті құрылған, осыған орай қоршаған ортаны қорғау саласының бірқатар бақылау қызметтері осы Комитеттің құзыретіне берілген.

Үкіметтің құрамына кіретін қоршаған ортаны қорғау және жер ресурстарын басқару саласындағы мемлекеттік биліктің арнайы уәкілетті органдарының қатарына ҚР-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі жатады. Агенттіктің құзыреті ҚР-ның Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі туралы, 1999 жылғы 23 қарашада Үкімет Қаулысымен бекітілген Ережесінде және ҚР-ның Жер кодексінде (14-бап) айқындалады.

Осындай органдарға **Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі жатады.**

Министрліктің өкілеттіктері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылық министрлігі туралы Ережесімен айқындалған.

Тек суды қорғау және пайдалану саласының міндеттерін шешу үшін құрылған Басқарудың арнаулы органдарына **ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің су ресурстары жөніндегі комитеті** жатады. Комитеттің құқықтық жағдайы мен құзыреті ҚР Су кодексінің (37-бап) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі қаулысымен бекітілген ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитет туралы ережелерінде айқындалған.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті де сондай-ақ орман қоры мен жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және молықтыру саласындағы арнайы уәкілетті орган болып табылады.

Комитеттің құзыреті ҚР Орман кодексінің (13-бабында), ҚР жануарлар дүниесін қорғау және молықтыру туралы Заңында (9-бап) және ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 6 сәуірде бекіткен қаулысымен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық комитеті туралы Ережесінде айқындалған.

Арнайы уәкілетті органдарға сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті жатады. Оның өкілеттігі ҚР Жануарлар дүниесін қорғау, молықтыру және пайдалану туралы Заңымен, ҚР Үкіметінің 2003 жылғы 18 шілдеде бекіткен қаулысымен Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы жөніндегі комитет туралы ережесінде айқындалған.

Комитеттің негізгі міндеттері болып табылатындар: балық шаруашылығы мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру және әзірлеуге қатысу; балық ресурстарын және басқа да су жануарларын пайдалану, қорғау және молықтыру, сондай-ақ балық шаруашылығын жүргізу.

Арнайы уәкілетті органдарға **ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігі және** оның Қазақстан Республикасының Үкіметі 2004 жылы 24 қазанда ҚР Энергетика және минералдық ресурстары министрлігі туралы бекіткен ережелерімен жер қойнауын зерттеу және жер қойнауын пайдалану, атом энергетикасы комитеттерін жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңында жер қойнауын зерттеу жөніндегі уәкілетті органның және құзыретті органның құзыреттері айқындалған. Мысалы **құзыретті органның қызметтеріне кіретіндер:** жер қойнауына барлау, іздеу және бірлескен барлау жүргізуді және өндіруге құқық ұсыну үшін конкурстарды ұйымдастыру мен әзірлеу; жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттың талаптары туралы келіссөздер жүргізу, жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттың жобасын әзірлеу; жер қойнауын мемлекеттік зерттеу бойынша жұмыстар жүргізуге жобалық-сметалық құжатнамалардың сараптамасын

қоспағанда, келісімшарт құжаттары жобаларына сараптама жүргізуді ұйымдастыру; жалпы таратылған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлау мен өндіруге жасалған келісімшарттарды қоспағанда, келісім шартты жасасу және тіркеу; жер қойнауын пайдаланушылардың келісім шарт талаптарын орындауына бақылау мен мониторинг; көмірсутек шикізатын өндіру бойынша жобаларды бекіту және әзірлеудің тәртібін айқындау.

Жер қойнауын пайдаланушы және зерттеу жөніндегі уәкілетті орган:

жер қойнауын кешенді пайдалану және геологиялық зерттеу саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады; тау-кен жұмыстарын дамыту жоспарларын (жобаларын) бекітеді; көмірсутек шикізаттарын қоспағанда, пайдалы қазбаларды өндіру кен орындарын әзірлеу жобаларын бекітеді;

жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеуге, сондай-ақ барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жер асты құрылыстарын пайдалануға және (немесе) құрылысқа жер қойнауын пайдалану құқығын ұсынады т.б.

Денсаулық сақтау министрлігі ҚР-ның Экологиялық кодексінің 18-бабында халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы мемлекеттік органның арнайы орындау, бақылау және қадағалау қызметтерін, азаматтарды қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы салааралық үйлестіруді атқаратын орталық атқарушы орган болып табылады.

Министрліктің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті бар. Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтері 2002 жылғы 4 желтоқсандағы «Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы туралы» ҚР Заңымен айқындалған.

Мемлекеттік басқару органдарының ішінде ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлік ерекше орынды алады. ҚР Экологиялық кодексінің 18-бабына сәйкес бұл орган арнаулы құзыреттегі органдарға жатады. Өйткені табиғи және антропогендік факторлар қоршаған ортаның жағдайы мен адам денсаулығына едәуір әсер етеді. 1996 жылы 5 шілдеде Республикада «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Заң қабылдануы тегін емес.

Осы органдарға Экологиялық кодекстің 18-бабына сәйкес ветеринария, өсімдіктерді қорғау мен олардың карантині, атом энергиясын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар жатады.

Салааралық құзыреттің Орталық органдарының жүйесінде **салааралық құзыретке** оларға жүктелген өздерінің негізгі міндеттерін шешумен қатар, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласына жататындар: ҚР Статистика жөніндегі агенттігі; ҚР Қаржы министрлігі; ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі.

Басқарудың функционалды органдарына, табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау бойынша жекелеген қызметтерді атқаратын органдарға жататындар:

Көлік және коммуникация министрлігі; Индустрия және сауда министрлігі (Инвестициялар бойынша, құрылыс ісі жөнінде, қорғаныс өнеркәсібі, Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеттерімен) ҚР Қорғаныс министрлігі; ҚР Ішкі істер министрлігі және т.б.

ҚР Ішкі істер министрлігі органдарының экологиялық қызметтері, 1995 жылғы 21 желтоқсан «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Заңға сәйкес ішкі істер органдарына: карантиндық, санитарлық және экологиялық іс-шараларды жүргізуге қатысу міндеттілігі, атмосфераға автокөлік құралдарынан зиянды заттардың шығарылымын бақылау қызметін жүзеге асыру, браконьерлікпен, ағаштар мен бұталарды заңсыз кесуді, аң және балық аулау тәртібін бұзумен күрес, экологиялық қылмыстарды тексеру жүктелген.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдары мемлекеттік билік органдары жүйесіне кірмейтініне қарамастан, олар да ҚР Экологиялық кодексінің 15-бабына сәйкес қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалану саласындағы келесі өкілеттіктерге ие:

елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
елді мекендерді санитарлық тазартуды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

өндіріс және тұтыну қалдықтарын сақтау мен көму орындарын күтіп ұстау;
жергілікті атқарушы органдарға, тарихи-мәдени мұраны қорғау мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және сауықтыру құндылығы бар табиғи және басқа да объектілерді тарих немесе мәдениет ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныстар енгізу жатады.

Экологиялық бақылау ұғымы, түрлері және мақсаттары

Экологиялық бақылау, бұл жалпы мемлекеттік бақылаудың бөлігі болып табылады. Экологиялық бақылау - табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғау мен ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің маңызды құқықтық іс-шаралары, экологиялық құқықтың институтының және мемлекеттік басқару қызметі. В.В.Петровтың пайымдауынша, экологиялық бақылау, жалпы алғанда «кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың, яғни шаруашылық қызметтермен айналысатын барлық субъектілер мен азаматтардың табиғи ортаны қорғаудың және қоғамның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын сақтауын тексеру». Экологиялық бақылау - деп, экологиялық заңнаманың талаптарының орындалуын және сақталуын уәкілетті субъектілердің тексеруі жөніндегі қызметін айтамыз.

Экологиялық бақылау құқықтық шара ретінде бірқатар қызметтерді атқарады - ескерту, хабарландыру және жаза қолдану.

Экологиялық бақылау объектілеріне жататындар: қоршаған ортаның және оның жекелеген объектілерінің шаруашылық және өзге де қызметтер әсерінен өзгеруінің дәрежесі мен жағдайы; экологиялық заңнамасының сақталуы; заңды және жеке тұлғалардың табиғат қорғау шараларын орындау бойынша қызметтері, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптама жарлықтары; шарттарда (келісімшарттарда) көзделген шарттар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық талаптардың орындалуын, арнайы табиғат пайдалануға лицензиялар және басқа да объектілер. Экологиялық бақылаудың бұл объектілері ҚР Экологиялық кодексінің 114-бабында «мемлекеттік экологиялық бақылаудың бағыттары» ретінде айқындалған, олар туралы мемлекеттік бақылау тарауында баяндалады.

Объектілеріне байланысты **экологиялық бақылауды бірнеше нысандарға** абөледі: **интеграцияланған** - бүкіл қоршаған ортаны қамтитын; **кешенді** - объектілер тобы мен кешендерді қорғауға байланысты; **дифференцияланған** - табиғаттың жекелеген объектілерін қорғауға бағытталған.

Экологиялық бақылау әдістеріне жататындар:

Қоршаған ортаның сапалы жағдайы мен жекелеген табиғи объектілерді бақылау;

- экологиялық және санитарлық органдардың бұйрықтарын орындалуын тексеру;
- экологиялық заңнаманың талаптары мен нормаларының сақталуын тексеру;
- экологиялық зиянды өндірістерді тоқтату, тоқтата тұру және шектеу;
- кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту.

Барлық мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың және осындай талаптар қойылған азаматтардың ластауынан мемлекеттік экологиялық бақылаудың міндеті қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану бойынша талаптардың орындалуын қамту болып табылады.

Мемлекеттік бақылау ведомствалардың үстінен қарайды.

Мемлекеттік экологиялық бақылау ескерту және ағымды нысанда жүргізіледі. Мемлекеттік экологиялық бақылауды жалпы және арнаулы деп бөлуге болады. Жалпы экологиялық бақылау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың жалпы құзыретін экологиялық бақылау жүзеге асырады. Мұндай органдарға Үкіметтен және жергілікті атқарушы органдардан басқа ҚР Президентін де жатқызған жөн.

Президенттік бақылау тікелей Президентпен, сондай-ақ Президенттің Әкімшілігі арқылы жүзеге асады.

Арнайы мемлекеттік бақылауды - арнайы құзыретті органдар жүзеге асырады.

Инспекторлық экологиялық тексерулер ұғымы, түрлері және оларды ұйымдастыру.

Инспекторлық экологиялық тексеру - мемлекеттік экологиялық бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың табиғат пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтауы туралы ақпаратты жинауы мен талдауы арқылы жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені.

Инспекторлық экологиялық тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

жоспарлы, жоспардан тыс және қарсы, рейдтік, кешенд. Осы белгіленгендерден басқа инспекторлық экологиялық тексерулердің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

Жоспарлы инспекторлық экологиялық тексерулер жылына бір реттен жиі жүргізілмейді.

Жоспарлы немесе кешенді тексерулер жүргізгеннен кейін табиғат пайдаланушыларға ағымдағы күнтізбелік жылдың ішінде жоспардан тыс және қарсы тексерулерді қоспағанда, инспекторлық экологиялық тексерулердің басқа түрлерін жүргізуге жол берілмейді.

Инспекторлық экологиялық тексерулер жүргізудің тәртіптері ҚР ЭК 121-124-баптарында айқындалған.

Өндірістік экологиялық бақылау.

Өндірістік экологиялық бақылаудың мазмұны бәрінен бұрын кәсіпорынның ерекшеліктеріне байланысты. Экологиялық бақылауды кәсіпорын басшысы, функционалды қызмет басшылары және өндірістік бөлімшелердің (бас инженер, энергетик, технолог, механик т.б).

Өндірістік экологиялық бақылау жекелеген өндірістің немесе кәсіпорынның шеңберінде қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралары мен жоспарларының орындалуын қамтамасыз етуді өзіне міндет етіп қояды. Бақылаудың бұл түрі, кәсіпорынның қызметтері қоршаған ортаға немесе жекелген құрауыштарына зиянды әсер келтірген жағдайда жүргізіледі.

Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізудің тәртібі мен табиғат пайдаланушылардың өндірістік экологиялық бақылау жүргізу кезіндегі құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 129-133-баптарында айқындалған.

Қоғамдық экологиялық бақылау экологиялық бақылау түрлерінің жүйесін аяқтайды. Мемлекеттік бақылауға қарағанда, оның міндетті күші жоқ, оның қорытындылары қоғамдық экологиялық ұйымдардың кеңес беру сипатын алған.

Қоршаған ортаға әсерлерді бағалау ұғымы.

Шаруашылық және өзге де қызметтерді негіздейтін құжатнаманы әзірлеудің маңызды сатысы қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу болып табылады (ҚОӘБЖ). Бұл құжаттаманы мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынуға дейін жасайды.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 35-бабына сәйкес, Қоршаған ортаға әсерді бағалау - шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал салдарлары бағаланатын, Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптары ескеріле отырып, қолайсыз зардаптарды «табиғи экологиялық жүйелер мен табиғи ресурстардың жойылуын, жұтандауын, бүлінуін және сарқылуын» болдырмау, қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар әзірленетін рәсім.

Қоршаған ортаға әсер ететін шаруашылық және өзге де жобаларды, қоршаған ортаға әсерін бағаламай әзірлеуге және іске асыруға тыйым салынады. Әсерді бағалау нәтижелерін жоспарлау алдындағы, жоспарлау құжатнамасының, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылады.

Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың кезеңдері және оларды жүргізудің тәртібі.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау мынадай кезеңдерді қамтиды:

1-кезең. Аумақты бағалау (қоршаған ортаның жай-күйін шолу), объектіні орналастыруға арналған учаскені оңтайлы таңдауды негіздеу үшін орындалады;

2-кезең. Инвестициялардың негіздемесіне (жобалардың техникалық-экономикалық негіздемесіне) ілеспе жасалатын қоршаған ортаға әсерді алдын ала бағалау;

3-кезең. Әсерді бағалау, ол жобаны іске асырудың немесе шаруашылық және өзге де қызметті одан әрі жүзеге асырудың ықтимал әсерлерін толық және кешенді талдау, баламалы нұсқаларды негіздеу және қоршаған ортаны қорғауды басқару жоспарын (бағдарламасын) әзірлеу мақсатында орындалады.

4-кезең. Жұмыс жобасы құрамындағы «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, ол қоршаған ортаға қолайсыз әсерлерді болдырмау жөніндегі техникалық шешімдерді қамтиды;

5-кезең. Жобалаудан кейінгі талдау, ол шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру басталғаннан кейін бір жыл өткен соң объектінің қоршаған ортаға қауіпсіздігін растау және табиғат қорғау іс-шараларына түзету енгізу үшін жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаға әсерді бағалаудың 3-кезеңінде ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялардың норматив-тері әзірленеді (ҚР ЭК 37-бабы).

Қоршаған ортаға әсерді бағалауды қоршаған орта саласындағы жұмыстарды орындау мен қызметтер көрсетуге лицензия алған жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау жүргізу процесінде табиғи орта мен адам денсаулығына теріс және оң әсерлер есепке алынуы тиіс (ҚР ЭК 39-бабы).

Әсер ету бағасының қоршаған орта мен экологиялық сараптамаға қатынасы.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау мен экологиялық сараптама біртұтас құқықтық институттың өзара байланысты элементтері болып табылады.

Қоршаған ортаға әсерді бағалау мен экологиялық сараптама екеуі де бір мақсатты көздейді:

1) қоршаған ортаға ықтимал зиянды әсерді талдау мен бағалау;

2) осындай әсерлерді болдырмауға қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнама талаптарында, жобаларында көзделген тиісті шараларды қолдану. Дегенмен, әсерді бағалау мен экологиялық сараптаманың арасында айырмашылықтар бар. Қоршаған ортаға әсерді бағалау негіздеу болатын құжаттаманы әзірлеу барысында, кейде жобалау процесі басталғанға дейін жүргізіледі. Бағалауды тапсырыс берушінің өзі жасайды. Ал, экологиялық сараптама біткен жобалау және жобалау алды құжаттамасына қатысты жүзе-ге асырылады. Оны Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құрған арнаулы сараптама комиссиялары жүргізеді.

Экологиялық сараптама түрлері, мақсаттары және объектілері.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік экологиялық сараптама және қоғамдық экологиялық сараптама жүзеге асырылады.

Экологиялық сараптама:

Жоспарланып отырған басқарушылық, шаруашылық, инвестициялық, норма шығару және өзге де қызметті іске асырудың қоршаған орта мен халықтың денсаулығына ықтимал теріс зардаптарын айқындау және шектеу;

Экономикалық даму мен қоршаған ортаны қорғау мүдделерінің балансын сақтау, сондай-ақ табиғат пайдалану процесінде үшінші тараптарға залал келтіруді болдырмау мақсатында жүргізіледі (ҚР ЭК 45-46-баптары).

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектілері.

Міндетті мемлекеттік экологиялық сараптамаға мыналар жатады:

Жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет жобалары және оларға ілеспе, ҚР Экологиялық кодексінде айқындалған кезеңдерге сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдары;

Табиғат пайдалану мәселелеріне қатысты жоспарлау алдындағы және жобалау алдындағы құжатнаманың барлық түрлері, болжамдардың, экологиялық және өзге де бағдарламалардың жобалары, мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметі негізгі бағыттарының тұжырымдамалары, мемлекеттік инвестициялық бағдарламалар, шарттар келісімшарттар, оның ішінде меншік және жекешелендіру нысандарын өзгертуге қатыстылар;

Қолданыстағы объектілер үшін қоршаған ортаға әсерді бағалау материалдарымен қоса реконструкциялау жобалары;

Қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерінің жобалары;

Іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жобалары, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары;

Кәсіпорындарды, объектілер мен кешендерді, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыруға, салуға, қайта құруға, дамытуға, техникалық қайта жарақтауға, қайта бейімдеуге, жоюға арналған техникалық-экономикалық негіздемелер (есептер) және жобалар, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын өндіру мен пайдалануға арналған биологиялық негіздемелер;

Аумақтарды ұйымдастыру сызбаларының жобалары;

Қалалар мен аумақтарды, оның ішінде арнайы экономикалық аумақтарын және шаруашылық қызметті жүргізудің айрықша режиміндегі аумақтарды салудың (дамытудың) бас жоспарларының жобалары;

Осы аумақтарға ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, экологиялық зілзала аймағы немесе төтенше экологиялық жағдай аймағы құқықтық мәртебесін беруді негіздейтін, аумақтар учаскелерін кешенді экологиялық зерттеу материалдары, сондай-ақ осы аумақтарды оңалту бағдарламалары;

Көршілес мемлекеттердің қоршаған ортасына әсер етуі мүмкін немесе оны жүзеге асыру үшін көршілес мемлекеттермен ортақ табиғи ресурстарды пайдалану қажет болатын немесе көршілес мемлекеттердің халықаралық шарттарда белгіленген мүдделерін қозғайтын шаруашылық және өзге де қызмет жобалары;

Жаңа техникаға, технологияларға, материалдар мен заттарға, соның ішінде шетелден сатып алынатындарына қойылатын экологиялық талаптарды негіздейтін құжатнама.

Табиғи ресурстарды пайдалануға және (немесе) алуға рұқсаттар (лицензиялар) беруді негіздейтін құжатнама;

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган және өз құзыреті шегінде жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайды (ЭК 49-бабы).

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімдері.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүргізу мерзімі мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыратын органдарға алдын ала сараптамадан өткен қажетті барлық құжатнама берілген кезден бастап үш айдан аспауы тиіс.

Алдын ала сараптамадан өткізу мерзімі құжатнаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға келіп түскен күнінен бастап екі аптадан аспауға тиіс. Табыс етілген құжатнама толық болмаған жағдайда ол табыс еткен тұлғаға қайтарылуға жатады.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындысы оны жүргізу нәтижелері бойынша беріледі.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде экологиялық сараптама объектісін іске асыру жөнінде шешім қабылдауға болатындығы мен мүмкіндігі туралы тұжырымдарды қамтиды.

Мемлекеттік экологиялық сараптаманың теріс қорытындысы болған кезде тапсырысшы сараптамаға ұсынылған материалдарды сараптамалық қорытындының ұсыныстары мен

ескертпелеріне сәйкес пысықтауды қамтамасыз етуге және ол белгіленген мерзімде барлық материалдарды қайтадан экологиялық сараптамаға табыс етуге не белгіленіп отырған қызметінен бас тартуға міндетті.

Қоғамдық экологиялық сараптама - қоғамдық бірлестіктер құратын сараптама комиссиялары ерікті негізде жүзеге асыратын қызмет түрі.

Қоғамдық экологиялық сараптама кез келген шаруашылық және өзге де қызметті азаматтардың өмірі мен денсаулығына қолайлы қоршаған ортаны сақтау жөніндегі қоғамдық мүдделердің сақталуы тұрғысынан қарайды.

Қоғамдық экологиялық сараптама объектісі іске асырылған жағдайда мүдделері қозғалатын жеке тұлғалар немесе қоғамдық бірлестіктер қоғамдық экологиялық сараптаманың бастамашысы болуы мүмкін.

Қоғамдық экологиялық сараптаманың ұйымдастырушысы -қоғамдық бірлестіктер, олардың атынан экологиялық сараптама жүргізу туралы өтініш беріледі және сараптама комиссиясының қызметін ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданады.

Қаралатын мәселе бойынша ғылыми және (немесе) практика-лық білімі бар және қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйым-дастырушы қоғамдық сараптама жүргізуге тартқан жеке тұлға қоғамдық экологиялық сараптаманың сарапшысы болып табылады.

Қоғамдық экологиялық сараптаманы қаржыландыру:

қоғамдық экологиялық сараптаманы ұйымдастыратын және жүргізетін қоғамдық бірлестіктердің өз қаражаттары;

ерікті қайырымдылық жарналарынан, өтеусіз негізде ұсынылған гранттар;

Қазақстан Респубкасының заңнамалық актілерінде тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жүзеге асырылады.

Қоғамдық экологиялық сараптама сараптаманы ұйымдасты-рушының оны жүргізу туралы өтініш тіркелген жағдайда жүзеге асырылады.

Қоршаған орта мен табиғи ортаның мониторингі.

Мемлекеттік экологиялық мониторинг (қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі) - табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйінің өзгеруін бағалау, болжау және бақылау мақсатында олардың жай-күйін қадағалаудың кешенді жүйесі.

Атмосфералық ауа, Жер, жер үсті мен жер асты сулары, жер қойнауы, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, сондай-ақ климат пен Жердің озон қабаты, экологиялық жүйелер, қоршаған ортаның халықтың денсаулығына әсер ететін факторлары мемлекеттік экологиялық мониторинг объектілері болып табылады (ҚР ЭК 137-бабы).

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі - экологиялық қауіпсіздікті, табиғи ресурстарды сақтауды, молықтыруды және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында басқарушылық және шаруашылық шешімдерінің қабылдануы үшін қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйін байқауды, сондай-ақ олардың нақты жай-күйі туралы деректерге талдау жасауды қамтитын көп мақсатты ақпараттық жүйе.

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган арнайы мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесе отырып ұйымдастырды.

Қоршаған орта жай-күйінің мониторингі мынадай түрлерді қамтиды:

атмосфералық ауа жай-күйінің мониторингі;

атмосфералық жауын-шашын жай-күйінің мониторингі;

су ресурстарының сапалық жай-күйінің мониторингі;

топырақ жай-күйінің мониторингі;

метеорологиялық мониторинг;

радиациялық мониторинг;

трансшекаралық ластану мониторингі;

фондық мониторинг.

Қоршаған орта жай-күйінің мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ұйымдастырады.

Фондық мониторинг - қоршаған ортаның кешенді фондық мониторингі станцияларының мамандандырылған желісіндегі атмосфера мен басқа да ортаның биосферамен өзара іс-қимылының жай-күйіне бақылау жасау жүйесі (ҚР ЭК 141-бабы).

Табиғи ресурстар мониторингі мынадай түрлерді қамтиды:

жер мониторингі;

су объектілері және оларды пайдалану мониторингі;

жер қойнауы мониторингі;

ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мониторингі;

таулы экожүйелер мен шөлейттену мониторингі;

орман мониторингі;

жануарлар дүниесі мониторингі;

өсімдіктер дүниесі мониторингі.

Табиғи ресурстар мониторингі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады (ҚР ЭК 142-бабы).

Мониторингтің арнайы түрлеріне жататындар:

әскери-сынақ полигондарының мониторингі;

«Байқоңыр» зымыран-ғарыш кешенінің мониторингі;

парниктік газдардың және озон қабатын бұзатын заттарды тұтынудың мониторингі;

санитарлық-эпидемиологиялық мониторинг;

климаттың және жердің озон қабатының мониторингі;

төтенше экологиялық жағдайлар және экологиялық зілзала ай-мағының мониторингі;

ғарыштық мониторинг (ҚР ЭК 143-бабы).

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингі бірыңғай мемлекеттік жүйесінің мониторингін жүргізу мынадай үш деңгейде жүзеге асырылады:

жергілікті (өндірістік мониторинг және елді мекендердің нақты учаскелерінің, су тоғандары мен өзендердің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мониторингі;

өңірлік (өңірлердің физикалық-географиялық және экономикалық ерекшеліктерін, экологиялық тұрғыдан ауыртпалықты аймақтардың бар-жоғын және қоршаған ортаның жай-күйімен табиғи ресурстардың пайдаланылуына әсер ететін табиғи және техно-гендік факторлар кешенін ескере отырып, әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі мониторинг);

республикалық (қажет болған кезде жалпы мемлекеттік мәні бар ірі өңірлер мен жекелеген объектілерді бөліп көрсете отырып, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағын қамтитын мониторинг).

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесі бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы табиғи ресурстық кадастр және кадастрлардың басқа да түрлері.

Қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етудің маңызды шарты табиғи ресурс-объектілері туралы, олардың жай-күйі мен жағдайы туралы толық және шынайы мағлұматтар алу болып табылады. Мұндай деректерді алу табиғи ресурстардың мемлекеттік есебін алу және мемлекеттік кадастрлар жүргізу арқылы жүзеге асырылады. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары табиғи объектілердің саны мен сапасы туралы жағдайының ақпарат көзі болып табылады. Бұл кадастрлардың мазмұнындағы мәліметтер басқару қызметтерін жүзеге асыру кезінде міндетті түрде ескеріледі. Толық және шынайы ақпараттардың болуы тиімді басқару шешімдер қабылдауға ықпалын тигізеді.

Кадастрлардың негізінде оның сатылу бағасы, табиғаттың бұзылған жай-күйін қалпына келтіру бойынша шаралардың табиғи нысандарды ақшалай бағалау жүргізіледі.

Тиісті кадастрлар мазмұнындағы табиғи ресурстардың сапасы жөніндегі деректер табиғи ресурстарды пайдалануға ұсыну туралы шешімді қабылдау кезінде негіз болатындығы маңызды.

Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары Экологиялық кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен табиғи ресурстардың сандық және сапалық көрсеткіштері туралы ақпараттың жүйелендірілген жиынтығы болып табылады.

Қоршаған ортаның құрамдас бөліктері: жер, су, орман, топырақ, жер қойнауы, өзара байланыста болатын жануарлар мен өсімдіктер дүниесі Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің объектілері болып табылады.

Кадастрлардың бірыңғай жүйесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган табиғи ресурстардың жай-күйі мен оларды пайдалану есебі деректерінің негізінде табиғи ресурстардың тиісті түрлерінің мониторингін жүзеге асыратын арнайы уәкілетті органдармен бірлесіп жүргізеді.

Кадастрлардың бірыңғай жүйесінің құрылымын арнайы уәкілетті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Экономикалық реттеудің мәні

Қоршаған ортаны және табиғат пайдалануды экономикалық реттеу тетіктерінің түрлері.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау мен қаржыландыру;

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін ақы төлеу;

табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін ақы төлеу;

қоршаған ортаны қорғауды экономикалық ынталандыру;

нарықты тетіктер және қоршаған ортаға эмиссиялар үшін квоталарды сату;

экологиялық сақтандыру;

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

Технологиялық, техникалық ұйымдастыру, әлеуметтік және экономикалық шаралар кешені ретінде қоршаған ортаны қорғауға бағытталған қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар және олардың сапасы ҚР ЭК-нің 96-бабында айқындалған.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру: бюджет қаражаты; табиғат пайдаланушылардың өз қаражаты; Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

Экологиялық бағдарламаларды әзірлеу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы жобалардың ашық конкурстары жүргізілуі мүмкін, оларды өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Табиғат пайдаланушының өз қаражаты есебінен қаржыландырылатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларды табиғат пайдаланушы дербес жоспарлайды.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

Табиғат пайдаланушылар экологиялық рұқсатта айқындалған нормативтер шегінде жүзеге асыратын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ластаушы заттардың және қалдықтар түрлерін, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тізбесіне сәйкес алынады. 2007 жылы 28 желтоқсанда ҚР Үкіметі Қоршаған ортаға эмиссиялар төлемақысының базалық және шекті ставкаларын бекітті.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін 2008 жылға төлемақының ставкалары

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Атаулары	Ставкалары, теңге
1	Ластаушы заттардың тұрақты көздерден шығарындылары «1»	шартты тонна		2200

2	Ластаушы заттардың қозғалмалы көздерден шығарындылары:	тонна		
	- этилденбеген бензин үшін			890
	- дизель отыны үшін			1 411
	- сұйытылған, сығылған газ үшін			800
3	Ластаушы заттардың төгінділері:	шартты тонна		
	-су көздеріне «2»			35 000
	-жинақтауыштарға, сүзу алаңдарына, жер бедеріне			21 000
4	Коммуналдық (қатты тұрмыстық) қалдықтар «3»	тонна		770
5	Өнеркәсіптік қалдықтар:	тонна	«қызыл» тізім	38 500
	-өндіріс пен тұтынудың қауіпті қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастыру		«яңтарлық» тізім	19 200
			«жасыл» тізім	4 800
			Классификацияланбағандар	2 500
	Бұдан басқа:			
	-аршынды жыныстар «4»	Куб метр		10,7
	-байыту шлактары,шламдары, қалдықтары «4»			109,5
-күл мен күлшлактар «4»	тонна		1536	
-ауылшаруашылығы өндірісінің қалдықтары	тонна		512	
6	Радиоактивті қалдықтар:	Гигабеккерель		
	-трансурандық қалдықтар			2 060
	-альфа – радиоактивті қалдықтар			1 030
	-бета–радиоактивті қалдықтар			103
	-шынылы радиоактивті көздер			1 030
7	Заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластаушы заттардың шығарындылары	шартты тонна		61 134,5

Ескертпе:

1) ISC 14001:2004 халақаралық стандартына сәйкес сертификатталған кәсіпорындары үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

«1»- 0,75 коэффициенті,

«4»- 0,75 коэффициенті енгізіледі;

2) халыққа коммуналдық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері болып табылатын кәсіпорындар үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

«1»-0,3 коэффициенті;

«2»-0,43 коэффициенті;

«4»-0,25 коэффициенті;

3) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін халықтан құрылған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем ставкаларына мына коэффициенттер енгізіледі:

«3»-0,2 коэффициенті;

4) кәсіпорындар төлемнің ставкалары бір мезгілде ескертпенің 1) және 2) тармақшаларына жатқызылған жағдайда ескертпенің 2) тармақшасының коэффициенттерін қолданған жөн.

Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемдер есептеу әдістемесі қоршаған ортаны қорғау саласының уәкілетті органымен бекітіледі.

Қоршаған ортаға төлемақы ставкаларын облыстардың жергілікті өкілдік органдары белгілейді (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар), бірақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген базалық ставкалардан төмен болмайтындай және шекті ставкалардан төмен болмауы тиіс.

Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер.

Табиғи ресурстардың жекелеген түрлерін пайдаланғаны үшін бюджетке төленетін міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленеді.

Қоршаған ортаға эмиссияларды басқарудың нарықтық тетіктері

Қоршаған ортаға эмиссияларды қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер квоталар белгілеу және қоршаған ортаға эмиссияларды қысқартуға арналған квоталар мен міндеттемелер саудасының тәртібін бекіту жолымен нарықтық тетіктер енгізілуі мүмкін.

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау

Қоршаған ортаға келтірілген залалды экономикалық бағалау - қоршаған ортаны және табиғи ресурстардың тұтыну қасиеттерін қалпына келтіру үшін қажетті шығындардың күндық көрінісі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғаларды қоршаған ортаға залал келтіру фактісі анықталған күннен бастап бір ай мерзімі ішінде қажетті материалдарды жинау мен талдауды жүргізеді және келтірілген залалға экономикалық бағалауды белгілейді.

Атмосфералық ауаны және су ресурстарын белгіленген нормативтерден тыс ластаудан, сондай-ақ өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, оның ішінде радиоактивті қалдықтарды белгіленген нормативтерден тыс орналастырудан келтірілген залалды экономикалық бағалау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін ережелерге сәйкес тура немесе жанама әдістермен айқындалады.

Залалды экономикалық бағалаудың тура әдісі неғұрлым тиімді инженерлік, ұйымдық-техникалық және технологиялық іс-шаралар арқылы қоршаған ортаны қалпына келтіруге жұтандаған табиғи ресурстардың орнын толтыруға, тірі организмдерді сауықтыруға қажетті нақты шығындарды анықтаудан тұрады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды тұлғалары бірінші кезекте қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаның қоршаған ортаны қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады.

Залалды тура әдіспен экономикалық бағалау кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары тәуелсіз сарапшыларды тарта алады. Сарапшылар ретінде экологиялық аудиторлар, жобалау, инженерлік және ғылыми ұйымдардың мамандары қатыса алады.

Тәуелсіз сарапшылар жұмысына ақы төлеу жөніндегі міндет қоршаған ортаға залал келтірген тұлғаға жүктеледі.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі залалды экономикалық бағалаудың тура әдісін қолдану мүмкін болмаған жағдайда қолданылады.

Залалды экономикалық бағалаудың жанама әдісі қоршаған ортаға әсер ету түрлеріне қарай залалды әрбір ингредиент бойынша жиынтықтау жолымен айқындалады.

Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық шаралары.

Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы сипаттамасы мен түсінігі. Қазақстан Республикасында экологиялық қауіпсіздікті сақтаудың құқықтық шаралары. Қоршаған ортаның сапасын нормалау және сапасы нормативтерінің негізгі түрлері. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттау мен сертификаттаудың құқықтық шаралары. Қоршаған ортаға әсерді бағалау. Шаруашылық және басқа да қызметке қойылатын экологиялық талаптар. Халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары. Төтенше экологиялық ахуал мен апат аймақтарының құқықтық жағдайы.

Шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыру кезіндегі экологиялық талаптар. Экологиялық талаптар туралы жалпы талаптар

Экологиялық талаптар келесі түрлерге бөлінеді:

1. шаруашылық және өзге қызмет түрлеріне қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
2. табиғи ресурстарды пайдалану кезіндегі қойылатын экологиялық талаптар;
3. ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қойылатын экологиялық талаптар;
4. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мемлекеттік қорық аймағындағы шаруашылық және өзге қызмет түрлеріне қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
5. Радиациялық материалдар мен атом энергиясын пайдалануға және радиациялық қауіпсіздікке қойылатын жалпы экологиялық талаптар; ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен организмдерді өндіру және пайдалану кезінде қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
6. өндіріс және тұтыну қалдықтарына меншік құқығын анықтау кезіндегі қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
7. әскери және қорғаныс, әскери қызметтерге қойылатын жалпы экологиялық талаптар;
8. Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасымен өзге де экологиялық талаптар белгіленуі мүмкін. (ҚР ЭК 194-бап).

Экологиялық талаптарды есепке алу - Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде жекелешендіруді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік орган экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Кәсіпорындарды және өзге де объектілерді жекешелендіру кәсіпорынды және өзге де объектіні жекешелендіру жоспарында көзделуге тиісті экологиялық жай-күйді тексерудің нәтижелері ескеріле отырып жүзеге асырылады және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен жүзеге асырылады.

Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс қозғалған кезде міндетті экологиялық аудит жүргізіледі.

Пайдаланушы заңды тұлғаның банкроттығы туралы іс қозғалған кезде міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін есепке алуы қамтамасыз етіледі.

Экологиялық қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру міндетті экологиялық аудиттің нәтижелерін есепке ала отырып және оларды бөлу балансында (бөліну немесе бөлініп шығу нысанындағы қайта ұйымдастыру кезінде) және өткізу балансында (бірігу нысанындағы қайта ұйымдастыру кезінде) көрсете отырып жүргізіледі.

Экологиялық ықтимал қауіпті шаруашылық және өзге де қызметтер түрлерін жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы заңды тұлғаны тарату кезінде оның нәтижелері тарату балансында міндетті түрде көрсетілетін жоспардан тыс инспекторлық экологиялық тексеру тағайындалады.

Экологиялық талаптар туралы жалпы ережелер.

Кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп ауыл шаруашылығы объектілерін, сумен жабдықтау жүйелерін, кәріздерді, гидротехникалық құрылыстарды, көлік және байланыс объектілерін, технологиялық процестерді, бұйымдар мен жабдықтарды, басқа да объектілерді жобалау кезінде:

қоршаған орта сапа нормативтерінің сақталуы; қауіпті қалдықтардың залалсыздандырылуы және кәдеге жаратылуы; қалдығы аз және қалдықсыз технологиялардың пайдалануы; қоршаған ортаны ластаудың алдын алудың тиімді шараларының қолдануы; табиғи ресурстарды молайту және ұтымды пайдалану көзделуі тиіс.

Мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптаманың оң қорытындысы жоқ жобаларды қаржыландыруға және іске асыруға тыйым салынады.

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беру жобада көзделген барлық экологиялық талаптар толық көлемде орындалған жағдайда қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қатысуымен құрылатын қабылдау комиссиясының актісі бойынша жүргізіледі.

Қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды, төгінділерді залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қоршаған ортаны қорғау нормативтерін қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатпай, сондай-ақ жерді қайта культивациялау, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану жөніндегі жобада көзделген жұмыстарды аяқтамай кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

Шаруашылық және өзге де объектілерді жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы келесілерге жауапкершілікте:

өзіне бөлінген аумақта жұмысты экологиялық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізу; қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі белгіленген құжатнаманы жүргізу және бүкіл қызметі бойынша мемлекеттік органдарға белгіленген есептілікті беру; мемлекеттік бақылаушы органдар инспекцияларының жұмысына жәрдемдесу және заңды нұсқамаларды белгіленген мерзімде орындау үшін жауапкершілікте болады.

Әрбір объектіде табиғат пайдаланушы міндетті:

1. өндірістік экологиялық бақылауды ұйымдастыруға, жүргізуге және бақылаушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға жауап беретін арнайы бөлімше құруға не қызметкерді тағайындауға;
2. қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін, қоршаған ортаны және мүлікті қорғау мақсатында барлық операцияларды неғұрлым қауіпсіз тәсілмен жүргізуге және жабдықтарды қауіпсіз жай-күйде ұстауға;
3. барлық қызмет түрлері бойынша қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдармен келісілген, кемінде бес жылда бір рет қайта қаралатын қоршаған ортаны қорғау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеп, бекітуге тиіс. Нормативтік-техникалық құжаттар жаңа үлгілік ережелер мен нормаларды, жаңа технологиялық процестерді, қондырғыларды, машиналар мен аппаратураларды енгізу кезінде де қайта қаралуға тиіс;
4. жұмыс учаскелерінде (объектілерінде) табиғат пайдаланушының жауапты лауазымды тұлғалары анықталған кемшіліктерді жоюдың мерзімдерін көрсетіп, техникалық және экологиялық қауіпсіздіктің жай-күйін жазатын тексеру журналдарын жүргізуі тиіс.
5. экологиялық қауіпті объектілердегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүргізу тәртібі табиғат пайдаланушы әзірлеген арнайы ережеде белгіленуі тиіс.

Табиғат пайдаланушыда Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының бұзылуының, дүлей зілзалалар мен табиғи катаклизмдердің нәтижесінде туындаған апаттық жағдайларды жою немесе оқшаулау жөніндегі әрекеттер жоспары болуы тиіс.

Экологиялық талаптардың, нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың бұзылуын немесе адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін анықтаған қызметкер туындаған жағдайды жою немесе

оқшаулау жөніндегі шамасы жететін барлық шараларды дереу қабылдауға және ол жөнінде диспетчерге немесе басшылыққа хабарлауға міндетті.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган, сондай-ақ шаруашылық және өзге де объектілерді пайдалануды жүзеге асыратын табиғат пайдаланушы анықталған кемшіліктердің белгіленген мерзімде жойылуын бақылауға тиіс.

Өндірістегі жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған апаттар жазатайым оқиғаларға және экологиялық зардаптарға әкеп соқпаған апаттарды техникалық тексеру және есепке алу жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес тексеріледі. Ерекше жағдайларда ірі техникалық апаттарды және экологиялық зардаптарды сондай-ақ, топтық жазатайым оқиғаларды тексеру үшін комиссия тағайындалады.

Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған апаттар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Қалаларды және басқа да елді мекендерді жобалау, салу, қайта құру экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар мен экологиялық қауіпсіздікті ескере отырып, халықтың өміріне, еңбек етуі мен демалуына мейлінше қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс. Қалалар және басқа да елді мекендерді жоспарлау және салу кезінде оларды санитарлық тазарту, өндіріс пен тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу көзделуге және жүзеге асырылуға, шектеулі табиғат пайдалану режимі қолданылатын орманды-сая-бақты, жасыл және қорғау аймақтары құрылуы тиіс.

Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерлерді айқындау қоршаған ортаны қорғаудың шарттары мен ережелері сақтала отырып, аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріліп жүргізіледі.

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзет, санитарлық-қорғау және өзге де қорғау аймақтары белгіленеді. Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді салу және қайта құру мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары болғанда және қоршаған орта сапасының нормативтеріне сәйкес жүзеге асырылады. Бекітілген жобаны немесе жұмыс құнын қоршаған ортаны қорғауға залал келтіре отырып, өзгертуге жол берілмейді.

Құрылыс жұмыстарын орындау кезінде жерді қалпына келтіру, табиғи ресурстарды молайту мен ұтымды пайдалану, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі шаралар қолданылуы тиіс.

Жоба бекітілгенге дейін және нақты жер учаскесі бөлінгенге дейін объектілерді салуға, қайта құруға тыйым салынады.

Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылық мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстарымен санитарлық күзет аймақтары пайдалана отырып жүзеге асырылуы тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуі тиіс.

Жеке және заңды тұлғалар топырақты, су тоғандарын, ормандарды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін ауыл шаруашылығы қызметінің зиянды әсерінен қорғау жөніндегі шаралар кешенін орындауға міндетті.

Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауға, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Атом электр станцияларын орналастыру және салу жоба мен мемлекеттік экологиялық санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындысы болғанда жүзеге асырылады. Атом электр станцияларының жобалары оларды қайталануды қауіпсіз

түрде шығаруды қамтамасыз ететін шешімдерді, сондай-ақ қалдықтарды кәдеге жарату жөніндегі шараларды қамтуы тиіс.

Атом электр станцияларын орналастыру, жобалау және салу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толық радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданды.

Жылу электр станцияларының іргелес аумақтың ауа бассейнінің жай-күйіне зиянды әсерін шектеу мақсатында оларды орналастырудың алдында жобаның құрамында әрбір энергетика ұйымы (және оның әрбір лаптаушы көзі) үшін жылу электр станциясының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бақылау көрсеткіштері (секундына грамм есебімен) және жылдық нормативтер (жылына тонна есебімен) белгілеу арқылы қоршаған орта эмиссияларды нормалау жүргізіледі.

Бақылау көрсеткіштерін (секундына грамм есебімен) есептеу және қоршаған ортаға эмиссияларды азайту жөніндегі тиісті іс-шараларды әзірлеу жылу электрстанциялары жабдықтарының жоспарланып отырған ең жоғары өнімділігін негізге ала отырып (жоспарлы жөндеуді, резервке шығаруды ескере отырып) жүргізіледі.

Су электр станцияларын орналастыру, жобалау және салу кезінде тиісті өңірлердің электр энергиясына нақты қажеттігі, аумақтың сейсмикалығы мен объектіні орналастыруға арналған жердің рельефі, жалпы алғанда қоршаған ортадағы елеулі түрдегі теріс өзгерістерді болғызбауды қамтамасыз ететін ормандар мен жерлерді сақтау, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі ресурстарын тиімді қорғау жөніндегі шаралар толық ескерілуге тиіс.

Жобалану және салыну үстіндегі электр станциялары үшін қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін сақтау оларды пайдалануға қабылдау кезіне қарай қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, осы Кодексте белгіленген экологиялық талаптар әскери және қорғаныс нысандары мен әскери қызметке қолданылады.

Жерді, жер қойнауын, суды, орманды және өзге де өсімдіктерді, жануарлар дүниесін пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалады.

Табиғи экологиялық жүйелердің бұзылуына, тірі организмдердің генетикалық қорының жойылуына, халықтың өмірі мен денсаулығына қауіпті қоршаған ортаның басқа да өзгерістеріне әкеп соғатын шаруашылық және өзге де қызметке тыйым салынады. (ҚР ЭК198-207-баптары).

ҚР ЭК 175-бабына сәйкес аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау критерийлердің қосымша немесе көмекші түрлерін пайдалана отырып, критерийлердің басты түрлерін негізге ала отырып жүргізіледі. ҚР Үкіметі осы критерийлерді 2007 жылғы 31 шілдедегі қаулысымен бекітті.

Жылу электрстанцияларының қазандықтарында әртүрлі отын түрлерін жағу кезіндегі қоршаған ортаға эмиссия талаптарының Техникалық регламентінің экологиялық талаптарын Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.

Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрылымы.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің түрлері.

Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық- құқықтық жауапкершіліктің түсінігі және түрлері.

Экологиялық зиянның түсінігі мен түрлері.

Табиғи ресурстарға келтірілген зиянды өтеудің тәртібі.

Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау туралы дауларды қарау және шешу тәртібі.

Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершіліктің жалпы сипаттамасы.

Қазақстан Республикасының экологиялық құқықтары оқу құралының авторлары Д.Л.Байделдинов пен С.Д.Бекишева атап көрсеткендей, экологиялық маңызды құқыққа қарсы әрекеттер міндетті түрде кінәлі түрде жасалмайды. Сонымен бірге олар мысал ретінде жоғарғы қауіптілік көздерінің иелеріне сілтеме жасайды. ҚР Экологиялық кодексінің 321-бабында: Қызметі қоршаған ортаға жоғары қауіптілікпен байланысты жеке және заңды тұлғалар, егер зиянның еңсерілмейтін күш немесе жәбірленушінің теріс пиғылы салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, жоғары қауіп көзі келтірілген зиянды өтеуге міндетті, - деп көрсетілген. Атап көрсетілген баптан, мұндай жағдайларда шығындар кінәсіне байланысты емес өтелуі тиіс екендігі шығады.

Экологиялық құқықбұзушылық үшін жауапкершілік деп — қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілетті органдардың, құқық қорғау органдарының және өзге де уәкілетті субъектілердің тұлғасындағы мемлекет пен экологиялық құқық бұзушылықты жасаған тұлға арасындағы (жеке, лауазымды немесе заңды) құқықбұзушыға тиісті өндірулер қолдануды түсінеді.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік жалпы заң алдындағы жауаптылықтың құрамдас бөлігі болып табылады және оған тән барлық сипаттарға ие. Дегенмен, оның экологиялық-құқықтық қатынастар ерекшеліктерімен айқындалатын өзінің өзгешелігі бар.

Біріншіден, экологиялық құқықбұзушылықпен келтірілген залал, басқа да құқық бұзушылықтан келтірілген залалға қарағанда, екі аспектіде қарастырылады экономикалық (материалдық) және экологиялық (материалдық емес). Бірақ, бірқатар жағдайларда, табиғатты қорғау саласында келтірілген зиянды заттай өндіруге және бұзылған жағдайды қайта қалпына келтіру өте күрделі, ал кейбір жағдайларда тіпті мүмкін емес болғандықтан ол ақшалай түрде өтеледі. Сондықтан, мүліктік жауаптылық осы салада материалдық жауапкершілікте айқындалады.

Екіншіден, келтірілген зиянның мөлшерін анықтауда да өзіндік өзгешіліктер бар.

Үшіншіден, экологиялық заңнаманы бұзушыларға қолданылатын мәжбүрлеу шараларының ішінде мыналар бар (айыру, шектеу немесе пайдалану құқығын тоқтата тұру).

Төртіншіден, табиғи объектілерге заңсыз иелік ету жағдайында басқа объектілерге заңсыз қожалық ету жағдайындағыдай мысал үшін заңсыз аң аулауға, заңсыз

ағаш кесуге, өз бетінше жерді иелену, жымқырғаны үшін емес, арнаулы баптар бойынша жауаптылық туындайды.

Экологиялық-құқықтық жауапкершілік өзара байланысқан үш аспектіде қарастырылады: Заңмен жазылған талаптарды орындауға мемлекеттік мәжбүрлеу ретінде; Мемлекет пен (оның органдарының тұлғасында) құқықбұзушы арасындағы құқықтық қатынастар ретінде; Құқықтық институт ретінде, яғни құқықтың әртүрлі салаларының заң нормаларының жиынтығы (жер, тау, су, орман, табиғат қорғау және басқалар).

Д.Л.Байделдинов пен С.Д. Бекишева біздің пайымдауымызша, экологиялық құқық бұзушылыққа келесі анықтауды дұрыс берген сияқты - бұл, әдетте мемлекетке, заңды және жеке тұлғалардың заңды мүдделері мен экологиялық құқықтарына қол сұғушылық немесе қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруге нақты қауіп төндіретін кінәлі, құқыққа қарсы әрекет (іс-әрекет немесе әре-кетсіздік).

Құқықбұзушылық туралы тек, олардың қалыптасуының барлық элементтері бар жағдайда айтуға болады, олар: құқықбұзушылық объектісі, объективті жағы, кінә, субъективті жағы және субъект, яғни құқықбұзушылық құрамы анық болған жағдайда. Экологиялық құқықбұзушылықтың объектісі ретінде табиғатты ұтымды пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қоғамдық қатынастар қарастырылады

С.Д.Бекишеваның тұжырымы бойынша - қоршаған ортаның сапасы мен жай-күйін қамтамасыз етуге және сақтауға байланысты қоғамдық қатынастар экологиялық құқықбұзушылықтың объектісі болып табылады. Дегенмен, экологиялық құқықбұзушылық объектісіне мейілінше дұрыс анықтаманы М.М.Бринчук берген сияқты, ол экологиялық құқықбұзушылық объектісі деп, құқық нормаларымен қорғалатын және реттелетін жалпы алғандағы қоршаған орта мен оның жекелеген компоненттеріне қатысты қоғамдық қатынастарды құқықбұзушылық объектісі деп есептейді. Ол, осы экологиялық құқықбұзушылықтың мазмұнына кіргізгендер: табиғи ресурстарға меншіктік қатынастар; табиғат пайдалану бойынша қатынастар; қоршаған ортаны зиянды әсерлерден қорғау; адам мен азаматтың заңды мүдделері мен экологиялық құқықтарын қорғау.

Объективті жағынан экологиялық құқықбұзушылық та кез келген құқық бұзушылық секілді құқыққа қарсы іс-әрекет арқылы жасау (ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу және зақымдау) немесе әрекетсіздік (жер қойнауын қорғау ережелерін орындамау).

Формалды құрамы, яғни жауапкершілік қоғамға қауіпті зардаптарға қатысты емес, құқық бұзушылық жасалудың нақты дәйегіне туындайды. Құқықбұзушылық құрамының үшінші белгісі кінә болып табылады, ол екі нысанда: қасақана (тікелей және жанама) және абайсыздық (өркөкіректік пен ұқыпсыздық).

Экологиялық құқықбұзушы субъектісі (ақыл есі дұрыс, белгілі бір жасқа жеткен) азаматтар мен заңды, мемлекеттік және мемлекеттік емес, ұлттық және шетелдік тұлғалар (мысалы ластау субъектісі) бола алады. Бір қатар жағдайларда арнаулы субъект туралы айтқан жөн, яғни заңның тиісті баптарында арнаулы деп аталғандар туралы.

Қоршаған ортаны қорғау саласында әкімшілік құқықбұзушылық субъектісі лауазымды тұлға және заңды тұлға болуы жиі кездеседі (лауазымды тұлға (242-бап ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру және қоршаған ортаға басқа да зиянды апаттық әсері туралы хабарламау немесе бұрмаланған ақпарат беру). Бір қатар жағдайларда экологиялық құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік жалпы және арнаулы субъектіге жүктеледі (252-бап. Жерді пайдаланудың табиғи қорғау режимі талаптарын орындамау лауазымды тұлғаларға ескерту жасауға немесе айыппұл салуға әкеп соғады).

Құқық бұзушылықтың құрамының элементтерінің бірі субъективті жағы болып табылады, яғни құқық бұзушылық жасаумен байланысты психикалық іс-әрекет. Оның міндетті белгісі субъектінің іс-әрекетінде қасақана немесе абайсыз түрде көрініс табатын (бұл туралы жоғарыда айтылып өтті) жасаған құқық бұзушылығы.

Құқық бұзушылық құрамының мәніне қарай тиісті жауаптылықтың тиісті түрін қолдануына қарай құқық бұзушылықтың түрін айқындайды.

Экологиялық құқық бұзушылық құрамына байланысты әкімшілік немесе тәртіптік тәртіп бұзу немесе қылмыс болуы мүмкін, оларды жасағаны үшін әрине әкімшілік, тәртіптік және қылмыстық жауапкершілік туындайды. Зиян тигізу немесе залал келтіру азаматтық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соғады, оған құқық бұзушының жауаптылықтың басқа түрлеріне тартылғандығына қарамастан әкеп соғуы мүмкін.

Жауаптылықтың кейбір түрлері бірден қолданылуы мүмкін, мысалы, тәртіптік жауапкершілік оған қоса залалдың орнын толтыру, ал басқалары - тек қосымша негізде қолданылуы мүмкін. Бұл қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке қатысты. Осы берілген құқық бұзушылықтардың объективті жағы сәйкес келуі мүмкін, айырмасы тек жасалған іс-әрекет үшін жауапкершіліктің дәрежесінде ғана, сондықтан бір құқық бұзушылық үшін бір мезгілде қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартуға болмайды.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін заң алдындағы жауаптылықтың түрлері.

Тәртіптік жауапкершілік - бұл, тәртіп бұзғаны үшін қызметкерге тәртіптік өндіру арқылы қолданылатын санкция.

Қазақстан Республикасының 2007 жылығы 15 мамырда қабылғаған Еңбек кодексіне сәйкес, еңбек міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған үшін және сонымен қатар тәртіп бұзғаны үшін, жұмыс беруші келесі тәртіптік өндірулер қолдануға құқылы: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, жұмыс берушінің бастамасымен еңбек шартын бұзуға.

Әкімшілік құқықбұзушылық - бұл азаматтардың, лауазымды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзғаны үшін заң алдындағы жауаптылығының түрі.

Әкімшілік экологиялық құқықбұзушылық - мемлекетте белгіленген экологиялық құқық тәртібіне, халықтың денсаулығы мен экологиялық қауіпсіздігіне, қоршаған ортаға залал келтіру немесе осындай залал келтіруге нақты қауіп төндіретін және бұл үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген заңға қайшы қол сұғушылық, кінәлі іс-әрекет немесе әрекетсіздік.

Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылу - мемлекеттің құзыретті органдарының жасалған экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік өндіру шараларымен айқындалады. Мұндай органдарға сот және қоршаған ортаны қорғау саласындағы арнаулы уәкілеттенген органдар (олардың лауазымды тұлғалары) жатады.

Әкімшілік жауапкершілікке, әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған сәтте 16 жасқа жеткен тұлғалар тартылады.

«Қоршаған орта мен табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық» кодексінің 19-тарауында құқық бұзушылықтың 67 құрамы жазылған. Олардың 4-і қоршаған ортаға қойылатын экологиялық талаптарға жатады, 9-ы жерді қорғауға, 15-і жер қойнауын қорғауға, 6-ы атмосфералық ауаны қорғауға, 6-ы суларды қорғауға, 14-і ормандарды қорғауға, 2-і өзге де өсімдіктерді қорғауға, 3-і жануарлар дүниесін қорғауға, 1-і Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғауға, 6-ы континенталды қыртысты қорғауға жатады.

Бұл құқық бұзушылықтың құрамын бірнеше топтарға топтастыруға болады.

«ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексі сондай-ақ лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестациясынан (куәлігінен) айыруға немесе оның қызметтің белгілі бір түріне яки белгілі бір іс-әрекеттер жасауға әрекетін тоқтата тұруға; жеке кәсіпкердің қызметіне тыйым салуға немесе тоқтата тұруға; өз бетінше салған немесе салынып жатқан құрылыстарды мәжбүрлеп бұзуға, сондай-ақ заңды тұлғаның қызметіне тыйым салуға немесе тоқтата тұруды көздейді.

Айыппұлдың нақты мөлшерін, құқық бұзушылықтың түріне және сипатына, құқық бұзушының кінәсіне және келтірілген зиянға байланысты салық салушы орган айқындайды.

Әкімшілік айыппұлдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы соған уәкілетті органдармен тағайындалады (суқорғау, орман-қорғау, балыққорғау, ветеринариялық,

санитарлық қадағалау). Айыппұл салу кінәлілерді қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеу міндетінен босатпайды.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік үшін мемлекеттік мәжбүрлеудің кез келгені тән емес, оған тек шарттағы міндеттерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны, шарттан тыс зиян келтіргеніне байланысты теріс мүліктік салдарға мәжбүрлеу ғана жатады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің мақсаты құқықбұзушының есебінен немесе басқаның құқықбұзушылығына жауапты тұлғаның есебінен бұзылған мүліктік жағдайын қалпына келтіру болып табылады.

Азаматтық-құқықтық жауапкершілік - бұл азаматтық құқық пен міндеттемелерді бұзушыларға құқықбұзушылық болғанға дейінгі жай-күйді қайта қалпына келтіруді мақсат ететін, қолданылатын мүліктік сипаттағы іс-шаралардың жүйесі.

Такса ұғымы тауардың бұрын белгіленген бағасы немесе бір нәрсенің төлемінің нормасы. Экология саласында таксалық әдіс жиі - шығындарды есептейтін жалғыз ықтимал нұсқа. Бұл жерде такса заңсыз алынған өнімінің сол немесе басқа да бір түрінің әрбір данасы үшін өтем мөлшерін нақты айқындап береді. Бұл сомаға заңсыз алынған немесе табиғи объектіні жоюға байланысты: алынбаған өнімнің (ағашты, жүнді, етті және т.т.), табиғи объектіні жақсарту үшін салынған салымдардың жұмсалмаған шығындар, объектінің бұрынғы жай-күйін қалпына келтіруге жұмсалатын шығындардан туындаған кері салдардың бәрінің құны кіреді.

ҚР Үкіметінің 04.09.2001 жылғы Қаулысымен жануарлар дүниесін қорғау, пайдалану және молықтыру туралы заңнаманы бұзғаны, келтірілген залалдың орнын толтырудың, әр түрі үшін такса бойынша есептелетін (бір килограмм үшін) Мөлшері айлық есеп көрсеткішімен белгіленді.

Таксалар жер үстіндегі сүтқоректілерге, құстарға, бауырымен жорғалаушы қосмекенділерге, жәндіктерге, өрмекші тәрізділерге, балықтарға, теңіз сүт қоректілері мен су омыртқасыздарына анықталған. Мысалы, ілбісті жойғаны үшін, залалды өтеу 2000 айлық есептік көрсеткіш, сұңқарға 700 айлық есептік көрсеткіші, бекіре, шоқыр, бекіре гибридтері, 5 айлық есептік көрсеткіші және т.т. Таксалық жауапкершілік орман заңнамасын бұзғаны үшін де белгіленген. ҚР Үкіметі 31 мамырда 2007 жылы Қазақстан Республикасының орман заңнамасын бұзу арқылы келтірілген залал мөлшерін есептеу Базалық ставкаларды белгіледі. Сонымен, мысалы: Заңсыз түрде ағаштар мен бұталарды өсу деңгейі тоқтағанша кесу мен зақымдауға, ағашты жеке және заңды тұлғалардың тонауы, зиянды өтеу мөлшері 1 м³ үшін айлық есептік көрсеткіші, діңнің жоғарғы шетінің кесіндісіне байланысты, қабықсыз, ірі (25 см. және одан көп) Арша -16,0; Шырша Шренка - 21,0; самырсын - 28; емен, шаған - 19,0; сексеуіл - 6,0; майда (3 см. 12 см. дейін) осы ағаштар сәйкесінше - 6,0;7,0; 4,0; 10,0; 7,0; 2,0.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы заңсыз кесуге базалық ставкалар екі есе ұлғайтылады.

Орман қорынан тыс жерлердегі ағаштар мен бұталарды заңсыз кесу, ағашты ұрлауға осы базалық ставкалар қолданылады.

Экологиялық қылмыстарға қылмыстың жауапкершілік.

Қылмыстық жауапкершілікке жасалған қылмыстар негіз болып табылады, яғни ҚР ҚК 3-бабында көзделген қылмыс құрамының барлық белгілері бар іс-әрекеттер. Бұл жерде тұлға қылмыстық жауапкершілікке тек қоғамға қауіпті әрекеті (әрекетсіздігі) және пайда болған қоғамға қауіпті зардаптарға қатысты оның кінәсі белгіленген жағдайда (ҚР ҚК 19-бабы). Әкімшілік-құқықтық құқық бұзушылықтан, экологиялық құқық бұзушылық қоғамға жоғары дәрежедегі қауіп төндіретіндігімен қауіпті, бұл заңды бұзушылықтың қайталануында, тікелей қасақана әрекеттің бар екендігі, табиғи ортаға және адам денсаулығына келтірілген зиян ауыртпалығының дәрежесі мен көлеміне байланысты.

Экологиялық қылмысқа Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген экологиялық құқық тәртібін, қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне және қоршаған табиғи

орта мен адам денсаулығына елеулі залал келтіретін қол сұғушылықпен көрінетін зиянкестікті түсінеміз.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 11-тарауында экологиялық қылмыстар дербес тарауды құрайды. Онда тек бар нормалардың бірігуі ғана емес, сондай-ақ қылмыстың жаңа құрамын сипаттаған нормалар қосылып баяндалған. Шартты түрде экологиялық қылмыстардың барлық құрамын бірнеше топтарға топтастыруға болады:

1. Қоршаған ортаны қорғауға қарсы - жалпы сипаттағы қылмыстар. Бұл - шаруашылық және өзге қызметтерге қойылатын экологиялық талаптардың бұзылуы; жұмыс өндірісі кезінде қоршаған ортаны қорғау ережелерін бұзу; экологиялық қауіпті заттар мен қалдықтармен жұмыс істеу ережелерін бұзу; микробиологиялық немесе басқа да биологиялық агенттермен немесе улы заттармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережесін бұзу; ветеринариялық ережелерді бұзу және өсімдіктердің аурулары мен зиянкестерімен күрес кезінде белгіленген ережелерді, экологиялық ластану зардаптарын жою бойынша іс-шараларды қолданбау (ҚР ҚК 277-280,294-баптары).

2. Жер мен жер қойнауын ұтымды пайдалану мен сақтау саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушылыққа. Бұл - жерді бүлдіру, жер қойнауын пайдалану мен қорғау ережелерін бұзу (ҚР ҚК 285-286-баптары).

3. Су қатынастарын қорғау. Бұл - суларды ластау, былғау және жұтаңдандыру, теңіз ортасының ластануы, Қазақстан Республикасының континенталды шельфі туралы және Қазақстан Республикасының ерекше экологиялық аймағы туралы заңнаманы бұзу (ҚР ҚК 281, 283, 284-баптары).

4. Өсімдіктер дүниесін қорғау (флораны). Бұл – ағаштар, бұталарды заңсыз кесу, ормандарды жою немесе зақымдау, өсімдіктер ауруларымен және зиянкестерімен күресу шін белгіленген тәртіпті бұзу, су жануарлары мен өсімдіктерін заңсыз түрде алу (ҚР ҚК 280,287,291,292-баптары).

5. Жануарлар дүниесі мен атмосфералық ауа саласындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушылық. Бұл су жануарларын аулау, балық қорын қорғау ережесін бұзу, заңсыз аңшылық, ветеринариялық ережелерді бұзу, атмосфераны ластау (287-289-баптар).

Қоршаған ортаны қорғаумен байланысты қоғамға қауіпті іс-әрекеттер құрамы 11-тараумен қатар Қазақстан Республикасының басқа да тарауларында бар. 4 тарауда «Әлемге және адамзаттың қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар» Қазақстанның қылмыстық құқығы үшін жаңа 161-бап «Экоцид» көзделген, оған сәйес өсімдік және жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер және су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық апатты шығаратын немесе шақыруға ықпал ететін әрекеттер үшін - 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланады.

Меншікке қарсы қылмыстар 6 тарауда Жерге мәңгілік құқықтарын бұзуға жауапкершілік көзделген (186-бап). 9-тарауда Қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстарда, жарылыс қауіпті объектілерде, таулы немесе құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде, атом энергетикасы объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзғаны үшін (244-246-баптар), радиоактивті материалдармен заңсыз жұмыс істеу, радиоактивті материалдармен жұмыс істеу ережелерін бұзғанда (247-249-баптар) көзделген.

Экологиялық қылмысқа жауапкершілік туралы ҚР ҚК барлық баптар *Диспозициялары* бланкетті болып келеді және экологиялық қауіпсіздік талаптары қалыптасатын әртүрлі түрдегі заңдарға және заң асты нормативтік актілерге жіберіледі. Экологиялық қылмыстың *объектісі* - адамның, халықтың, мемлекеттің экологиялық қауіпсіздігі болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік (қылмыстық құқық тұрғысынан алып қарағанда) тұлғаның, халықтың, мемлекеттің және халықаралық қауымдастықтың қоғам мен табиғаттың өзара әсері процесінде табиғи объектілер тарапынан, құқыққа қарсы және кінәлі антропогендік әрекеттердің нәтижесінде табиғи қасиеттері, ластануы, былғануы немесе жұтаңдану арқылы елеулі өзгеруі кезінде өмірлік маңызды мүдделерінің жай-күйін қорғау ұғымы.

Экологиялық қылмыстың нысаны - қоршаған ортаның әртүрлі элементтері (табиғи кешендер, яғни экологиялық жүйелер, табиғи ресурстар).

Экологиялық дауларды сотта шешу кезінде ҚР Жоғарғы Сотының пленумының 22 желтоқсан 2000 ж. қаулысын, «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнамасын соттардың тәжірибеде қолдануы туралы» Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 18 маусым 2004 жылғы нормативті қаулысы, ҚР Жоғарғы Сотының «Мемлекеттік қажеттіктерге жер телімдерін алып қою туралы» заңнаманы соттардың қолданудың кейбір мәселелері туралы 25 желтоқсан 2006 жылғы нормативті қаулысы, ҚР Жоғарғы Сотының «Жер заңнамасын соттардың қолданудағы кейбір мәселелері туралы» 2007 жылғы 16 шілдедегі нормативті қаулылары қолданылады.

Жердің құқықтық режимі.

Жер ресурстарының жалпы сипаттамасы.

Қазақстан Республикасының Жер кодексі және жер туралы басқа да заңдылықтар.

Жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттері.

Жер қорының түсінігі және оның жекелеген санаттарының құқықтық режимі.

Жер қойнауының, пайдалы қазбалардың құқықтық жағдайының түсінігі мен жалпы сипаттамасы.

Жер қоршаған табиғи ортаның негізгі объектісі болып табылады. Жердің табиғи қасиеттері оның қоршаған табиғи орта объектілерінің өзара байланыс жүйесіндегі басымдығын айқындай түседі. Ормандар, сулар мен жануарлар әлемі де табиғаттың объектілері бола тұра жерден тыс жасай алмайды. Тек жермен бірлесе және тығыз қатынаста болу арқылы ғана олар өздерінің ерекше қасиеттерін, жаңғырту қабілеттерін сақтап қалады және бүкіл табиғат кешенімен бірге экологиялық функцияларды іске асыруға қатысады. Мемлекеттің экономикалық және саяси болашағы да белгілі бір деңгейде жердің жағдайына, оның қойнауындағы бай қазыналардың қаншалықты ұтымды пайдаланылатынына, сондай-ақ жерді қорғауға қандай көңіл бөлінетіндігіне де байланысты. Жер адамдар тарапынан ешқандай араласусыз-ақ олардың шаруашылық еңбегінің объектісі ретінде - адам еңбегінің жалпы көзі, орман және ауыл шаруашылықтарының негізгі құралы ретінде жасап келеді. Жер сондай-ақ халық шаруашылығының барлық салаларын дамытуға арналған кеңістікті операциялық базис, фундамент ретінде де пайдаланылады.

Құнарлы, органоминералды құрамға бай және тек өзіне ғана тиесілі ерекше құрылымға ие жердің беткі қабаты топырақ қабатына жатады. Топырақ сәйкесінше экологиялық, экономикалық және басқа да функцияларды атқарады. Жердің экологиялық маңызы оның табиғи ортадан ажырамастығында. Ал, экономикалық функциясын өндіріс құралы ретінде (орман және ауыл шаруашылықтарында) және кеңістікті операциялық базис түрінде (көліктің барлық түрі мен құрылыс индустриясы, қайта өңдеу өндірісінің көптеген салалары үшін) атқарады.

ҚР Жер кодексінің 12-бабына сәйкес, жер дегеніміз: Қазақстан Республикасының егемендігі белгіленетін шектегі аумақтық кеңістік, табиғи ресурс, жалпыға ортақ өндіріс құралы және кез келген еңбек процесінің аумақтық негізі. Топырақ қабаты дегеніміз - тек өзіне тән құрылымы, құрамы мен қасиеттері бар ерекше табиғи түзілім, жердің құрғақ үстіңгі қабаты. Бұл орайда жерді құқықтық қорғаудың мақсаты оның жалпы аумағын сақтап қалу емес (ол негізінен өзгеріссіз қалады), жердің сапалы жағдайын сақтау, жақсарту және қалпына келтіру боп табылатынын ерекше айта кеткен жөн.

Жерді қорғау мен пайдалануға қатысты ережелер ең алдымен 2003 жылдың 20 маусымында қабылданған ҚР Жер кодексі мен 2007 жылдың 9 қаңтарында қабылданған ҚР Экологиялық кодексі және басқа да арнайы жерге байланысты, экологиялық заңнама лар шеңберінде реттеледі.

Жерді қорғау мен тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Жер қоры ҚР Жер кодексіне сәйкес, нысаналы мақсатына сай жеті санатқа бөлінеді:

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер; елді мекендердің (қалалардың, кенттер мен ауылдық елді мекендердің) жері; өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жері және өзге де ауыл шаруашылығы мақсатына арналмаған жер; ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері; орман қорының жері; су қорының жері; босалқы жер.

Жердің құқықтық режимі оның қай санатқа тиесілілігіне және жерді (аумақты) аймақтарға бөлуге сәйкес рұқсатты пайдаланылуына негізделіп айқындалады (ҚР ЖК 1-бабы). Жерді санаттарға жатқызуды, сондай-ақ жерді оның нысаналы мақсатының өзгеруіне байланысты бір санаттан басқасына ауыстыруды Қазақстан Республикасының

Үкіметі, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары Жер кодексінде және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген, жер учаскелерін беру және алып қою жөніндегі өз құзыреті шегінде жүргізеді (ҚР ЖК 2-бабы).

Құқық белгілейтін құжаттарға жер учаскесіне меншік ету құқығының актісі, тұрақты жер пайдалану құқығының актісі және жерді уақытша пайдалану құқығының актісі жатады. (ҚР ЖК 12-бабы).

Жерді санаттарға бөлудің экологиялық маңызы да зор. Өйткені жердің әрбір санаты қорғау мен пайдаланудың өзіндік құқықтық режиміне ие. Экологиялық маңызды және аса бағалы жер жекелеген санаттарға бөлінген. Жер заңнамасында олардың құқықтық режимі анықталады.

Жер учаскелері иелерінің, жер иелерінің, жер пайдаланушылар мен жалдаушылардың іс-әрекетінің экологиялық негізделген ережелері олардың жерді қорғау мен дұрыс пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттерінде айқындалады.

Жерді пайдаланушы адамдардың іс-әрекетінің экологиялық негізделген ережелерінің мазмұны олар пайдаланып отырған жер учаскелерінің негізгі пайдалану мақсатына байланысты. Заңнамада бұл тұлғалардың жалпы мақсатқа арналған және пайдаланылатын жердің санаттарына сәйкес дифференцияланған жерді қорғау мен пайдалануға байланысты құқықтары мен міндеттері бекітіледі.

Жер қорғау деп - қоршаған ортаның бір бөлігі ретінде жерді қорғауға, оны ұтымды пайдалануға, жерді орман шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы айналымынан негізсіз алып қоюды болдырмауға, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық, ұйымдық, экономикалық, технологиялық және басқа да іс-шаралар жүйесін түсіну керек.

Жер қорғаудың қағидалары:

Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығы, қол сұғылмаушылығы және бөлінбейтіндігі; жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау; жерді қорғау және ұтымды пайдалану; экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; жерді нысаналы пайдалану; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің басымдығы; жердің жай-күйі және оған қолжетімділік туралы ақпаратпен қамтамасыз ету; жерді пайдалану мен қорғау жөніндегі іс-шараларды мемлекеттік қолдау; жерге залал келуін болдырмау немесе оның зардаптарын жою; жерді ақылы пайдалану болып табылады.

Жерді қорғау мақсаттары:

өндірістің экологиялық қауіпсіз технологияларын ынталандыру және орман мелиорациялық, және басқа да іс-шараларды жүргізу арқылы жердің тозуы мен бүлінуін, шаруашылық қызметтің басқа да қолайсыз зардаптарын болдырмау; тозған немесе бүлінген жерді жақсарту мен қалпына келтіруді қамтамасыз ету; жерді оңтайлы пайдаланудың экологиялық нормативтерін тәжірибеге енгізу болып табылады (ҚР ЖК 139-бабы).

Барлық санат жер қорғауды талап етеді. Мемлекеттік табиғи қорықтар, табиғи қаумалдар, ұлттық табиғи саябақтар мен табиғат ескерткіштері және т.б. ерекше қорғалатын табиғи аумақтар айрықша қорғауға алынады. ЕҚТА жерін пайдалану мен қорғау режимі ҚР Жер кодексінің 13-тарауы мен ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңымен реттелген.

Жер туралы заңнамада жер иелері мен пайдаланушыларға жерді қорғауға байланысты құқықтары мен міндеттері, мәселелер мен нақты талаптар белгіленген. Жерді қорғау барысында оған қатысты табиғат нысандары да белгілі бір дәрежеде қорғалады. Мысалы, өзен жағасындағы жерді мүжілу мен езілудің алдын алу арқылы жағалық эрозиядан (мүжілуден) қорғаумен қатар атмосфералық ауаны, ормандар мен басқа да бірқатар табиғат нысандарын қорғауға болады.

Топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдердің және басқа да биологиялық заттардың жол берілетін шектегі қоспаларының нормативтері топырақтың жай-күйін адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғау мүдделеріне сай бағалау үшін белгіленеді (ҚР ЖК 141-бабы),

Заң сондай-ақ ғимараттар (құрылыстар, имараттар) мен жер күйіне әсер ететін басқа да нысандарды жобалау мен қолданысқа беру кезінде меншік иелері мен жер пайдаланушыларға санитарлық-гигиеналық және тағы басқа арнайы талаптарды ұстануды міндеттейді.

Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Жерді неғұрлым бағалыдан төмендеу бағалы жерге ауыстыру, жерді консервациялау, сондай-ақ оларды экологиялық зілзала аймағына немесе төтенше экологиялық жағдай аймағына жатқызу қажеттігін айқындау мақсатында жерді бағалаудың экологиялық критерийлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. (ҚР ЭК 209-бабы). Осы бапқа сәйкес жерді бағалаудың экологиялық критерийлері 2007 жылғы 7 маусымдағы ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген. Яғни, селитебті аумақтағы жердің экологиялық ахуалы төмендегі көрсеткіштермен анықталады, мысалы: радиоактивті ластанумен, химиялық ластанумен, 1 г. топырақтағы патогенді микроорганизмдердің санымен және т.б. Параметрлері: Экологиялық апат; Төтенше экологиялық жағдай; Салыстырмалы қанағаттандырылғы жағдай. Топырақ пен жердің құнарсыздануын анықтауға арналған диагностикалық және қосымша критерийлері белгіленеді, мысалы: тозған жердің диагностикалық критерийлері; физикалық тозу; агроқұнарсыздану; су, жел эрозиясы. Топырақтың сортаңдануы, батпақтануы, т.б. Жер мен топырақтың тозу деңгейін анықтаудың мынадай критерийлері белгіленеді: қарашірінді қорының азаюы; топырақ салмағының жоғалуы; эрозияға ұшыраған жер аумағының артуы; көшпелі құмды аумақтың артуы; сортаңды топырақ аумағының өсуі және т.б. Тозу деңгейіне сәйкес өте төмен, орташа, жоғары, өте жоғары болып бөлінеді.

Халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және өнеркәсіп, көлік және өзге де объектілерді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететін, аталған жерді пайдаланудың ерекше жағдайлары ескеріле отырып, аймақтар белгіленеді.

Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс және өзге де ауыл шаруашылығы емес мақсаттағы жерді басқа санаттағы жерге ауыстыру кезінде өз шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сай келмейтін қызмет түрлеріне шек қойылатын немесе тыйым салынатын аймақтар ескеріледі.

Сауықтыру мақсатындағы жерде қолайлы экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды сақтау мақсатында оларды аймақтарға бөлу кезінде санитарлық қорғаныш аймақтары белгіленеді (ҚР ЭК 212-бабы).

Орман қорының жерін пайдалану режимі Қазақстан Республикасының Жер және Орман кодексімен реттеледі. Орман қорының жерін басқа санаттарға ауыстыруға Қазақстан Республикасының орман заңнамасының тараптарына сәйкес орман орналастыру және жерге орналастыру материалдарының негізінде мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде рұқсат етіледі.

Оңтайлы жер пайдаланудың негізгі экологиялық талаптары:

ұсынылып отырған жердің қайта түлетілуі және жерді қайта бөлу салдарларын ғылыми негіздеу және болжау;

барлық санаттағы жердің ұтымды пайдаланылуы мен қорғалуын жоспарлау мен ұйымдастыруда бірыңғай мемлекеттік саясатты негіздеу және іске асыру;

жердің нысаналы пайдаланылуын қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы өндірісіндегі құнарлы жерді сақтау;

экологиялық негізделген жинақы және алаңы жағынан оңтайлы жер учаскелерін қалыптастыру және орналастыру;

ауыл шарушылығы алқаптарын жақсарту, топырақтың құнарлылығын арттыру, тұрақты ландшафттарды күтіп ұстау және жерді қорғау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеу; жерді ұтымды пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; жерге түгендеу жүргізу және пайдаланылмайтын, ұтымды пайдаланылмайтын, нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жерді анықтау; жердің өнімділігін арттыру мақсатында және адам денсаулығын сақтау мүддесіне орай ормандардың орта құрау, су қорғау, қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық, сауықтыру және өзге де пайдалы табиғи қасиеттерін сақтау және күшейту; биологиялық әралуандықты сақтау болып табылады.

Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілерді орналастыру және пайдалану үшін жер учаскелерін беру аталған объектілер қызметінің экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық салдарларын ескеріп, қоршаған ортаны қорғаудың, табиғи ресурстарды молайтудың және ұтымды пайдаланудың шарттары мен ережелері сақтала отырып жүргізіледі.

Жерді қорғау мақсатында жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар: жерді су және жел эрозиясынан, селдерден, су басудан, батпақтанудан, қайта тұзданудан, құрғап кетуден, тығыздалудан, радиоактивті және химиялық заттармен ластанудан, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қоқыстанудан, ластанудан, оның ішінде биогендік ластанудан, сондай-ақ басқа да теріс әсерлерден; ауыл шаруашылығы алқаптарын және басқа да жерді бактериялық-паразиттік және карантиндік зиянкестермен және өсімдіктер ауруларымен зақымданудан, арамшөптер, бұталар және шіліктер басып кетуден, жердің өзге де нашарлану түрлерінен қорғау; ластанудың, оның ішінде биогендік ластанудың және жердің қоқыстануының салдарларын жою; мелиорацияның қол жеткізілген деңгейін сақтау; бүлінген жердің құнарлылығын қалпына келтіру, топырақ құнарлылығын қалпына келтіру, жерді айналымға уақытылы енгізу; топырақтың құнарлы қабатын кейіннен жердің құнарлылығын қалпына келтіруді жүргізу кезінде пайдалану үшін алу мен сақтау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге міндетті.

Қазақстан Республикасының 1996 жылдың 27 қаңтарындағы Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңының 1-бабында жер қойнауы - топырақ қабатынан төмен орналасқан, ол болмаған жағдайда - жер қабаты мен теңіз, көл, өзендер мен өзге де суқоймалардың тереңдерге созылып жатқан түбінен төмен, ғылыми-техникалық прогресті ескере отырып жер қойнауын пайдалану кезіндегі операцияларды жүргізуге мүмкін жер қыртысының бөлігі, — делінген.

Жер қойнауын жер қыртысының бір бөлігі ретінде қарау арқылы заң шығарушы бір мезетте оның пайдалы қазбалар, кен орындары, минералды шикізат, жерасты сулары, техногендік минералды түзілімдер сияқты маңызды құрамдастарына да көңіл бөледі.

Ең алдымен, жер қойнауының көрсетілген құрамдастары мен оған иелік етудің заңдық түсініктерінің қандай екендігіне Жер қойнауы туралы заңда келесі анықтама беріледі: пайдалы **қазба -жер** қойнауында қатты, сұйық немесе газ күйінде болатын (оның ішінде емдік батпақтар), материалдық өндірісте пайдаланылатын табиғи минералдық түзілім;

кен орны -жер қойнауының пайдалы қазбаның (пайдалы қазбалардың) табиғи қоры бар бөлігі;

минералдық шикізат - пайдалы қазбасы (пайдалы қазбалары) бар, жер қойнауының үстіне алып шығарылған тау жынысы, рудалық шикізат және тағы басқалар;

жерасты сулары - жер қойнауындағы және Жер қойнауы туралы заңға сәйкес қолданылатын пайдалы қазба;

техногенді минералдық түзілімдер - жер қойнауын пайдаланушылардың таукен өндіретін және байытатын, металлургиялық және өзге де өнеркәсіптің қалдықтары болып табылатын, пайдалы құрамдары бар минералдық түзілімдердің, тау жыныстарының, сұйықтықтар мен қоспалардың жиынтығы (Заңның 1-бабы).

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жер қойнауы мен ондағы пайдалы қазбалар мемлекеттік меншік болып табылады. Егер келісімшартта басқаша көрсетілмесе, онда минералдық шикізат меншік құқығында жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі. Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорнына - шаруашылық жүргізу немесе шұғыл басқару құқығында тиесілі.

Техногендік минералды түзілімдер мен техногендік сулар жер қойнауын пайдаланушының меншігі болып табылады. Мемлекеттің меншігіндегі техногендік минералды түзілімдерден алынған пайдалы қазбаларға меншік құқығы келісімшартпен анықталады.

Меншік құқығында минералды шикізат, техногендік минералды түзілімдер және техногендік сулар немесе пайдалы қазбалары тиесілі жер қойнауын пайдаланушы, минералды шикізат, техногендік минералды түзілімдер, техногендік сулар немесе пайдалы қазбаларға иелік етуге, оларға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған кез келген азаматтық-құқықтық келісімдер жасауға құқылы (Заңның 5-бабы).

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар кезінде жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғауға арналған негізгі талаптар:
кен орнын игерудің арнаулы әдістерін қолдану есебінен жердің үстіңгі қабатын сақтау;
жердің техногендік шөлейттенуін болғызбау;

автомобиль жолдарын салу жұмыстары басталмас бұрын табиғатты қорғау саласындағы органдармен келісілген ұтымды схема бойынша, сондай-ақ ұнғымаларды бұрғылауда тармақты тәсілді қоса алғанда басқа да әдістерді пайдалану, ішкі үйінділер жасау технологиясын қолдану, минералдық шикізатты өндіру мен өңдеудің қалдықтарын пайдалану арқылы бұзылатын және бүлінетін жердің аумағын азайту;

топырақтың жел эрозиясына ұшырауын, аршу жыныстары және өндірістік қалдықтарының құлауын, олардың тотықтануы мен өздігінен жануын болғызбау;

сіңірме және тұщы су қабаттарының ластануын болғызбау үшін оларды оқшаулау;

жер асты суларының сарқылуын және ластануын болғызбау;

жуғыш сұйықтарды дайындағанда уытсыз реагенттерді қолдану;

бұрғылау ерітінділерін тазалау және қайталап пайдалану;

бұрғылау және жанар-жағармай материалдарының қалдықтарын қоршаған ортада экологиялық қауіпсіз тәсілмен жою;

мұнай кен орындарында қабатаралық қысымды сақтау жүйесінде мұнай кәсіпшілігі сарқынды суларын тазалау және қайтадан пайдалану;

атмосфералық ауаға ластаушы заттардың қалдықтарын шығаруды болдырмау;

қоршаған ортаға келтірілген салдарларды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, кен орындарын жою (консервациялау) жобасы бойынша жою.

Жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану мен жер қойнауын қорғау саласындағы талаптар:

жер қойнауын пайдалану кезіндегі операцияларды жүргізуге, оның ішінде өндіруге байланысы жоқ мақсаттар үшін ұсынылатын, жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың, кен орындарының және учаскелердің көлемі мен құрылымын нақты бағалау үшін жер қойнауын геологиялық зерттеудің толықтылығын қамтамасыз ету;

жер қойнауын пайдалануға байланысты жүргізілетін операциялардың барлық кезеңінде жер қойнауы ресурстарының ұтымды және кешенді пайдаланылуын қамтамасыз ету;

бай учаскелерді таңдап өндіруге жол бермей, жер қойнауындағы пайдалы қазбалардың толығымен өндірілуін қамтамасыз ету;

жер қойнауынан алынған және қалдырылған негізгі және олар-мен бірге жатқан пайдалы қазбалар мен оның қосалқы құрамдарын, оның ішінде минералды шикізатты қайта өңдеу өнімдері және кен орнын игерудегі өндіріс қалдықтарының шынайы толық есебін жүргізу;

алғашқы қайта өңдеу мәліметтеріне сәйкес, мемлекеттік баланс есебіндегі пайдалы қазбалар қорына түзету енгізуге жол бермеу;
ауыз суға немесе өндірістік сумен жабдықтау мақсатында пайдаланылатын су жинау алаңдарында және жер асты суы жиналған аумақтарда өндірістік және тұмыстық қалдықтардың жиналуының алдын алу;
жер қойнауын су басудан, өрттен және кен орындарын пайдалану мен қазуды қиындататын басқа да дүлей факторлардан қорғау;
жер қойнауының, әсіресе мұайды, газды немесе өзге де заттар мен материалдарды жер астында сақтау, зиянды заттар мен қалдықтарды көму кезінде ластануын болғызбау;
жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды тоқтату, тоқтатып қою, кен орнын игеру объектілерін консервациялау мен жою жөніндегі белгіленген тәртіпті сақтау;
су жинау алаңдарында және жер асты суы жиналған аумақта өндірістік және тұмыстық қалдықтардың жиналып қалуының алдын алу мақсатында оларды жинау мен орналастыруға қатысты экологиялық талаптарды орындау болып табылады..
Жер қойнауын пайдалану объектілерін геологиялық, гидро-геологиялық, экологиялық, инженерлік-геологиялық және технологиялық зерттеулердің толықтығы мен шынайылығы жер қойнауын қорғаудың негізі болып табылады.
Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұу салдарынан зиян келтірген тұғалар, шығын тосын дүлей күштің кесірінен болғанын дәлелдемеген жағдайда, нақты шығын мөлшерінде келтірілген зиянды өтеуге міндетті.
Жер қойнауын қорғау саласындағы талаптарды бұу салдарынан келтірілген зиян мөлшері жер қойнауын зерделеу мен пайдалану саласындағы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдар мен жер қойнауын пайдаланушылармен біріге анықталады. Шығынды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді. Келтірілген шығын мөлшерін анықтауға байланысты келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заң-намасында көрсетілген тәртіппен сот арқылы шешіледі.

Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар

1. Жер қойнауы туралы түсінік, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың міндеттері, қағидалары
2. Жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану
3. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар
4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға, жобалау құжаттамаларына мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалардың оң қорытындылары және экологиялық рұқсат жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу үшін экологиялық негіздеме болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға жоспарланған қызметтің қоршаған ортаға тигізетін әсеріне баға беру кірген және «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бар барлық жобалау алдындағы және жобалау құжаттарын ұсынуға міндетті.

Нормативтік көрсеткішке дейін тазартылмаған сарқынды суды жер қойнауына ағызуға тыйым салынады, бұл ретте пайдалы қазбалармен бірге шыққан суды қайтадан айдау, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманың және Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген басқа да сараптамалардың оң қорытындысын алған жобалар мен технологиялық регламенттерде көзделген пайдалы қазбаларды өндіруге арналған технологиялық ерітінділерді жер қойнауына айдау сарқынды суды ағызу болып табылмайды.

Жер қойнауын пайдаланушы:

жұмыстарды жүргізудің халықаралық практикада қабылданған стандарттарға негізделген неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын таңдауға; жер қойнауының ұтымды пайдаланылуын, қызметкерлердің, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық схемалар мен жобаларды сақтауға міндетті.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операциялар шаруашылық қызметінің экологиялық жағынан қауіпті түрлері болып табылады. ҚР Үкіметі 2007 жылғы 27 маусымдағы қаулысымен экологиялық жағынан қауіпті шаруашылық және өзге де қызмет түрлерінің Тізімдемесін бекітті.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушылар:

қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу және пайдалану, өнеркәсіп қауіпсіздігі жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдармен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген жерасты су объектілеріне шекті жол берілетін зиянды әсерлердің нормативтерін сақтауға; «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен аккредиттелген өзінің немесе өзге де зертханаларға (лабораторияларға) ағызылатын сулардың химиялық құрамын анықтауды қамтамасыз етуге;

қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдарына ластаушы заттардың авариялық ағызылғаны туралы, сондай-ақ жерасты суларын алудың белгіленген режимінің бұзылуы және оларға суларды ағызу (ай-дау) объектісі туралы шұғыл ақпаратты беруге міндетті.

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде жер қойнауын пайдаланушыларға:

құрылыс салуға бөлінген учаскенің шегінен тыс жерлерде өсімдіктерді және топырақ жабынын зағымдауға;

жер қойнауын тұтыну қалдықтарын жерүсті су объектілеріне және жер қойнауына төгуге; егер жерасты сулары объектілерінің жай-күйіне әсер етсе немесе әсер ететін болса, жерді сарқынды сумен суландыруға;

шаруашылық ауыз суларын қамтитын қабаттарға ерітінділер мен материалдарды жіберуге;

өнеркәсіптік, емдік-минералдық және жылу-энергетикалық сарқынды суларды ағызуға арналған сіңірме ұңғымалар шаруашылық ауыз суымен жабдықтау немесе емдік мақсаттарға жарамды немесе сол үшін пайдаланылатын су тұтқыш жиектерді ластайтын көздер болуы мүмкін жағдайларда оларды бұрғылауға;

сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарында сіңірме ұңғымалар мен құдықтар орнатуға;

құрамында радиоактивті заттары бар, пайдаланудан шығарылған суды сіңірме ұңғымалар мен құдықтарға ағызуға тыйым салынады.

Жер асты суларын барлау және (немесе) шығару кезіндегі экологиялық талаптар.

Жер асты суларын өндіруге арналған келісімшарт, сондай-ақ суды арнайы пайдалануға оған қол қойылғанға дейін рұқсат алу қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіледі.

Жер асты сулары кенін игеруді жүзеге асыру негізге алынатын жоба (технологиялық схема) мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткізілуге тиіс.

Келісімшарт талаптарында және суды пайдалануға арнайы рұқсатта көзделмеген мақсатта немесе осы талаптарды бұза отырып жер асты суларының кенін игеруге тыйым салынады.

Жер асты суларының кенін барлау мен игеру келісімшарт және суды арнайы пайдалануға арналған рұқсат талаптарына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында көзделген нормалар мен талаптар сақталып жүзеге асырылуға тиіс.

Егер жер қойнауы басқа пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін пайдаланылған кезде су тұтқыш жиектер ашылса, табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жер асты сулары объектілерін қорғау жөнінде шаралар қабылдауы қажет және бұл жөнінде қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органына хабарлауға тиіс.

Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылуы мүмкін су тұтқыш жиектер ашылған кезінде бұрғылау мен цемент ерітінділерін дайындау үшін (өңдеу үшін) қолданылатын химиялық реагенттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен және санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен келісілген уыттылық сипаттамасы болуға тиіс.

Жер асты суларының су тартқыштарын оларды суды реттейтін құрылғылармен, су өлшегіш аспаптармен жабдықтамай, сондай-ақ санитарлық қорғау аймақтарын белгілемей және жер асты сулары объектілерінің жай-күйі көрсеткіштерін қадағалайтын бекеттер құрмай пайдалануға беруге тыйым салынады.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органымен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жер асты сулары объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтауға міндетті.

Жер асты сулары объектілерін пайдалануға байланысты су тартқыштарды орналастыру, жобалау, салу, пайдалануға беру және пайдалану кезінде олардың жоғарғы қабаттағы су объектілері мен қоршаған ортаға зиянды әсерін (аумақты су басуын, шөлейттенуін, жердің батпақтануын, топырақтың көшуі мен шөгуін) болғызбайтын шаралар көзделуге тиіс.

Су асты кабельдері мен құбырларын жобалау, төсеу және пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Әрбір нақты объектіні салу мен пайдалануға арналған трассалар, конструкциялар, жабдықтар, технологиялар мен техникалық құралдар орналастырылатын жерлерді таңдау қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді азайту мақсатында баламалы негізде жүргізілуіне тиіс.

Құбыр трассасына немесе су асты кабельдеріне бес жүз метрден жақын арақашықтықта бұрғылау-жару жұмыстарына және пневматикалық және басқа да қуатты толқындар (сейсмикалық дабыл) тудыру көздерімен сейсмикалық барлауға тыйым салынады.

Құрамында күкіртті сутегі бар мұнай және су авариялық жағдайда төгілген кезде оларды дереу жинау және сол жерде залалсыздандыру немесе көмуге алып кету керек.

Газ, мұнай, конденсат құбырлары қиылысатын темір және су жолдарына, автомобиль жолдарына жыраларға және басқа да табиғи кедергілерге, бұрылыс бұрыштарына, адамдар көп жиналуы мүмкін пункттерге, газ, мұнай, конденсат құбырлары технологиялық тораптарына тиісті қауіпсіздік белгілері мен жазбалар қойылады. Аталған жерлер үшін жобада шығарындылардың қауіптілігін болғызбайтын немесе азайтатын қосымша іс-шаралар көзделуге тиіс.

Сақтық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы оларды су деңгейі көтерілген жағдайда теңіздің ластануын болғызбайтындай немесе барынша азайтатындай етіп жүргізуге міндетті.

Сактық аймағы шегінде жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушы, өзінің келісімшарт аумағында теңіз ластанған жағдайда, жер қойнауын пайдаланушының кінәсі болмаса да, қоршаған ортаға, жеке немесе заңды тұлғаларға келтірілген залал мен шығындар үшін жауаптылықта болады (ҚР ЭК 218-223баптар).

ҚР Үкіметі жер қойнауын ұтымды пайдалану мен қорғау мақсаттарында 2008 жылдың 23 қаңтарында жер қойнауын пайдалану объектілерін жою мен консервациялау Ережелерін бекітті.

Суды пайдалану мен қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі

1. Суды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар
2. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері
3. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі

ҚР Су кодексінің 1-бабына сәйкес сулар дегеніміз - су объектілерінде жинақталған барлық сулардың жиынтығы. Алайда, заңдық әдебиеттерде көптен бері «сулар» мен «су» дегеніміз не? деген сауал қойылып және «сулардың» заңды түсіндірмесі су туралы қарапайым ғылыми, техникалық және тұрмыстық түсініктерден ерекшеленетіні жайында жазылып келеді. Сулар дегеніміз: мемлекеттік шекара аймағындағы теңіздер, көлдер, өзендер, суқоймалары, каналдар, мұздықтар, жерасты көздері мен өзге де су объектілеріндегі сулар. Су объектілерінен алынған су суларға жатпайды.

Суларға меншік құқығы мен су пайдалану құқығының объектісі туралы толық түсінік алу үшін «су қоры» мен «су объектісі» түсініктерінің ара жігін нақтылап айқындап алған жөн. Су кодексінде былай белгіленген: Қазақстан Республикасының су қоры Қазақстан Республикасының аумағы шегіндегі мемлекеттік су кадастрына енгізілген немесе енгізілуге тиіс барлық су объектілерінің жиынтығын қамтиды (ҚР СК 4-бабы). Шекарасы, көлемі мен су режимі бар құрлық беті бедерлеріндегі және жер қойнауындағы су шоғырланымдары Қазақстан Республикасының су объектілеріне жатады. Олар: теңіздер, өзендер, соларға теңестірілген каналдар, көлдер, мұздықтар және басқа да жер үсті су объектілері, жер асты сулары бар жер қойнауының бөліктері (ҚР СК 5-бабы). Қазақстан Республикасының су қорының жері мемлекет меншігінде болады. Су қорын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Суды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Жаңа экологиялық заңнама су объектілері мен су шаруашылығының құрылыстарын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптарды белгілеп берді. Яғни, судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды жобалау жоспарланған қызмет бастамашысының жер учаскесін таңдау туралы акт алғанынан кейін ғана жүзеге асады.

ҚР Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы қаулысында судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру және пайдалануға беру тәртіптері және су объектілерінде, су қорғау аумақтары мен белдеулерінде құрылыс пен басқа да жұмыстар жүргізудің талаптары бекітілген. Осы ережелерге сәйкес, судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды салу туралы жобалық құжаттар келесі мемлекеттік органдармен келісілуі тиіс:

1. су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган;
2. жер қойнауы, оның ішінде жер асты суларының жай-күйіне әсер ету саласындағы жер қойнауын зерттеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті орган;
3. жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган;
4. халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган;
5. БҚТималды (потенциалды) сел қаупін тудыратын су объектілері бойынша - төтенше жағдайлар саласындағы уәкілетті орган;
6. кеме қатынасына жатқызылған су объектілері бойынша - су көлігі саласындағы уәкілетті орган;

7. балық шаруашылығын жүргізуге және балық ресурстарын аулауға қатысты кәсіпорындар мен құрылыстар бойынша - балық қорларын және басқа да су жануарларын өндіру, пайдалану, қорғау саласындағы уәкілетті орган;

8. су объектілері арқылы өтетін байланыстар құрылысын жобалауды қадағалайтын - энергиямен қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган.

Кәсіпорындар мен құрылыстарды орналастыру және салу жобаларын мәмілелеу процесін, мемлекеттік органдар жобалау құжаттамалары тапсырылғаннан кейін бір ай ішінде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқа мерзім көрсетілмеген болса, жүзеге асырады.

Тиісті мемлекеттік органдармен мәмілелеу процесі аяқталғаннан кейін, жобалау құжаттамасының мәмілеге келген нұсқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіп бойынша мемлекеттік жобалау сараптамасы мен мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылуы тиіс.

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды салудың жобалау құжаттамаларын мәмілелеу және экологиялық сараптама жасау уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан өз құзыреттері шегінде жүзеге асады.

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды салудың жобалау-есептеу құжаттамалары мемлекеттік сараптамадан өткеннен кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген ереже тәртібімен бекітуге ұсынылады.

Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыру қоршаған ортаны қорғаудың, жер қойнауын қорғаудың, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік қауіпсіздікті, су ресурстарын молайту мен ұтымды пайдаланудың талаптары мен ережелерін сақтай отырып, сондай-ақ аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлар ескеріле отырып жүргізіледі.

Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды салу, реконструкциялау, пайдалану, консервациялау, жою, қоршаған ортаны қорғау, су қорын пайдалану және қорғау, өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органының оң қорытындылары болған кезде жүзеге асырылады (ҚР ЭК 224-бабы).

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды пайдалануға беру тек мемлекеттік қабылдау актісінің немесе қабылдау комиссиясының аталған объектіні (объектілерді) пайдалануға беруді қабылдап алған актісі болған жағдайда ғана жүргізіледі.

Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен құрылыстарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік және қабылдау комиссияларының жұмысына міндетті түрде жергілікті атқарушы уәкілетті органның, бассейнді су шаруашылығы басқармасының, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның өкілдері қатысады.

Су объектілеріндегі жұмыстар кезінде халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға қауіп төндірмейтін техника мен технологиялар пайдаланылуы тиіс.

Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс, ұнғыма қазу, жарылыс және басқа да жұмыстар барысында жергілікті атқарушы органдар белгілеген сол аймақ пен белдеулерді пайдалану режимі сақталуы жүргізіледі.

Су объектілері мен Су қорғау аймақтары мен белдеулеріндегі құрылыс жұмыстарын орындау кезінде құрылыс салуға бөлінген жерді қайта өңдеу, аумақтарды абаттандыру және қоршаған ортаны сауықтыру жөнінде шаралар қолданылуға тиіс.

Су объектілері арқылы коммуникациялар салу жобалары тас-қын сулар өткізуді, су объектілерін пайдалану режимін, судың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбауды, олардың зиянды әсерінің алдын алуды қамтамасыз ететін іс-шаралардың жүргізілуін көздеуге тиіс.

Теңіздегі мұнай операцияларымен байланысты жұмыстар белгілі тәртіппен бекітілген, теңіз ластануының алдын алуға арналған арнайы бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жұмыстар осы аумақтарды қорғау мен пайдалану режимін ұстану арқылы және бекітілген арнайы экологиялық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Су қорғауды қамтамасыз ету мақсатында су объектілерінің жай-күйіне теріс әсер ететін құрылыстарды пайдалануға тыйым салынады. **Мыналарды:** судың зиянды әсерін, ластануын және қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен қамтамасыз етілмеген, сондай-ақ су тұты-нуды және ағынды су ағызуды есепке алу құралдарымен жабдық-талмаған жаңа және қайта жаңғыртылып жатқан объектілерді; балық қорғау құрылғыларының су тарту және ағызу құры-лыстарын; тазарту құрылыстары мен санитарлық-қорғау аймақтары жоқ мал шаруашылығы фермаларын және басқа да өндірістік кешен-дерді; жерді су басуды, топан су басуды, олардың батпақтануы мен сортаңдануын және топырақ эрозиясын болғызбайтын, жобалар-да көзделген іс-шараларды жүргізуге дейін суару, суландыру және құрғату жүйелерін, суқоймаларын, бөгеттерді, каналдарды және басқа да гидротехникалық құрылыстарды; жер асты суларын оларды су реттеу құрылғыларымен, өлшеу құралдарымен жабдықтамай пайдалануға байланысты су тарту құрылыстарын; санитарлық қорғау аймақтарын және су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстары жай-күйінің көрсеткіштерін қадағалау пункттерін белгілемей су тарту және өзге де гидротехника-лық құрылыстарды; мұнай, химиялық және басқа да өнімдерді оларды судың лао тануын болғызбайтын құралдармен жабдықтамай тасымалдайтын және сақтайтын құрылыстар мен құрылғыларды пайдалануға бе-руге тыйым салынады. Су объектілері жай-күйінің көрсеткіштерін байқау пункттерін құрмай ағынды сулармен суару объектілерін пайдалануға беруге рұқсат етілмейді. Су шаруашылығы объектілерін - жерді қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды аяқтамай, ал суқоймаларында - олардың табанын су басуға әзірлеу жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырмай пайда-лануға беруге рұқсат етілмейді. Су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды пайдалануға беруге тыйым салу туралы шешімдер Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген тәртіппен қабылданады (ҚР СК 88-бабы). Сарқынды суды жер үсті су объектілеріне және жер қойнауы-на ағызуды қоршаған ортаға эмиссияға тиісті экологиялық рұқсат бар болған кезде ғана жол беріледі. Бұл ретте, сарқынды суды жер үсті су объектілеріне ағызып жіберуге - су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкі-летті мемлекеттік органның рұқсаты бойынша, сарқынды суды жер қойнауына ағызып жіберуге Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген сараптаманың оң қорытындысы болған кезде жол беріледі. Сарқынды суды жинақтаушысы бар табиғат пайдаланушылар оның қоршаған ортаға әсерін болғызбайтын қажетті шаралар қабылдауға, сондай-ақ оларды пайдалану тоқтатылғаннан кейін осы жинақтаушылар орналасқан жердің қайта өңделуін жүзеге асыруға міндетті. Табиғат пайдаланушы ластаушы заттардың сарқынды суда белгіленген шоғырлану нормативтерін асыра немесе сарқынды судың құрамына экологиялық рұқсатта көзделмеген жаңа зат-тарды қоса алмайды. Аталған талаптар бұзылған кезде сарқынды суды ағызып жіберу тоқтатылуға тиіс. Ашық су айдынына ағызы-латын су мөлдір, бояусыз, иіссіз болуға, құрамында ауру тудыра-тын бактериялар мен гигиеналық нормативтерден асатын шоғырлануларда адамның денсаулығы мен жануарлар үшін зиянды зат-тар болмауға тиіс. Ағызылатын судың температурасы Цельсий бойынша 30 градустан аспауға тиіс. Ағызылатын суда бетон мен металды бүлдіріп-бұзатын зат-тар болмауға тиіс.

Сарқынды суды, олардың тазалану деңгейіне қарамастан, ор-талықтандырылған ауыз сумен жабдықтау көздерінің санитарлық қорғалу аймақтарындағы, курорттардағы, суға түсуге арналған жерлердегі су айдындарына ағызып жіберуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Су кодексінде және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, ауыз суға жарамды сапасы бар жер асты суларын шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға байланыссыз қажеттіліктер үшін пайдалануға жол берілмейді.

Шаруашылық ауыз сумен жабдықтау үшін пайдаланылатын, сондай-ақ ресурстарының табиғи емдік қасиеттері бар жерасты су объектілерін қорғау мақсатында санитарлық қорғау аймақта-ры белгіленеді.

Жерасты суларының су тартқыштарын оларды суды реттейтін құрылғылармен, су өлшегіш аспаптармен жабдықтамай, сондай-ақ санитарлық қорғау аймақтарын белгілемей және жерасты сулары объектілерінің жай-күйі көрсеткіштерін қадағалайтын бекеттер құрмай пайдалануға беруге тыйым салынады.

Табиғат пайдаланушылар қоршаған ортаны қорғау саласындағы, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану жөніндегі уәкілетті органдармен, санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің мемле-кеттік органымен және өнеркәсіп қауіпсіздігі саласындағы уәкі-летті мемлекеттік органмен келісім бойынша су қорын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган белгілеген жерасты су-лары объектілеріне зиянды әсер етудің жол берілетін шекті нор-мативтерін сақтауға міндетті.

Жерасты суларын қорғау туралы талаптар жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы Заңнамада, сондай-ақ ҚР Үкіме-тінің **1999 жылғы 21 шілдедегі қаулысымен қабылданған** Қазақстан Республикасындағы қатты пайдалы қазбаларды, мұнай мен газды, жерасты сулары көздерін игеру кезіндегі жер қойна-уын қорғау туралы Ортақ ережелерде бекітілген.

Су объектілері:

Зиянды қауіпті химиялық және езпш заттармен және олар-дың қоспаларымен табиғи және техногендік ластанудан, жылу, бактериялық, радиациялық және басқа ластанудан; қатты, ерімейтін заттармен, өндірістік, тұрмыстық және өзге де тектегі қалдықтар мен қоқыстанудан; сарқылудан қорғалуға тиіс.

Су объектілері:

табиғи жүйелердің экологиялық тұрақтылығының бұзылуын;
халықтың өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуін;
балық қорлары мен басқа да су жануарларының азаюын;
сумен жабдықтау жағдайларының нашарлануын;
су объектілерінің табиғи молаю және тазару қабілетінің төмен-деуін;
су объектілері гидрологиялық және гидрогеологиялық ре-жимінің нашарлауын;
су объектілерінің физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттеріне теріс әсер ететін басқа да қолайсыз құбылыстарды болғызбау мақсатымен қорғалуға тиіс.

Су объектілерін қорғау:

Су объектілерін пайдаланудың кез келген түрін жүзеге асыра-тын барлық су пайдаланушыларға осы объектілерді қорғау жөнінде ортақ талаптар қою;
шаруашылық қызметінің жекелеген түрлеріне арнайы талап-тар қою;
жаңа техника мен экологиялық, эпидемиологиялық жағынан қауіпсіз технологиялар енгізе отырып, су қорғау іс-шараларын жетілдіру және қолдану;
су қорғау аймақтарын, су объектілерінің қорғау белдеулерін, ауыз сумен жабдықтау көздерін санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу;
су объектілерін пайдалану мен қорғауды бақылаудың мемле-кеттік және басқа да нысандарын жүргізу;
су объектілерін қорғау жөніндегі талаптардың орындалмаға-ны үшін жауапкершілік шараларын қолдану арқылы жүзеге асы-рылады.

Орталық органдар және облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес су объектілерін сақтау, олардың ластануын, қоқыстануын және сарқылуын болғызбау, сондай-ақ аталған құбылыстардың зардаптарын жою жөнінде тұрақ-ты даму қағидасымен үйлесімді шаралар қолданады.

Қызметі су объектілерінің жай-күйіне әсер ететін жеке және заңды тұлғалар ұйымдастырушылық, технологиялық, орман-ме-лиорациялық, агротехникалық, гидротехникалық, санитарлық-эпи-демиологиялық іс-шараларды және су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан және сарқылудан қорғауды қамтамасыз ететін басқа да іс-шараларды жүргізуге міндетті (ҚР СК 112-бабы).

Есептеу әдісімен табиғи су объектілеріне төгілетін ластаушы заттардың нормативтері анықталады. Қоршаған ортаға эмиссия-лардың нормативтерін айқындау әдістемесі Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылдың 21 мамырындағы бұйрығы-мен ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес белгіленген.

Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі.

1. Ормандардың құқықтық режимі.
2. Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.
3. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау.

Ұсынылатын әдебиеттер:

ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.

ҚР Су кодексі. 2003 ж. 9 шілде.

ҚР Орман кодексі. 2003 ж. 8 шілде.

Атмосфералық ауаға зиянды әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар.

Шаруашылық және өзге де қызмет түрлері атмосфералық ауаның ахуалына едәуір әсер ете алатындықтан ҚР Экологиялық кодексінде шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын талаптарды ұстанбаған жағдайда атмосфералық ауаға зиянды әсер ететін негізгі экологиялық талаптарға тоқталайық.

Яғни, кәсіпорындарды, ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіп объектілерін жобалау кезінде:

1. қоршаған орта сапа нормативтерінің сақталуы;
2. қауіпті қалдықтардың залалсыздандырылуы және кәдеге жаратылуы;
3. қалдығы аз және қалдықсыз технологиялардың пайдаланылуы;
4. қоршаған ортаны ластаудың алдын алудың тиімді шараларының қолданылуы көзделуі тиіс.

Атмосфералық ауаны қорғау мақсатында қауіпті қалдықтарды, шығарындыларды, төгінділерді залалсыздандыру және кәдеге жарату жөніндегі қоршаған ортаны қорғау нормативтерін қамтамасыз ететін жабдықтарды орнатпай кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді пайдалануға беруге тыйым салынады.

Экологиялық талаптардың, нормалардың, нұсқаулықтар мен ережелердің бұзылуын немесе адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін қатерді, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану мүмкіндігін анықтаған жұмысшы туындаған жағдайды жою немесе оқшаулау жөніндегі шамасы жететін барлық әрекеттерді дереу қабылдауға және ол туралы диспетчерге немесе басшылыққа хабарлауға міндетті.

Табиғат пайдаланушы қоршаған ортаға ластаушы заттар шығарылған авариялар туралы ол анықталған кезден бастап екі сағат ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға хабарлауға міндетті.

Кәсіпорындар, құрылыстар және өзге де объектілер орналастырылатын жерді айқындау қоршаған ортаны қорғаудың шарттары мен ережелері сақтала отырып, аталған объектілер қызметінің экологиялық салдарлары ескеріліп жүргізіледі.

Кәсіпорындарды, құрылыстарды және өзге де объектілерді орналастыру кезінде күзет, санитарлық-қорғау және басқа да қорғау аймақтары белгіленеді.

Өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс объектілерін, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және мелиорациялау объектілерін пайдалану белгіленген экологиялық талаптар ескеріліп және экологиялық тұрғыдан негізделген технологиялар, қоршаған ортаның ластануын болдырмайтын қажетті тазарту құрылыстары мен санитарлық күзет аймақтары пайдаланыла отырып жүзеге асырылуға тиіс. Аталған объектілерді пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін аз қалдықты және қалдықсыз технологиялар енгізілуге тиіс.

Қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін автомобиль және өзге де көлік құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар жол берілетін шығарындылар нормативтерін сақтауға, шуыл деңгейін және қоршаған ортаға өзге де теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды қабылдауға міндетті.

Жылу электр станцияларының іргелес аумақтың ауа бассейнінің жай-күйіне зиянды әсерін шектеу мақсатында оларды орналастырудың алдында жобаның құрамында әрбір энергетика ұйымы (және оның әрбір ластаушы көзі) үшін жылу электр станциясының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бақылау көрсеткіштері (секундына грамм есебімен) және жылдық нормативтер (жылына тонна есебімен) белгілеу арқылы қоршаған ортаға эмиссияларды нормалау жүргізіледі.

Атмосфералық ауаны қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **2007 жылы 27-маусымда қабылдаған қаулысында шаруашылық және өзге де қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізімі бекітілді. Бұл тізімге өндірістік объектілерді санитарлық классификациялауға сәйкес қауіптілігі жағынан 1-2 класқа жататын зиянды (ластаушы) қалдықтарды атмосфераға шығаратын өндірістік процестермен өтетін қызмет енгізілген.**

Озон қабатын қорғау мақсатында 1985 жылы Венада, қолдаған елдердің міндеттемелері халықаралық келісімде реттелген озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы деген атауға ие болған тұжырымдама жарияланды.

1987 жылы, яғни Конвенция Монреаль протоколымен (хаттамасымен) толыққан кезде екінші қадам жасалды. Бұл келісім бойынша ең көп пайдаланылатын бес хлорфторкөміртекті өндіріс деңгейінде тоқтатып, ал 1988 жылға қарай олардың өндірісін 50% дейін қысқарту көзделген еді. Монреаль протоколы 1993 жылдың 1 қаңтарынан бастап онда көрсетілген заттарды оның Тараптарына жатпайтын мемлекеттерге экспорттауға тыйым салады. Қазақстан Монреаль протоколында көрсетілген заттарды өндірмейді, тек тұтынады. Қазақстан Республикасы 1997 жылы 30 қазанда жердің озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы мен жердің озон қабатын тоздырушы заттар жөнінде Монреаль протоколына қосылу туралы заңдар қабылдады. Конвенцияда озон қабатына теріс әсер ететін заттардың тізімі анықталып, мемлекеттермен өзара осын-дай заттарды өндіру мен пайдалану және жасалып жатқан іс-шаралар жөнінде ақпарат алмасу туралы шешім қабылданған. Тұңғыш рет озон қабаты өзгеруінің адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізер үлкен зияны және озонды қорғау мәселелері бойынша халықаралық байланыстың қажеттілігі жайында ресми мәлімделді. Монреаль протоколына сәйкес, ғалымдардың Жердің озон қабатына ең көп зиян тигізеді деп санайтын фреон мен хлорфторкөміртекті өндіру мен пайдалануға бақылау орнатылуы тиіс.

ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 18 маусымдағы қаулысымен озонды бұзатын және құрамында олардың өнімдері бар заттарды импорттау, экспорттау, озонды тоздырушы заттарды пайдалана отырып жүргізілетін жұмыстар мен құрамында озонды бұзатын заттар

бар жабдықтарды жөндеу, монтаждау, оларға қызмет көрсетуге рұқсат беру тәртіптері айқындалды.

Атмосфералық ауаны қорғау 1992 жылғы 14 маусымдағы БҰҰ климаттың өзгеруі туралы Конвенциясын қабылдауымен де байланысты. Қазақстан Конвенцияны 1995 жылдың 17 мамырында ратификациялады. Осы Рамкалық Конвенцияға 1997 жылдың 11 желтоқсанында Киоттық протокол қабылданды, Қазақстан 1999 жылы 12 наурызда ҚР Президенті Қаулысымен осы протоколға қосылды

Климатты және Жердің озон қабатын қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган парниктік газдар шығарындылары көздерінің жекелеген түрлері үшін пар-никтік газдардың шекті жол берілетін шығарындыларын белгілейді.

Қалалық және өзге де қоныстарды салу кезінде шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалану парниктік газдар шығарындыларының азайтылуы және оларды сіңіргіштердің абсорбциялау деңгейінің сақталуы ескеріле отырып жүзеге асырылуға тиіс (ҚР ЭК 313-314-баптары).

ҚР Экологиялық кодексіне сәйкес, мұнай операцияларының барлық сатысында қоршаған ортаға эмиссия олар үшін белгіленген ластаушы заттардың шығарындылары мен төгінділеріне жол берілетін шекті нормативтерінен аспауға тиіс.

Жылу электр стансаларының пештерінде түрлі отын түрін жағу кезіндегі қоршаған ортаға эмиссияларға қойылатын талаптардың техникалық регламенті ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 14 желтоқсандағы қаулысымен бекітілген. Бұған сәйкес, атмосфералық ауаға пештерден эмиссиялардың техникалық меншікті нормативі бекітіліп, бөлек және араластыру арқылы қатты, сұйық және газ сынды отын пайдаланатын, жұмыс істейтін, қайтадан қосылған және жаңғыртылған пеш құрылғыларынан атмосфераға күкірт оксиді мен азоттың қатты түйіршіктерінің шекті мәні белгіленеді. Қазақстан Республикасы аумағында қолданыста жүретін автокөліктерден бөлінетін зиянды (ластаушы) қалдықтарға қойылатын техникалық регламент ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 29 желтоқсан-дағы қаулысымен бекітілген. Регламенте шығарындылардың шекті нормативтеріне, атмосфераға шығарындылардың автотранспорттық құралмен жасалған жұмыстың немесе қозғалыстың бірлігіне шекті жол берілетін көлемін бейнелейтін, автотранспорттық құралдарға қатысты белгіленетін шығарындылардың нормативтері ретінде анықтама берілген. Сондай-ақ, автокөліктер пайдаланатын жанармай мен атмосфераға бөлінетін зиянды (ластаушы) -заттарға қатысты экологиялық сипаттарға да талаптар қойылады.

Эмиссиялар нормативтерін есептеу арқылы айқындау әдістемесін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітеді. **ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2007 жылдың 21 мамырындағы бұйрығымен қоршаған ортаға эмиссиялар нормативтерін айқындау әдістемесі бекітілген.**

Атмосфераға парниктік газдар шығарындыларының көздері бар және озонды бұзатын заттарды тұтынуды жүзеге асыратын заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға тиіс. Парниктік газдардың мемлекеттік кадастрының деректері ашық болып табылады және жариялануға жатады (ҚР ЭК 317-бап).

Ормандардың құқықтық режимі.

1. Орманның экологиялық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде ұғымы
2. Орман қатынастарын, қағидаларын реттейтін заңдар
3. Орман құқығы қатынастарының объектілері

Қазақстан Республикасының орман заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және 2003 жылғы 9 шілдеде қабылданған ҚР Орман кодексі мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Ормандарды және өзге де өсімдіктерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалануды жүзеге асырған кезде орман пайдаланушылар:

- жұмысты топырақ эрозиясының пайда болуына жол бермейтін, ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына, сондай-ақ су және басқа да табиғи объектілердің жай-күйіне теріс әсерді болдырмайтын немесе оны шектейтін және жануарлар дүниесі мен олардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ететін тәсілдермен жүргізуге;
- ағаш сүрегін дайындаған кезде мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобаларда көзделген техника мен технологияны пайдалана отырып, ормандарды табиғи түрде молықтыру үшін оңтайлы жағдайларды сақтау жөніндегі талаптарды ұстануға;
- ағашы кесілетін жерлерде оны дайындау мен тасып әкетудің белгіленген мерзімі аяқталған соң кесілмеген және дайындалған ағаш сүректерін қалдырмауға;
- ағаш сүрегін дайындаумен бір мезгілде кеспеағаш аймағын кесілген ағаштардың қалдықтарынан тазартуды жүргізуге;
- мемлекеттік орман қорының орман пайдалануға бөлінген учаскелерінде ағаштың заңсыз кесілуіне және Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын өзгедей бұзуға жол бермеуге;
- мемлекеттік орман қоры учаскелерінде басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кескен кезде, орман орналастыру жобасына сәйкес, орманды қайта жаңартуды қоса алғанда, ағашы кесілген алаңның екі еселенген мөлшерінен астам алаңға ағаш отырғызуды жүзеге асыруға;
- ағашы кесілген жерлерде және өздерінің қызметі нәтижесінде өскіндері жойылған, ағаш пен бұта өсімдіктері құрып кеткен алаңдарда ормандарды молықтыруды өз есебінен жүзеге асыруға;
- ормандардың санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету мен жақсарту жөніндегі ережелерді сақтауға;
- ұзақ мерзімді орман пайдалану кезінде мемлекеттік орман қоры учаскелерін орман зиянкестері мен ауруларынан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;
- мемлекеттік орман иеленушілерді мемлекеттік орман қорының орман пайдалану үшін оларға бөліп берген учаскелерінде орман зиянкестері мен ауруларының пайда болғаны туралы хабардар етуге;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық органдарына облыстардың (республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына және мемлекеттік статистика органдарына орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингін жүргізу, орман пайдалану төлемақысының мөлшерін анықтау үшін қажетті ақпаратты беріп тұруға міндетті.
- Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман шаруашылығын жүргізу ағаш кесудің ғылыми негізделген жүйесін іске асыру, ормандарды молықтыру, басқа да орман шаруашылығы іс-шараларын өткізу нәтижесінде жүзеге асатын - ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандардың ресурстық және экологиялық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды орман мекемелері мен орман

пайдаланушылар орман орналастыру жобаларына сәйкес жүргізеді. Ормандарды молықтыру мақсаты орманды уақытында қалпына келтіру, мемлекеттік орман қоры жерлерінің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ормандарды молықтыру жөніндегі іс-шаралар экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау арқылы жүргізілуі тиіс.

Мемлекеттік орман қорында ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі жұмыстар көлемі мемлекеттік экологиялық сараптамадан өткен жобалармен айқындалады.

Қалалардың шекарасы шегінде орналасқан ормандар (қала ормандары мен орманды саябақтар) халықтың тынығуына, мәдени-сауықтыру және спорт шараларын өткізуге, сондай-ақ қоршаған ортаны сақтауға арналған. Қалалық ормандарда және орманды саябақтарда басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесуге және осы ормандардың мақсатымен сыйыспайтын орман пайдаланудың өзге де түрлерін жүзеге асыруға тыйым салынады.

Пайдалануына мемлекеттік орман қоры учаскелері берілген жер учаскелерінің меншік иелері немесе жер пайдаланушылар Қазақстан Республикасының Орман кодексінде көзделген тәртіппен оларда орман орналастыру жұмыстарын жүргізуге және орман қорының мемлекеттік есебін жүргізуге қатысуға міндетті.

Ағаш және бұта өсімдіктерінің жай-күйін, күзетілуін, қорғалуын, пайдаланылуы мен молықтырылуын бақылауды орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган жүзеге асырады.

Табиғи өсіп шығатын ормандарды сыртқы қолайсыз әсерлерден қорғау үшін басқа меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың жер учаскелері арасында орналасқан мемлекеттік орман қоры учаскелерінің шекарасын бойлай ені жиырма метр болатын күзет аймақтары белгіленеді.

Күзет аймағы шегінде мемлекеттік орман қоры учаскесінің жай-күйіне кері әсер ететін кез-келген қызметке тыйым салынады.

Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулерге орналасқан қорғаныштық екпелер осы объектілерді қолайсыз табиғи құбылыстардан қорғауға, қоршаған ортаның ластануын болдырмауға, шудың әсерін азайтуға арналған.

Темір жолдарға, автомобиль жолдарына, каналдарға, магистральдық құбырларға және басқа да желілік құрылыстарға бөліп берілген белдеулердегі қорғаныштық екпелерде, қорғаныштық жобалар жасауға сәйкес орманды күтіп-баптау үшін кесуге, санитарлық кесуге, бағалылығы төмен екпелерді, сондай-ақ қорғаныштық, су сақтау және басқа да функцияларын жоғалта бастаған екпелерді реконструкциялауға байланысты кесуге және өзге де мақсаттарда кесуге жол беріледі.

Ормандардың жай-күйі мен молықтырылуына әсер ететін объектілер салынатын орындар мемлекеттік экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық сараптама міндетті түрде жүргізіле отырып, уәкілетті органмен келісіледі.

Мемлекеттік орман қорында құрылыс жұмыстарын жүргізу, кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру, коммуникациялар тарту және орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануға байланысты емес өзге де жұмыстарды орындау, егер бұл шешім мемлекеттік орман қорының жерін басқа санаттарға ауыстыру және (немесе) оларды алып қою қажет болмаса, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда уәкілетті органның келісімі бойынша облыстық атқарушы органның шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Облыстық атқарушы органның шешімінде жүргізілетін жұмыстардың атауы, оларды орындаудың мерзімдері мен шарттары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптар көрсетіледі (ҚР ОК 54-бабы).

Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі.

1. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау
2. Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері
3. Жануарлар дүниесін қорғау туралы экологиялық талаптар

ҚР Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі заңнамасы табиғи еркін жағдайда мекендейтін жануарлар дүниесі объектілерін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қатынастарды реттейді.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалануды қамтамасыз ету үшін жануарлар дүниесі түрлерінің жай-күйі мен географиялық таралуы, олардың саны, тұрақты жүргізілетін бақылаулардың нәтижелері, оларды шаруашылық мақсатта пайдаланудың көлемі сияқты басқа да қажетті мәліметтердің жиынтығын қамтитын мемлекеттік есептеу, кадастр және жануарлар дүниесінің мониторингі жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түріне - жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілігінің өнімдерін тіршілік ету ортасынан алып пайдалану жатады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға - жануарлар дүниесі объектілері мен олардың пайдалы қасиеттерін табиғи ортадан алып қоймай пайдалану жатады. Жануарлар тіршілігінің пайдалы қасиеттерін, сондай-ақ жануарлар дүниесі объектілерін ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік, эстетикалық және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа мақсаттарда пайдалану жануарлар дүниесін жалпы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі: аңшылық; балық аулау, бұған омыртқасыз су жануарлары мен су сүтқоректілерін аулау да кіреді; аңшылық және балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатта пайдалану;

жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсатта пайдалану;

жануарлардың пайдалы қасиеттері мен олардың тіршілік өнімдерін пайдалану.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға мынадай мерзімдер бөлінеді:

аңшылық және (немесе) балық аулау шаруашылығы үшін -биологиялық-экономикалық зерттеулердің, аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарын (учаскелерін) бекітіп беру конкурсына қатысушыларға қойылатын санаттық талаптардың, аңшылық және балық аулау шаруашылығын дамыту жоспарларының негізінде конкурстық комиссия белгілеген аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының (учаске-лерін) бекітілген мерзіміне байланысты тоғыз жылдан қырық тоғызжылғадейін;

қалған түрлеріне - бір жылдан артық емес.

Кәсіпорындар, құрылыстар мен басқа да объектілер орналастырылатын орын, сондай-ақ жануарлар дүниесінің жай-күйіне әсер ететін және әсер етуі мүмкін жаңа техниканы, технологияны, материалдар мен заттарды енгізу жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану және қоршаған ортаны қорғау саласын-дағы уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіледі.

Қамыстарды шабу мен құрғақ өсімдіктерді немесе оның қалдықтарын өртеуге жабайы фаунаның сақталуы жөніндегі іс-шаралар әзірлене отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен өртке қарсы күрес қызметі органдарының тиісті рұқсаттарына сәйкес шаруашылыққа қажетті жағдайда ғана жол беріледі.

Семинарлық сабақтар жоспары

тақырыптар	Сабақ мазмұны	Әдебиет Н (негізгі), Қ (қосымша)
Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.	<p>5.Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.</p> <p>6.Экологиялық құқықтың әдістері.</p> <p>7.Экологиялық құқықтың қағидалары.</p> <p>8.Экологиялық құқықтың жүйесі.</p> <p>5. Экологиялық құқықтың басқа құқық салаларымен байланысы және арақатынасы.</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері	<p>5. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің түсінігі.</p> <p>6. Экологиялық құқықтың қайнар көздерінің топтастыру мәселелері.</p> <p>7. ҚР Конституциясы экологиялық құқықтың негізгі қайнар көзі ретінде.</p> <p>8. Заңдар және заңға негізделген актілер экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.</p> <p>5. Халықаралық экологиялық құқықтық актілер экологиялық құқықтың қайнар көзі ретінде.</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Табиғат объектілеріне меншік құқығы	<p>1. Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік құқығының түсінігі және жалпы сипаттамасы</p> <p>2. Құқықтық қорғау объектілері мен мемлекеттік меншік құқығының арақатынасы</p> <p>3. Табиғи ресурстарға меншік құқығының мазмұны</p>	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p>
Табиғатты пайдалану құқығы	<p>1. Табиғат пайдалану құқығының түсінігі. Табиғат пайдалану құқығының қағидалары және негізгі белгілері.</p> <p>2. Табиғат пайдалану құқығының түрлері, объектілері және субъектілері.</p> <p>3. Табиғатты жалпы және арнайы пайдалану. Табиғат пайдалану құқығының мазмұны.</p> <p>4. Табиғат пайдалану құқығының пайда</p>	<p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p>

	болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.	
Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары	<p>6. Экология саласындағы мемлекеттік басқарудың түсінігі мен нысандары.</p> <p>7. Экология саласындағы мемлекеттік басқару органдарының жүйесі: жалпы құзыретті және арнайы құзыретті мемлекеттік органдар.</p> <p>8. Экологиялық сараптаманың түсінігі мен жүргізу тәртібі.</p> <p>9. Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мониторингі.</p> <p>10. Табиғи ресурстардың мемлекеттік кадастрлары.</p> <p>6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы бақылау</p>	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001
Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері	<p>6. Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің түсінігі.</p> <p>7. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық әдістері.</p> <p>8. Қоршаған ортаны қорғауды экономикалық жағынан ынталандыру.</p> <p>9. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды жоспарлау мен қаржыландыру.</p> <p>10. Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін ақы төлеу және басқа да экологиялық төлемдер мен салықтар.</p> <p>6. Экологиялық сақтандырудың құқықтық жағдайы</p>	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001
Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік	<p>6. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін жауапкершіліктің түсінігі.</p> <p>7. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі мен құрамы.</p> <p>8. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік.</p> <p>9. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік.</p> <p>10. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілік.</p> <p>6. Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілік.</p>	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001
Ерекше бөлім Жердің құқықтық режимі	<p>1. Жердің құқықтық қоғау мен қоршаған ортаның объектісі ретінде ұғымы</p> <p>2. Жер қорғау қағидалары және жер қорғаудың мақсаттары мен міндеттерінің</p>	Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.

	<p>ұғымы</p> <p>3. Жерді пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар</p>	<p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В.</p> <p>Экологическое право.- М., 2001</p>
Жер қойнауының құқықтық режимі	<p>1. Жер қойнауы туралы түсінік, жер қойнауы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнаманың міндеттері, қағидалары</p> <p>2. Жер қойнауы мен қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерттеу мен пайдалану</p> <p>3. Жер қойнауын пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар</p> <p>4. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезіндегі экологиялық талаптар</p>	<p>Байдельдинов Д.Л.</p> <p>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В.</p> <p>Экологическое право.- М., 2001</p>
Судың құқықтық режимі	<p>1. Суды пайдалану кезіндегі экологиялық талаптар</p> <p>2. Суды пайдалану құқығы және оның түрлері</p> <p>3. Су қорын пайдалану мен қорғауды реттеудің экономикалық тетігі</p>	<p>Байдельдинов Д.Л.</p> <p>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В.</p> <p>Экологическое право.- М., 2001</p>
Ормандардың құқықтық режимі	<p>1. Орманның экологиялық-құқықтық қорғаудың объектісі ретінде ұғымы</p> <p>2. Орман қатынастарын, қағидаларын реттейтін заңдар</p> <p>3. Орман құқығы қатынастарының объектілері</p>	<p>Байдельдинов Д.Л.</p> <p>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В.</p> <p>Экологическое право.- М., 2001</p>
Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі	<p>1. Жануарлар дүниесін құқықтық қорғау</p> <p>2. Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері</p> <p>3. Жануарлар дүниесін қорғау туралы экологиялық талаптар</p>	<p>Байдельдинов Д.Л.</p> <p>Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005.</p> <p>ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж.</p> <p>Боголюбов В.В.</p> <p>Экологическое право.- М., 2001</p>

Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Атмосфералық ауа қоршаған ортаның негізгі құрамы және құқықтық қорғаудың объектісі болып табылады 2. Экологиялық нормалау және қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтері 3. Атмосфералық ауаға зиянды әсер ететін шығарындылар көздерінің есебі 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ұғымы мен қағидалары 2. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың санаттары мен түрлері 3. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күзету мен қорғау 4. Мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілері 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>
Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	<ol style="list-style-type: none"> 1. Халықаралық экологиялық құқықтың ұғымы және пәні 2. Халықаралық экологиялық құқықтың қағидалары 3. Халықаралық экологиялық ұйымдар 4. БҰҰ жүйесінен тыс үкіметаралық өңірлік ұйымдар 	<p>Байдельдинов Д.Л. Қазақстан Республикасының экологиялық құқығы.- Алматы, 2005. ҚР Экологиялық кодексі. 09.01.2007 ж. Боголюбов В.В. Экологическое право.- М., 2001</p>

СОӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

№№ п.п.	СОӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Жүргізу түрі	Сағат саны
1 тақырып	Экологиялық құқықтың түсінігі мен пәні.	Ауызша	2
2 тақырып	Экологиялық құқықтың тарихы және қайнар көздері	Ауызша	2
3 тақырып	Табиғат объектілеріне меншік құқығы	Ғылыми пікір-талас	2
4 тақырып	Табиғатты пайдалану құқығы	Ғылыми пікір-талас	2

5 тақырып	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқарудың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары	Ғылыми пікір-талас	2
6 тақырып	Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігінің құқықтық негіздері	Ғылыми пікір-талас	2
7 тақырып	Экологиялық заңдарды бұзғаны үшін құқықтық жауапкершілік	Ғылыми пікір-талас	2
8 тақырып	Жердің құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
9 тақырып	Жер қойнауының құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
10 тақырып	Судың құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
11 тақырып	Ормандардың құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
12 тақырып	Жануарлар дүниесін пайдалану мен қорғаудың құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
13 тақырып	Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау	Ғылыми пікір-талас	2
14 тақырып	Ерекше қорғалатын табиғи объектілердің құқықтық режимі	Ғылыми пікір-талас	2
15 тақырып	Қоршаған ортаны халықаралық-құқықтық қорғау	Ғылыми пікір-талас	2

СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

№№ п.п.	СӨЖ тақырыптардың аттары және тапсырмаларының мазмұны	Бақылау формасы	Сағат саны
1 тақырып	Табиғат пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы жоспарлау, бағдарламалау және стандарттау мәселелері.	Ауызша	5
2 тақырып	Экологиялық нормалары және қоршаған ортаға әсердің жол беруге болатын шекті нормативтері.	Ауызша	5
3 тақырып	Экологиялық мониторингті жүзеге асырудың тәртібі.	Ауызша	5

4 тақырып	Экологиялық сараптама: мақсаттары, міндеттері, түрлері.	Ауызша	5
5 тақырып	Табиғи ресурстардың мемлекеттік есебі мен мемлекеттік кадастрлары.	Ауызша	5
6 тақырып	Экологиялық бақылаудың түрлері мен міндеттері	Ауызша	5

Экологиялық құқығы пәні бойынша аралық бақылау сұрақтары.

1-ші аралық бақылау тапсырмасы (7 апта)

1. Экологиялық құқығының пәні және түсінігі.
2. Экологиялық құқығының әдістері және қағидалары.
3. Экологиялық құқығының жүйесі.
4. Экологиялық құқықтық қатынастардың түсінігі мен мазмұны.
5. Экологиялық құқықтық қатынастардың түрлері.
6. Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері.
7. Экологиялық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтату негіздері.
8. Экологиялық заңдардың негізгі даму кезеңдері.
9. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдардың жүйесі.
10. Экологиялық құқығының қайнар көздерінің түсінігі және классификациялау.

2-ші аралық бақылау тапсырмасы (14 апта)

1. Қоршаған ортаны қорғауға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерінің қатынасуын құқықтық қамтамасыз ету.
2. Табиғи ресурстардың құқықтық класификациясы.
3. Табиғи ресурстарға меншік құқығының түсінігі мен мазмұны.
4. Табиғи объектілеріне меншік құқығының субъектілері мен объектілері.
5. Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік және жеке меншік құқығының мазмұны.
6. Табиғат объектілеріне жеке меншік құқығының пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.
7. Табиғатты пайдалану құқығының түсінігі.
8. Табиғатты пайдалану құқығының түрлері.
9. Табиғатты пайдалану құқығының субъектілері мен объектілері.
10. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.

5. Экологиялық құқық курсы бойынша емтихан сұрақтары

1. Экологиялық құқығының пәні және түсінігі.
2. Экологиялық құқығының әдістері және қағидалары.
3. Экологиялық құқығының жүйесі.
4. Экологиялық құқықтық қатынастардың түсінігі мен мазмұны.
5. Экологиялық құқықтық қатынастардың түрлері.
6. Экологиялық құқықтық қатынастардың субъектілері мен объектілері.
7. Экологиялық құқықтық қатынастардың пайда болу, өзгеру және тоқтату негіздері.
8. Экологиялық заңдардың негізгі даму кезеңдері.
9. Қазақстан Республикасының экологиялық заңдардың жүйесі.
10. Экологиялық құқығының қайнар көздерінің түсінігі және классификациялау.
11. Қазақстан Республикасының Конституция – экологиялық құқығының қайнар көзі ретінде.
12. Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің жалпы сипаттамасы.

13. Қоршаған ортаны қорғауға азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерінің қатынасуын құқықтық қамтамасыз ету.
14. Табиғи ресурстардың құқықтық класификациясы.
15. Табиғи ресурстарға меншік құқығының түсінігі мен мазмұны.
16. Табиғи объектілеріне меншік құқығының субъектілері мен объектілері.
17. Табиғат объектілеріне мемлекеттік меншік және жеке меншік құқығының мазмұны.
18. Табиғат объектілеріне жеке меншік құқығының пайда болу, өзгеру және тоқтатылу негіздері.
19. Табиғатты пайдалану құқығының түсінігі.
20. Табиғатты пайдалану құқығының түрлері.
21. Табиғатты пайдалану құқығының субъектілері мен объектілері.
22. Табиғат пайдалану құқығының пайда болу, өзгертілу және тоқтатылу негіздері.
23. Табиғат пайдалану шарттардың мазмұны.
24. Табиғат пайдаланушылардың негізгі құқықтары мен міндеттері.
25. Экологиялық төлемдердің түсінігі мен түрлері.
26. Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігі.
27. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің түсінігі мен жаплы сипаттамасы.
28. Экологиялық қауіпсіздікті сақтаудың құқықтық нормалары.
29. Қоршаған ортаның сапасын нормалаудың міндеттері мен талаптары.
30. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы стандарттау мен сертификаттау.
31. Төтенше экологиялық аймақтардың құқықтық режимі.
32. Қоршаған табиғи ортаны мемлекеттік басқару органдардың жүйесі.
33. Қазақстан Республикасының экология саласындағы Үкіметінің құзыреті.
34. Экология саласындағы арнайы құзіретті органдардың өкілеттіктері. Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің құзыреті.
35. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреті.
36. Экология саласындағы мемлекеттік басқару органдардың ролі және маңызы.
37. Экологиялық басқару функцияларының түсінігі және нысандары.
38. Қоршаған ортаның сапасы нормативтерінің жалпы сипаттамасы.
39. Экологиялық сараптаманың жалпы сипаттамасы.
40. Экологиялық мониторингті құқықтық реттеу.
41. Экологиялық кадастрлардың түсінігі мен түрлері.
42. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау.
43. Экологиялық аудитті құқықтық реттеу.
44. Экологиялық құқық бұзушылықтың түсінігі.
45. Экологиялық қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік.
46. Экологиялық құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауапкершілік.
47. Экологиялық құқық бұзушылық үшін тәртіптік жауапкершілік.
48. Қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру.
49. Экологиялық құқық бұзушылық үшін таксалық жауапкершілік.
50. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дауларды шешу тәртібі.
51. Табиғатты қорғау істері бойынша сот тәжірибесінің маңыздылығы.
52. Табиғатты қорғауда прокуратура органдарының қатысуы.
53. Жер кодекстің жалпы сипаттамасы.
54. Жердің құқықтық режимі және оны қорғау.
55. Жерді пайдалану құқығы.
56. Жер туралы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік.
57. ҚР Президентінің «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану» туралы Жарлығының жалпы сипаттамасы.
58. Жер қойнауының құқықтық режимі.
59. Жер қойнауларын пайдалану саласындағы басқару органдары.

60. Жер қойнауларын пайдалану құқығы.

ҚР Экологиялық құқық пәні бойынша тест тапсырмалары

ҚР-ны Су кодексі қашан қабылданған?

- A) 9 шілде 2003 ж.
- B) 19 мамыр 1992 ж.
- C) 29 сәуір 1994 ж.
- D) 6 қыркүйек 1992 ж.
- E) 14 мамыр 1994 ж.

Адамның тұрмыстық және өндірістік қызметіне пайдалануынан қалған су -

- A) ауызсу
- B) тұрмыстық қалдықтар
- C) қалдық су мен ақаба су
- D) өнеркәсіптік сулар
- E) коммуналдық сулар

Суға меншік құқығын кім иеленген?

- A) су ресурстарын мемлекеттік қорғау органдары
- B) жеке тұлғалар
- C) заңды тұлғалар
- D) мемлекет
- E) қоршаған ортаны қорғау министрлігі

Су қоры мыналардан құрылады:

- A) минералды және ауызсуды қайнар көздері
- B) жер бетіндегі сулар
- C) ауызсу көздері
- D) жер бетіндегі сулар мен тұнбалар
- E) жер асты мен жер бетіндегі су ресурстары, территориялық сулар және мұздықтар

Судағы өзгерістерді дер кезінде анықтап, зиянды құбылыстарды болдырмау және жою үшін судын жай-күйіне агроғарыштық және жер бетінде бақылау жасау - бұл:

- A) кадастр
- B) мониторинг
- C) су құрылғысы
- D) суды кешенді пайдалану схемалары
- E) су шаруашылық баланстары

Ұзақ мерзімді су пайдалану мерзімі?

- A) 6 жылдан 36 жылға дейін
- B) 10 жылдан 69 жылға дейін
- C) 3 жылдан 25 жылға дейін
- D) 5 жылдан 49 жылға дейін
- E) 5 жылдан 99 жылға дейін

Су дауларын кім шешеді?

- A) үкімет
- B) облыстық атқару органы
- C) аудандық атқару органы
- D) су ресурстарын басқару комитеті
- E) сот

Атмосфералық ауаға меншік құқығы кімге тиесілі?

- A) қоршаған ортаны қорғау министрлігіне
- B) мемлекетке
- C) кез-келген азаматқа
- D) Біріккен ұлттар ұйымына
- E) ешкімге

Қандай ауа объектісі экологиялық құқықпен қорғалады?

- A) ғимараттағы ауа
- B) қоршаған табиғи ортадан бөлінбеген, жердегі ауа қабығының бөлігі
- C) кислородты қапшықтардағы ауа
- D) баллонға сығымдалған ауа
- E) сыйымды ауа

Атмосфералық ауа жағдайына бақылау жасайтын орталық арнайы орган?

- A) Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет
- B) Казавиамет
- C) Гравиметриялық мамандандырылған кәсіпорын
- D) Казгидромет
- E) Азаматтық авиация министрлігі

Ұлттық (мемлекеттік) экологиялық бағдарламаларды бекітеді:

- A) ҚР Парламенті
- B) ҚР Үкіметі
- C) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- D) ҚР Ғылым Академиясы
- E) ҚР Президенті

Ұлттық (мемлекеттік) экологиялық бағдарламаны орындау мен ұйымдастыруы жүктеледі:

- A) облыстық әкімшіліктеріне
- B) ҚР Үкіметіне
- C) ҚР Парламентіне
- D) Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне
- E) ҚР Президентіне

Шаруашылық және басқа да қызметтерге қойылатын экологиялық талаптарды анықтайтын тәртібін бекітеді:

- A) жергілікті атқару билік органдары
- B) ҚР Парламенті
- C) ҚР Президенті
- D) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- E) ҚР Үкіметі

Міндетті экологиялық сақтандыруды жүргізудің тәртібі мен шарттарын бекітеді:

- A) Қаржы министрлігі
- B) ҚР Парламенті
- C) ҚР үкіметі
- D) Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- E) жергілікті өкілді билік органдары

Қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы кешенді орган болып табылады -

- A) Су ресурстары жөніндегі Комитет
- B) Жер ресурстарын басқару жөніндегі Агенттік

- C) Орман, балық және аң аулау шаруашылығы Комитет
- D) Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі
- E) Казгидромет

Қоршаған ортаны қорғау Министрлігі болып табылады -

- A) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы салалық орган
- B) қоршаған ортаны қорғау аясындағы жалпы құзыретті орган
- C) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы кешенді орган
- D) тірі табиғи объектілерді қорғайтын қоршаған ортаны қорғауды басқару органы
- E) жансыз табиғи объектілерді қорғайтын, қоршаған ортаны қорғауды басқару органы

Қалалық әкімшілік келесі болып табылады

- A) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы салалық орган
- B) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы кешенді орган
- C) қоршаған ортаны қорғауды аясындағы жалпы құзыретті орган
- D) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы функционалды орган
- E) қоршаған ортаны қорғауды басқарудағы мамандандырылған орган

Кешенді экологиялық қатынастар бұл:

- A) ерекше қорғалатын аумақтарды қорғау бойынша қатынастар
- B) жер қойнауын қорғау бойынша қатынастар
- C) атмосфералық ауаны қорғау бойынша қатынастар
- D) өсімдік әлемін қорғау бойынша қатынастар
- E) жануарлар әлемін қорғау бойынша қатынастар

Экологиялық құқықтық салалық нормаларына жатады -

- A) орман қорындағы жерлерді қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- B) қорықтыққорды қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- C) санитарлық-қорғаншылық аймақ жерлерін қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- D) әкімшілік құқықтың экологияландырылған нормалары
- E) табиғи ортаға келтірілген зиянды өтеу туралы нормалар

Экологиялық құқықтың кешенді нормаларына жатады -

- A) суларды қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- B) атмосфералық ауаны қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- C) жер қойнауын қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- D) табиғи қорықтық аймақтарды қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар
- E) ормандарды қорғау және пайдалану жөніндегі нормалар

Міндетті экологиялық сақтандырудың объектісі болып табылады -

- A) қоршаған ортаны ластағаны үшін мүлдіктік жауаптылық тәуекелділігі
- B) кез-келген өндірістік қызмет
- C) табиғи объектілерді пайдаланумен байланысты өндірістік қызмет
- D) үшінші тұлғаларға аяқ астынан, абайсызда келтірілген зиян
- E) экологиялық апатпен кәсіпорынға келтірілген шығын

Экологиялық бақылаудың объектісі ретінде болады -

- A) кәсіпорын табиғатты пайдаланушы
- B) субъектілердің табиғатты қорғау туралы заңнамаларды сақтауы
- C) кәсіпорын жер қойнауын пайдаланушы
- D) кәсіпорын суды пайдаланушы
- E) кәсіпорын орманды иеленуші

Құқық бұзушылық құралын тәркілеу - бұл:

- A) экологиялық бақылау қағидасы
- B) экологиялық бақылау жүйесі
- C) экологиялық бақылау объектісі
- D) экологиялық бақылау нысаны
- E) экологиялық бақылау әдісі

Қоршаған орта мониторингісіне кірмейді -

- A) табиғи объектілерді сан және сапа жағынан есепке алу
- B) қоршаған орта жай-күйін байқау
- C) қоршаған орта жай-күйін бағалау
- D) қоршаған ортаның өзгеруін болжамдау
- E) қоршаған ортадағы негативтік өзгерістердің алдын алу

ҚР-да экологиялық-сараптамалық қызметті үйлестіруді жүзеге асырады -

- A) қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- B) ҚР Үкіметі
- C) экологиялық сараптаманы жүргізуге мүдделі ҚР-ның министрліктері мен ведомстволары
- D) жергілікті өкілді органдары
- E) жергілікті атқару органдары

Ортақ табиғат пайдалануды шектеуге жол беріледі

- A) атқару органының шешімі бойынша
- B) егер бұл тікелей заңнамаларда көрсетілсе
- C) өкілді органның шешімі бойынша
- D) табиғат пайдаланушының тілегі бойынша
- E) қоршаған ортаны қорғау министрлігінің талап етуі бойынша

Ортақ табиғат пайдалану жүзеге асырылады -

- A) ақысыз, бірақ пайдалану құқығын рәсімдеумен
- B) ақысыз, пайдалану құқығын рәсімдеусіз
- C) ақылы, пайдалану құқығын рәсімдеусіз
- D) ақылы, бірақ пайдалану құқығын рәсімдеумен
- E) ақысыз, техникалық жабдықты қолданумен

Арнайы табиғат пайдалану жүзеге асырылады -

- A) рұқсат беретін құжаттарсыз
- B) рұқсат беретін құжаттар негізінде, ақысыз
- C) рұқсат беретін құжаттар негізінде, ақылы
- D) ақы үшін, бірақ рұқсат беруді рәсімдеусіз
- E) ақысыз және рұқсат беруді рәсімдеусіз

Кейінгі табиғат пайдалану мына негізде туындауы мүмкін -

- A) жергілікті атқару органының шешімі
- B) табиғат пайдалану құқығын сатып алу - сату шарты
- C) табиғат пайдалану құқығын алмастыру шарты
- D) бастапқы табиғат пайдаланушымен жасалған жалдау шарты
- E) табиғатты пайдалану құқығын мемлекет бергенде

Табиғи ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем мына түрде алынады -

- A) ластайтын заттарды тастағаны және шығарғаны үшін төлемдер
- B) жалпы мемлекеттік салықтар, жергілікті салықтар мен алымдар, табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлері үшін арнайы төлемдер мен салықтар, жалдау төлемдері түрінде
- C) өндіріс қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемдер
- D) табиғи ресурстарды қорғауға және молайтуға кеткен бюджеттік шығыстардың орнын толтыру түрінде
- E) айыппұл санкциялары түрінде

Қоршаған ортаны ластағандығы үшін төлем мына түрде алынады-

- A) табиғатты пайдалануды жекелеген түрлері үшін арнайы төлемдер және салықтар
- B) жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар
- C) ластайтын заттарды тастағаны және шығарғаны үшін өндіріс қалдықтарын орналастырғаны және пайдаланғаны үшін
- D) табиғи ресурстарды қорғау үшін бюджеттік шығыстарды орнын толтыру
- E) айыппұл санкциялары

Экологиялық құқығының жалпы біліміне келесідей институттар кіреді -

- A) қоршаған табиғи ортаның сапасын нормалау
- B) жерді пайдаланудың және қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі (тәртібі)
- C) жер қойнауын пайдаланудың және қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі (тәртібі)
- D) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық-құқықтық режимі (тәртібі)
- E) континентальды шельфті пайдаланудың және қорғаудың экологиялық-құқықтық режимі (тәртібі)

Экологиялық құқықтың ерекше бөліміне келесідей институттар кіреді -

- A) жануарлар дүниесін пайдаланудың және қорғаудың экологиялық құқықтық тәртібі (режимі)
- B) экологиялық бақылаудың ұйымдық-құқықтық нысандары
- C) лицензиялау және экологиялық сараптама
- D) қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетігі (механизмі)
- E) экологиялық мониторинг

Қандай орган аймақты экологиялық апат аймағы деп жариялайды?

- A) қоршаған ортаны қорғау министрлігі
- B) ҚР үкіметі
- C) ҚР Парламенті
- D) ҚР Президенті
- E) Төтенше жағдайлар жөніндегі комитет

Арал аймағының экологиялық мәртебесі қандай?

- A) экологиялық сәтті аудан
- B) экологиялық апат аймағы
- C) төтенше экологиялық ахуал аймағы
- D) экологиялық бейтарап аудан
- E) ерекше қорғалатын табиғат аймағы

Мониторинг дегеніміз не?

- A) табиғи ортаның жағдайына бақылаудың халықаралық жүйесі
- B) аймақтың табиғи ортасын қорғау бойынша халықаралық келісім
- C) табиғи ресурстардың санын бағалау
- D) табиғи ресурстардың сапасын бағалау

Е) барлық табиғат пайдаланушылардың заңнамаларды сақтайтындығына бақылау жүргізудің жүйесі

Табиғи ресурстар кадастры дегеніміз не?

А) табиғат объектісі туралы мәліметтердің жинағы

В) экологиялық заңның түрі

С) табиғи ресурстарды пайдалану құқығына құжат

Д) табиғатты пайдаланғандығы үшін белгіленетін салық бағамы

Е) экологиялық бақылаудың түрі

